

**ҚАЗАҚША-НЕМІСШЕ  
ЖӘНЕ НЕМІСШЕ-ҚАЗАҚША  
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛАР  
СӨЗДІГІ**

(Құрамдас туынды)



**KASACHISCH-DEUTSCHES  
UND DEUTSCH-KASACHISCHES  
HANDBUCH DER  
DIPLOMATIE**

(Zusammengestelltes Werk)



“ҚАЗЫҒҰРТ”  
Алматы  
2013

УДК 321 (038)  
ББК 66.4 я 2  
К 19

*«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша  
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың  
2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

*Zusammengestellt von A. Alshanow*



*Құрастырған Ә. Әлжанов*


**К 19 Қазақша-немісше және немісше-қазақша дипломатиялық анықтамалар сөздігі-Kasachisch-deutsches und deutsch-kasachisches handbuch der diplomatie** / Құраст.: Әділбек Әлжанов. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – 176 бет.

ISBN 978-9965-22-464-5

Назарларыңызға ұсынылып отырған «Қазақша-немісше және Немісше-қазақша дипломатиялық анықтамалар сөздігі» (құрамдас туынды) қоғам өмірінің маңызды салаларының бірі – елдің ішкі-сыртқы саясаты мен халықаралық дипломатиялық қатынастарды қамтитын және аталған тілдердегі ұғымдарды жинақтап, түсіндірмесі мен аудармасын берген Қазақстандағы алғашқы сөздіктердің бірі.

Автор жұмыс барысында осы саладағы түрлі әдебиетті, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын, дипломатиялық хат-хабар үлгілерін, сонымен қатар өзінің Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшілігінде жинаған тәжірибесін пайдаланған.

Туынды дипломатия саласындағы қызметкерлерге, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар факультеттерінде оқып жүрген студенттерге, магистранттар мен аспиранттарға, сондай-ақ сыртқы және ішкі саясатқа қызығушылық танытушы қауымға арналған.



Das vorliegende «Kasachisch-Deutsche und Deutsch-Kasachische Handbuch der Diplomatie» ist eines der Werke, welches die Begriffe umfasst, die in einem der wichtigsten Bereiche des gesellschaftlichen Lebens, und zwar in der Außen- und Innenpolitik des Landes, sowie in den internationalen diplomatischen Beziehungen verwendet werden, sie in den genannten Sprachen sammelt, deren Bedeutungen und Übersetzungen gibt.

In seiner Arbeit verwendet der Autor umfangreiche Literatur in diesem Bereich, Materialien der Presse, Muster der diplomatischen Korrespondenz, sowie seine eigene Erfahrung während der Arbeit in der Botschaft der Republik Kasachstan in der Bundesrepublik Deutschland.

Das Werk kann den diplomatischen Mitarbeitern, Studenten, Magistern und Doktoranten der Fachrichtung für Internationale Beziehungen an den Universitäten der Republik Kasachstan, sowie den Interessenten an der Außen- und Innenpolitik von Interesse sein.

УДК 321 (038)  
ББК 66.4 я 2

ISBN 978-9965-22-464-5

© Әлжанов Ә., 2013  
© «Қазығұрт» баспасы, 2013

# ҚАЗАҚША-НЕМІСШЕ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛАР СӨЗДІГІ

**АГГЛОМЕРАЦИЯ** – Бір қаланың қоршаған елді мекендерімен бірге алғандағы аумағын білдіреді. Франкфурттағы Майн (ГФР) қаласын алсақ, Бад Хомбург, Ханау және Оффенбах қалаларымен қоса осындай бір Агломерацияны білдіреді.

**AGGLOMERATION (A):** Ballungsraum; darunter versteht man ein Stadtgebiet mit seinen Umlandgemeinden. Im Fall von Frankfurt kann man z.B. das Rhein-Mainz-Gebiet (Inkl. Bad Homburg, Hanau, und Offenbach) als eine solche Agglomeration bezeichnen.

**АГРЕМАН** (фр. *agrement* – келісім) – қабылдаушы мемлекет үкіметінің белгілі бір адамды сенім білдіруші мемлекеттің дипломатиялық өкілі ретінде тіркеуге келісімі.

**AGREMENT, das** (fr. *agrement* – Einverständnis, Zustimmung) – Zusage der Regierung des Empfangstaates, eine bestimmte Person des Entsendestaates als diplomatischen Vertreter zu akkreditieren.

**АГРЕССИЯ** – бір елдің егемендігіне, жерінің біртұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бөтен елдің қарулы күштерінің қолданылуы.

**AGGRESSION, die** – militärischer Angriff eines Landes gegen die Souveränität, territoriale Integrität oder politische Unabhängigkeit eines anderen Landes.

**АДАМ ҚҰҚЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРҒЫ КОМИССАР** (U.N.High Commissioner for Human Rights), **UNCHR** – БҰҰ-ның арнайы органы. Мақсаты: БҰҰ жүйесінде және одан тыс жерде адамдар құқын қорғаудағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау, адам құқын бұзушылыққа байланысты бұқаралық шағымдарды қарастырып, адам құқының халықаралық стандарттары мен адам құқын қорғау бағытында жұмыс істеп жатқан мекемелерге жәрдем көрсету.

**HÖHER KOMMISSAR FÜR MENSCHENRECHTE, der** (U.N.High Commissioner for Human Rights), **UNCHR** – Spezialorgan der UNO. Aktivitäten: Förderung internationaler Zusammenarbeit innerhalb und außerhalb des UN-Systems zugunsten der Menschenrechte, öffentliche Anklage von Menschenrechtsverletzungen, Förderung von internationalen Menschenrechtsstandards und Organisationen, die sich dem Schutz der Menschenrechte verschrieben haben.

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ** – жеке тұлғаның мемлекеттегі құқылық мәртебесін сипаттайтын, адамның әлеуметтік, экономикалық, азаматтық, саяси, мәдени және де басқа құқықтары мен еркіндігінің жиынтығын білдіретін ұғым. Адам құқықтарын құрметтеу қағидасы БҰҰ Жарғысы мен басқа да халықаралық құжаттарда бекітіліп, өз дамуын тапқан.

**MENSCHENRECHTE Pl.** – Gesamtheit von sozialen, wirtschaftlichen, bürgerlichen, politischen, kulturellen u.a. Rechten und Freiheiten, die den

Rechtsstatus der Persönlichkeit im Staat bestimmt. Der Grundsatz der Achtung der Menschenrechte ist in der UNO-Charta festgelegt und hat seine Entwicklung auch in anderen völkerrechtlichen Dokumenten bekommen.

**АЗАМАТТЫҚ** – жеке тұлға мен мемлекет арасындағы олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын белгілейтін тұрақты саяси-құқықтық байланыс. Заң тілінде Азаматтық деп адамның бір мемлекетке мүшелігін де айтады.

**STAATSANGEHÖRIGKEIT, die** – feste politische und rechtliche Beziehungen einer natürlichen Person zum Staat, die in Gesamtheit ihrer gegenseitigen Rechte und Pflichten zum Ausdruck kommen. Als solche wird auch die Zugehörigkeit der Person zum Staat im juristischen Sinne bezeichnet.

**АЗИЯДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ МЕН СЕНІМ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС, АӨІҚШК** – кеңестің құрылуына БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992-ші жылғы 47-ші сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысы негіз болды. Мақсаттары: аймақтағы қауіпсіздік пен Азиядағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған Азияда қатердің алдын алу дипломатиясының пәрменді механизмін жасау. Ең басты мәселелері: аумақ туралы дауларды шешу; қарусыздану мен қару-жарақты бақылау саласында нақты жетістіктерге жету; есірткі мен жай қару-жарақтың заңсыз таралуына, лаңкестік пен халықаралық қылмыскерлікке қарсы күресті келісе отырып жүргізу; экологиялық мәселелерді біріге шешу; Азия елдерінің экономикалық дамуын қамтамасыз ету. Қазір АӨІҚШК-нің 16 мүше және 10 бақылаушы мемлекеттері бар. 2002-ші жылдың 4-ші маусымы күні Алматыда өткен Бірінші АӨІҚШК саммитінде осы ұйымның негізгі құжаттары – Алматы Акті, Лаңкестікке қарсы күрес пен Өркениеттер арасындағы диалог туралы Декларация қабылданды.

**KONFERENZ FÜR ZUSAMMENWIRKEN UND VERTRAUENS-BILDENDE MASSNAHMEN IN ASIEN, KZVMA** – initiiert durch den Präsidenten der Republik Kasachstan N.Nasarbajew in der 47.Sitzung der UNO-Vollversammlung 1992. Aufgaben: Schaffung eines effektiven Mechanismus der präventiven Diplomatie in Asien, der auf die Festigung der Sicherheit in der Region und der Zusammenarbeit in Asien gerichtet ist. Die wichtigsten Aufgaben: Beilegung territorialer Streitigkeiten; reale Erfolge bei der Abrüstung und Kontrolle über Waffen; Koordinierung von Maßnahmen im Kampf gegen die gesetzwidrige Verbreitung von Narkotika und konventionellen Waffen, gegen den Terrorismus und internationale Kriminalität; gemeinsame Lösung ökologischer Probleme; Gewährleistung des wirtschaftlichen Wachstums in asiatischen Ländern. Zur Zeit sind 16 Staaten Mitglieder der KZVMA und weitere 10-Beobachter. Am 4.Juni 2002 wurden beim ersten KZVMA-Gipfel in Almaty ihre grundlegenden Dokumente: der Almatyer Akt und die Deklaration über den Kampf gegen den Terrorismus und über den Dialog zwischen den Zivilisationen angenommen.

**АЗИЯ ЖӘНЕ ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (Asia-Pacific Economic Cooperation), АПЕК** – Азия және Тынық мұхиты аймағындағы 17 мемлекеттің 1989-шы жылы құрған ұйымы, штаб-пәтері Сингапур қаласында. Мақсаты: саудаттық байланыстарындағы кедергілерді жою. Өзінің екпінді экономикалық өсуінің нәтижесінде Азия және Тынық мұхиты елдері болашағы мол ХХІ ғасырдың негізгі нарық аймағы болып есептеледі.

**ASIATISCH-PAZIFISCHE WIRTSCHAFTLICHE ZUSAMMENARBEIT, (Asia-Pacific Economic Cooperation), АПЕК** – eine 1989 gegründete Organisation von 17 Staaten im asiatisch-pazifischen Raum mit Sitz in Singapur. Ziele: Abbau von Handelsbarrieren. Der asiatisch-pazifische Raum gilt mit seinem hohen Wirtschaftswachstum als Zukunftsmarkt des 21. Jahrhunderts.

**АЙМАҚТЫҚ КЕЛІСІМДЕР** – бір географиялық ауданда орналасқан мемлекеттердің осы аймақта ынтымақтастық орнату мақсатында жасасқан көптарпаптық халықаралық шарттары.

**REGIONALABKOMMEN, das** – multilaterale völkerrechtliche Verträge, deren Mitgliedstaaten aus einem geographischen Raum sind und die Ausweitung der Zusammenarbeit in dieser Region anstreben.

**АЙРЫҚША АУМАҚТЫҚ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ** – белгілі бір шектеулі аумақ пен кеңістіктің құқықтық мәртебесін және пайдалану ретін белгілейтін халықаралық-құқықтық тәртіп.

**BESONDERE TERRITORIALE BESTIMMUNGEN** – Völkerrechtsbestimmungen, die den Rechtsstatus und die Benutzungsordnung eines beschränkten Territoriums oder eines Raumes festlegen.

**АККЛАМАЦИЯ** (лат. Acclamatio – үн қату) – дауыс санау арқылы емес қатысушылардың әсерлері, үн беруі, қол соғуы не т.б. тәсілдермен шешім қабылдау тәсілі.

**AKKLAMATION, die** (lat. Acclamatio – Zuruf) – Beschlussfassung ohne Einzelabstimmung, sondern durch die Reaktion der Anwesenden, durch Zurufe, Repliken, Beifallklatschen u.a.

**АҚПАРАТ АГЕНТТІКТЕРІ** – өз тілшілерінің жүйесі бойынша немесе басқа да жолдармен алынған ақпараттарды жинап, ұлттық ақпарат жүйелері арқылы жаңалықтарды ел ішінде және шетелде таратумен шұғылданытын мемлекеттік, кооперативтік немесе коммерциялық ұйымдар.

**NACHRICHTENAGENTUREN, Pl.** – staatliche, kooperative oder kommerzielle Organisationen, die sich über ihr eigenes Korrespondentennetz mit der Informationssammlung befassen oder diese aus anderen Quellen bekommen und Nachrichten innerhalb des Landes sowie über nationale Systeme der Massenmedien ins Ausland senden.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ (АБТ)** – 1990-шы жылдардан бастап әлемде аса жоғары қарқынмен дамып келе жатқан салалардың бірі. Компьютер және ақпараттық техникамен байланыста АБТ жаңа нарықтарды игеріп, қоғамдық және жеке адамдарға қызмет ету салаларын қамтиды. Әлемдегі соңғы саяси оқиғалар (сайлаулар, төңкерістер т.т.) АБТ-ның адам санасы мен дүние танымына үлкен әсер ететінін, сондай-ақ оны кейбір күштер өз мақсатына пайдаланатынын көрсетеді. 2010 жылы әлемде ұялы телефон пайдаланушылардың саны 5,3 миллиард болды. Өндірісі дамыған елдерде пайдаланым деңгейі орташа алғанда 116 пайыз (Германияда 128). Дамып келе жатқан елдерде халықтың орташа алғанда 67 пайызының ғана ұялы телефоны бар.

Die **INFORMATIONEN – UND KOMMUNIKATIONSTECHNOLOGIEN (IKT)** gehören seit den 1990er Jahren zu den am schnellsten wachsenden Branchen weltweit. Mit der Verbindung von Computer – und Nachrichtentechnik erschloss sich die IKT-Branche neue Märkte und wuchs weltweit, sowohl im geschäftlichen als auch im privaten Bereich. Die letzten politischen Ereignisse in der Welt (Wahlen, Umwälzungen usw.) haben gezeigt, dass die IKT fähig sind, das Bewusstsein und die Weltanschauung der Benutzer mitzugestalten, was von einigen Kräften missbraucht wird. Für 2010 wird die Zahl der Mobilfunkabonnenten weltweit auf 5,3 Mrd. geschätzt. In den Industrieländern lag die Penetrationsquote bei durchschnittlich 116% (Deutschland 128%). In den Entwicklungsländern verfügen durchschnittlich 67% der Menschen über ein Mobiltelefon.

**АЛАМА ШАРТТАР** – күшті мемлекеттердің әлсіз және тәуелді мемлекеттерге күштеп таңар келісімшарттары. Тенсіз, алама шарттардың қатарына күштеп таңған, жаулап алу немесе кіріптар етер шарттар жатады, себебі олар келісімшарт жасасушы тараптардың біреуінің егемендік мүддесін, шарттың екі жаққа бірдей тиімділігі және олардың тең егемендігі қағидаларын ескермейді.

**NICHT GLEICHBERECHTIGTE VERTRÄGE, Pl.** – Abkommen, die durch starke Staaten den schwächeren und abhängigen Ländern aufgezwungen werden. Zu nicht gleichberechtigten Verträgen gehören gewaltsame, räuberische und knechtende Verträge, denn sie werden gegen souveränen Willen einer der Vertragsseiten, gegen Prinzipien des gegenseitigen Vorteils und gegen die souveräne Gleichheit der Staaten abgeschlossen.

**АЛЪТЕРНАТ** (лат. alterius – алма-кезектік) – халықаралық шарттарда тиісті қол қоюшы елдің не қол қоюшы өкілетті адамның атын, мөрін, сонымен қатар шарт мәтінінің өзін әр елдің тіліндегі данада бірінші орынға қою тәртібі.

**ALTERNAT, das** (lat. alterius – Abwechslung) – Regel, daß bei der Unterzeichnung völkerrechtlicher Verträge die Vertragsseite, die Unterschrift des Bevollmächtigten, der Siegel sowie selbst der Vertragstext in der Amtssprache jeder Vertragsseite als erste genannt und unterschrieben werden.

**АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ** (ағыл. Organization of American States) – АМҰ, 1948-ші жылы Богота қаласында АҚШ және 12 Латын Америкасының мемлекеттері құрған тәуелсіз аймақтық халықаралық ұйым. 1997-ші жылы 34 мүше-мемлекеті болды. Штаб-пәтері Вашингтонда орналасқан. Мақсаттары: американдық мемлекеттердің өзара ынтымақтастығын дамыту, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, американдық мемлекеттер арасындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, біреуіне бағытталған шабуылға бірлесе тойтарыс беру, өзара экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстарды күшейту.

**ORGANISATION DER AMERIKANISCHEN STAATEN** (Engl. Organization of American States) – OAS, regionale internationale Organisation von selbständigen amerikanischen Staaten; geründet 1948 in Bogota von 21 lateinamerikanischen Staaten und den USA, umfaßt (1997) 34 Mitgliedstaaten; Sitz: Washington; Ziele: Bekräftigung der Prinzipien der inneramerikanischen Solidarität und der Nichteinmischung, Schlichtung aller Streitigkeiten zwischen den amerikanischen Staaten, gemeinsame Abwehr aller Angriffe auf eines der Mitgliedsländer, wirtschaftliche, soziale und kulturelle Zusammenarbeit.

**АНКЛАВ** (фр. enclave – бөтен жерге енген) – бір елдің жерінің немесе жерінің бір бөлігінің басқа бір немесе бірнеше елдің құрлықтағы аумағы арқылы қоршалып жатуы.

**ENKLAVE, die** (fr. enclave – sich einkeilen) – ein vom eigenen Staatsgebiet vollständig oder teilweise umschlossener Gebietsteil eines anderen Staates, ein Staatsgebiet innerhalb eines oder mehrerer anderer Staaten.

**АННЕКСИЯ** (лат. annexus – қосып алу) – басқа бір мемлекеттің жерін заңсыз түрде қосып алу.

**ANNEXION, die** (lat. annexus – anfügen) gesetzwidrige Aneignung des Territoriums eines fremden Staates durch einen anderen Staat.

**АПАРТЕИД** (африканс: apartheid – бөлек, жеке-дара өмір сүру) – адамзатқа қарсы қылмыс ретінде айыпталған, басқаларды нәсілдік тұрғыдан шеттетуге, алалау және билеп-төстеу саясаты.

**APARTHEID, die** (afrikaans: apartheid – gesondert leben, Trennung) – die als menschenfeindlich verurteilte Rassenabsonderungs-, Diskriminations- und –Trennungspolitik.

**АРАБ КӨКТЕМІ** – немесе арабеллион (араб+революция) – араб елдерінде 2010 жылы желтоқсан айында басталған наразылықтар, көтерілістер мен төңкерістер қатарын білдіреді. Тунистен бастау алып, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінің (Мысыр, Алжир, Йемен, Йордания, Ливия, Бахрейн және Сирия) бірқатарына тараған наразылықтар сол елдердің билік басындағы күштеріне және саяси, сондай-ақ әлеуметтік құрылымындарына қарсы бағытталды. Негізгі себеп болған: бақылаусыз қауіпсіздік күштерге сүйенген авторитарлық режимдер, азаматтардың ойларын

ескермеу, жұмыссыздықтың, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен барған сайын өршіп бара жатқан кедейшілік пен жоқшылық, сондай-ақ мемлекеттегі, экономикадағы және басқару орындарындағы паракорлық. Соңғы кезде тамақ пен электр энергиясына деген бағаның өсуі де қосымша наразылықтарға соқтырды.

**ARABISCHER FRÜHLING:** Arabischer Frühling oder auch Arabellion (Arabien+Revolution) bezeichnet eine im Dezember 2010 beginnende Serie von Protesten, Aufständen und Revolutionen in der arabischen Welt. Sie ging von der Revolution in Tunesien aus und verbreitete sich in etliche Staaten im Nahen Osten und in Nordafrika, gerichtet gegen die dort herrschenden Regime und die politischen sowie sozialen Strukturen dieser Länder (Ägypten, Algerien, Jemen, Jordanien, Libyen, Bahrain und Syrien). Ursachen für die erhöhte Protestbereitschaft sind der Unmut über die autoritären Regimes mit einem ausgeprägten Sicherheitsapparat, fehlende Mitbestimmung der Bürger sowie Korruption in Staat, Wirtschaft und Verwaltung. Eine wesentliche weitere Ursache ist die hohe Arbeitslosigkeit insbesondere der jüngeren Bevölkerung und eine wachsende Armut. Hinzu kommen weltweit steigende Nahrungsmittel – und Energiepreise.

**АРАБ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ЛИГАСЫ** (League of Arab Staates), LAS 1945-ші жылдың 22-ші наурызында Каир қаласында (Мысыр) араб және африкалық мемлекеттердің еркін бірлестігі түрінде пайда болып, 1950-ші жылы Қорғаныс туралы шартпен толықтырылды. Мақсаттары: мүше мемлекеттердің саяси, мәдени, әлеуметтік және экономикалық салалардағы байланыстарына қолдау көрсету; Лигаға мүше елдердің тәуелсіздігі мен егемендігінің және араб әлемінің сыртқы мүдделерінің кепілдігі болу; Палестинаны тәуелсіз мемлекет деп тану; мүше елдердің өзара даулы мәселелерін шешу. Басты органдары: Лига Кеңесі (Сыртқы істер министрлері не олардың өкілдерінің деңгейінде), Хатшылық.

**ЛИГА ДЕР АРАБИСCHEN STAATEN** (League of Arab Staates), LAS-Gründung am 22.03.1945 in Kairo (Ägypten) als loser Zusammenschluss afrikanischer und asiatischer Staaten, 1950 durch einen Verteidigungspakt ergänzt. Ziele: Förderung der Beziehungen der Mitgliedstaaten auf politischem, kulturellem, sozialem und wirtschaftlichem Gebiet; Wahrung der Unabhängigkeit und Souveränität der Mitgliedstaaten und der arabischen Außeninteressen; Anerkennung Palästinas als unabhängigen Staat; Schlichtung von Streitfällen der Mitglieder untereinander. Hauptorgane: Liga-Rat (auf der Ebene der Außenminister oder deren Vertreter), Sekretariat.

**АРАЛАСПАУ** – бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының өзге бір елдің ішкі және сыртқы істеріне тікелей немесе жанама түрде араласуына тыйым салатын халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**НИХТЕИНМИШУНГ, die** – eines der Grundprinzipien des Völkerrechts, gemäß dem kein Staat, keine Staatengruppe das Recht hat, sich direkt oder indirekt in die inneren und äußeren Angelegenheiten eines anderen Staates einzumischen.

**АРКТИКА КЕҢЕСІ** – 1996-шы жылдың 1-ші қазаны күні құрылған. Мүше елдер: Дания, Финляндия, Исландия, Канада, Норвегия, Ресей, Швеция және АҚШ. Мақсаты: болашақтағы ынтымақтастықтың түрі мен көлемі туралы мәлімдеме; солтүстіктегі экологиялық жүйенің өзгерістерге аса сезімтал екенін ескеріп, игеру жұмыстарын мұқият келісе отырып жүргізу.

**ARKTISCHER RAT, der** – gegründet am 1. Oktober 1996. Mitglieder: Dänemark, Finnland, Island, Kanada, Norwegen, Russland, Schweden und die USA. Ziele: Grundsatzklärung über Art und Umfang künftiger Zusammenarbeit; reibungslose Abstimmung aller Erschließungsvorhaben unter Berücksichtigung der hohen Störanfälligkeit nordpolarer Ökosysteme.

**АРНАЙЫ ШАРТ** (лат. concordatum – келісім) – католиктер шіркеуінің басшысы ретінде Рим папасы мен бір үкімет не мемлекет арасындағы сол мемлекеттегі католиктер шіркеуінің орны мен артықшылықтарын реттейтін арнайы шарт, келісім.

**KONKORDAT, das** – (lat. concordatum – Übereinkunft) – ein Sondervertrag, Vertrag zwischen dem Papst als Oberhaupt der katholischen Kirche und der Regierung eines Staates, der die Position und die Privilegien der katholischen Kirche in diesem Staat regelt.

**АРНАУЛЫ (АРНАЙЫ) МИССИЯ** – екінші мемлекеттің келісімімен кейбір сұрақтарды қарастыру немесе мемлекеттік тапсырмаларды орындау мақсатында мемлекеттің жіберетін өкілетті және уақытша сипатты миссиясы.

**SONDERMISSION, die** – Mission, die einen repräsentativen und zeitweiligen Charakter hat und durch einen Staat in den anderen nach Abstimmung mit dem letzteren für Besprechung bestimmter Fragen oder Erfüllung bestimmter Aufgaben entsendet wird.

**АРТЫҚШЫЛЫҚТАР** – бір мемлекеттің екінші бір мемлекетке немесе мемлекеттер тобына сауда-саттық және экономикалық байланыстарда кедендік баж салықтарын немесе тапсырыстарды орналастыруда, капитал нарығына енуде тиімді шарттар жасай отырып беретін арнайы артықшылықтары мен жеңілдіктері.

**PRÄFERENZ, die** (lat. praefereantia – Vorzug, Vorrang, Bevorzugung) – besondere Begünstigungen im handelswirtschaftlichen Bereich, die durch einen Staat einem anderen Staat oder einer Staatengruppe in Form von Zollerleichterungen oder durch Schaffung günstiger Bedingungen für Auftragsunterbringung, Zugang zum Kapitalmarkt gewährleistet werden.

**АТОМ ЭЛЕКТР СТАНСЫЛАРЫ (АЭС), әлем бойынша** – Халықаралық Атом Энергиясы Агенттігінің ақпараты бойынша (МАГАТЭ) 2011 жылы 1-ші маусымда әлемнің 29 мемлекетінде жалпы көлемі 347 GW (Gigawatt; 1 GW = 1 Mrd. Watt) электр энергиясын өндіретін 440 АЭС болған.

Олардың ішінде аса қуаттылары: АҚШ (104 реактор/101,2 НВ), Франция (58/63,1 GW), Жапония (50/44,1 GW) мен Ресейде (32/22,7 GW) орналасқан; Германия өз аумағындағы 17 реакторда 20,5 GW қуат өндіріп, әлемде 5 орын алады. Атом энергиясынан аса тәуелді елдер Франция (2010 жылы қуаттың 74%), Словакия (52%) мен Бельгия (51%), Жапонияда 29%-бен 13-ші, Германия 27% – 15 және АҚШ 20% – 17-ші орында.

**KERNKRAFTWERKE, weltweit:** Nach Angaben der Internationalen Atomenergieagentur (IAEA) waren zum 1.6.2011 weltweit in insgesamt 29 Staaten 440 Kernreaktoren mit einer elektrischen Gesamtleistung von 374 GW (Gigawatt; 1 GW = 1 Mrd. Watt) in Betrieb.

Über die größten Erzeugungskapazitäten verfügen die USA (104 Reaktoren/101,2 НВ), Frankreich (58/63,1 GW), Japan (50/44,1 GW) und Russland (32/22,7 GW); Deutschland folgt auf Rang 5 mit 17 Reaktoren und 20,5 GW Leistung. Am stärksten von der Kernenergie abhängig sind Frankreich (74% der Stromversorgung im Jahr 2010), die Slowakei (52%) und Belgien (51%) – Japan folgt mit 29% auf Rang 13, Deutschland mit 27% auf Rang 15 und die USA mit 20% auf Rang 17.

**АТОМ ЭНЕРГИЯСЫНАН (ҚУАТЫНАН) БАС ТАРТУ** – Федералдық үкімет пен энергия қуатын өндіруші кәсіпорындар өзара келісімге келгеніне бір жыл өткеннен кейін екі тарап 2000-шы жылдың 11-ші шілде күні Германиядағы 19 атом электр стансысын алдағы 20 жыл ішінде біртіндеп электр жүйесінен шығару туралы «Атом қуаты туралы келісім» деп аталған шартқа қол қойды.

**ATOMAUSSTIEG, der** – Ein Jahr nach der Einigung der Bundesregierung mit den Energieversorgungsunternehmen über die Beendigung der Nutzung der Atomenergie unterzeichneten am 11.06. beide Seiten den Vertrag zum sogenannten Atomkonsens über die Restlaufzeit der 19 Kernkraftwerke in Deutschland, die über die nächsten 20 Jahre schrittweise vom Netz genommen werden sollen.

**АТТАШЕ** (фр. attache) – дипломатиялық қызметкердің лауазымы не дәрежесі.

**ATTACHE, der** – (fr. attache) – Dienst – oder Rangbezeichnung für die Eingangsstufe für einen diplomatischen Mitarbeiter.

**АУМАҚТЫ ҚАЙТАДАН ҚАРУЛАНДЫРУ** – мемлекеттің қарусыздандырылған ауданда қайтадан әскери құрылыстар мен бекіністерді салып, қарулы күштерді орналастыруы, басқа да әскери және әскери-экономикалық сипаттағы шараларды іске асыруы.

**REMILITARISIERUNG DER GEBIETE** – Wiederaufbau militärischer Einrichtungen und Befestigungen durch den Staat, Stationierung der Streitkräfte, Durchführung anderer Maßnahmen militärischer und militärisch-wirtschaftlicher Art auf dem entmilitarisierten Gebiet.

**АУМАҚТЫҚ СУЛАР** – жағалық мемлекеттің құрлықтық аумағына немесе ішкі суларына, ал архипелагтың мемлекет жағдайында оның архипелагтық суларына шектелетін, ені 12 миль болатын теңіз белдігі.

**HOHEITSGEWÄSSER; KÜSTENGEWÄSSER, Pl.** – die vor der Küste eines Landes liegenden oder an die Binnengewässer des Uferstaates und bei Inselstaaten an Inselgewässer grenzenden 12 Seemeilen breiten Meeressteile.

**АУМАҚТЫҚТАН ТЫС** – шетелдік мемлекеттің заңдарынан тәуелді болмай тек өз елінің ғана заңдарына бағыну.

**EXTERRITORIALITÄT, die** (lat. ex-aus, territorialis – bezüglich dieses Gebietes) – ausnahmslose Unterziehung den Gesetzen seines eigenen Landes und volle Immunität vor Gerichtsbarkeit des ausländischen Staates.

**АУСЫЛ** – 20 жылдан бері болмаған, бірақ 2001-ші жылдың 19-шы ақпанында Ұлыбритания шошқаларында жаңадан табылған, сиырларға, ешкілер мен қойларға да жұғуы мүмкін кесел.

**MAUL – UND KLAUSENPECH, MKS** – eine Krankheit, die am 19.02.2001 in Großbritannien erstmals seit 20 Jahren wieder bei Schweinen ausgebrochen war und auch Rinder, Ziegen und Schafe befallen kann.

**АФРИКА БІРЛЕСТІГІ ҰЙЫМЫ** – (ағыл. Organization of African Unity) – АБҰ, Африка елдерінің жан-жақты саяси және экономикалық ынтымақтастығын дамыту және сол мемлекеттердің тәуелсіздігін қорғау мақсатында құрылған аймақтық халықаралық ұйым.

**ORGANISATION FÜR AFRIKANISCHE EINHEIT** (Engl. Organization of African Unity) – OAU, eine regionale internationale Regierungsorganisation, die das Ziel verfolgt, allseitige politische und wirtschaftliche Zusammenarbeit zwischen den afrikanischen Ländern auszuweiten, ihre Solidarität in der Welt zu stärken und die Unabhängigkeit der afrikanischen Staaten zu schützen.

## Ә

**ӘДІЛДІК ҚАҒИДАСЫ** – халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық құқық пен мемлекеттердің және халықтардың мүдделерінің ескерілуі қажеттігін қолдайтын халықаралық қатынастар қағидасы.

**GERECHTIGKEITSPRINZIP, das** – ein in den Beziehungen zwischen den Staaten angenommener Grundsatz, nach dem die Lösung internationaler Probleme auf der Grundlage des Völkerrechts und unter Einhalten gesetzlicher Interessen der Staaten und Völker vorgenommen werden muß.

**ӘСКЕРИ БЮДЖЕТТІ (ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ) ҚЫСҚАРТУ** – қару-жарақты азайтудың және қарусыздандудың маңызды құралы, бейбіт даму мақсатына қаржыны көптеп бөлуге мүмкіндік береді.

**REDUZIERUNG DER RÜSTUNGS-AUSGABEN** – ein wichtiges Mittel der Rüstungseinschränkung und Abrüstung, Freigabe der Geldressourcen für friedliche Entwicklung.

**ӘСКЕРИ ЖАУЛАП АЛУШЫЛЫҚ** – бір елдің қарулы күштерінің басқа бір елдің аумағын немесе аумағының бір бөлігін жаулап алып, сол жерде әскери әкімшілік билігін орнатуы.

**MILITÄRISCHE OKKUPATION, die** (lat. occupatio – Besetzung) – provisorische Besetzung des Hoheitsgebiets (oder eines Teils) eines Staates durch Streitkräfte eines fremden Staates und Errichtung der Besatzungsmacht auf dem okkupierten Territorium.

**ӘСКЕРИ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТЕҢДІК (ТЕҢҚАЛЫПТЫЛЫҚ)** – ядролық қаруларды ескергенде әскери саладағы күштер теңдігін білдіретін ұғым.

**MILITÄRISCH – STRATEGISCHES GLEICHGEWICHT, das** – ein Begriff, der das Verhältnis im militärischen Bereich einschließlich der Atomwaffen charakterisiert.

## Б

**БАҚЫЛАУШЫЛАР** – халықаралық мемлекетаралық ұйымдардың жұмысына, халықаралық мәслихаттарға т.б. форумдарға шекті түрде қатысуға жолданған мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың өкілдері. Толық құқылы мүшелермен салыстырғанда олардың шешім қабылдауға, жұмыс органдарын құруға және солардың жұмысына қатысуға құқығы жоқ, бірақ бақылаушыларға талданып жатқан мәселелер жөнінде өз пікірлерін айтып, ұсыныстар жасауға мүмкіндік беріледі.

**БЕОБАЧТЕР, der** – Vertreter von Staaten und internationalen Organisationen, die für beschränkte Teilnahme an der Arbeit internationaler Regierungsorganisationen, internationaler Konferenzen und anderer Foren entsendet werden. Im Unterschied zu vollberechtigten Teilnehmern nehmen sie an der Beschlussfassung, an der Formierung und der Tätigkeit der Arbeitsorgane u.a. nicht teil. Aber es wird ihnen die Möglichkeit gewährt, zu diskutierenden Fragen zu sprechen und Vorschläge zu machen.

**БАРЫНША ТИІМДІ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ТӘРТІБІ** – шарт жасасушы жақтардың қарсы жаққа, оның жеке және заңды тұлғаларына экономикалық, сауда және де басқа жеңілдіктер беру туралы халықаралық-құқықтық тәртіп. Осы тәртіп кедендік жеңілдіктер жасауды, сонымен қатар шетелдік тауарлар өндіруге, өндеуге және таратуға салынатын елдегі салықтар мен жиналымдарға жеңілдіктер беруді көздейді.

**PRINZIP DER MEISTBEGÜNSTIGUNG** – Völkerrechtsprinzip, nach dem sich jede der Vertragsseiten verpflichtet, der anderen Seite, ihren physischen und juristischen Personen begünstigte handelswirtschaftliche und andere Bedingungen zu gewähren. Es sieht Zollbegünstigungen sowie Pri-

vilegien bezüglich der Inlandssteuern und Abgaben vor, mit denen Herstellung, Verarbeitung und Umsatz der zu importierenden Waren besteuert werden.

**БАСҚЫНШЫЛЫҚ** – бір елдің егемендігіне, жерінің біртұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бөтен елдің қарулы күштерінің қолданылуы.

**AGGRESSION, die** – militärischer Einsatz eines Landes gegen die Souveränität, territoriale Integrität oder politische Unabhängigkeit eines anderen Landes.

**БАСПАНА ҚҰҚЫ** – мемлекеттің өзіне тиісті өтініш берген адамға саяси баспана беру егеменді құқығы.

**ASYLRECHT, das** – souveränes Recht eines Staates, politisches Asyl einer Person zu gewähren, die sich mit einer entsprechenden Bitte an diesen Staat gewandt hat.

**БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ** – ресми қызметкерлердің, саяси және қоғам қайраткерлерінің, ғылым мен мәдениет саласы өкілдерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерімен кездесіп, әңгімелесуі.

**PRESSEKONFERENZ, die** – ein Treffen, Gespräch offizieller und gesellschaftlicher Persönlichkeiten, Vertreter der Wissenschaft und Kultur mit Korrespondenten von Massenmedien zu in voraus festgelegten Themen.

**БАТЫС ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ** – 1954-ші жылғы Париж келісіміне байланысты және 1948-ші жылғы Брюссель шартына сай белгіленген Бағыс одағын қайта құру негізінде 1955-ші жылы құрылған әскери-саяси одақ.

**WESTEUROPÄISCHE UNION, die** – eine militärische und politische Union, die gemäß dem Pariser Abkommen (1954) sowie nach dem Brüsseler Abkommen (1948) gegründet wurde und als Reorganisation der Westunion 1955 gebildet worden war.

**БЕЙБІТ ҚАТАР ӨМІР СҮРУДІҢ БЕС ҚАҒИДАСЫ** – алғаш рет 1954-ші жылы үнді-қытай келісімінде жарық көріп, төмендегідей қағидаларды қамтыды: екі жақтың аумағының біртұтастығы мен егемендігін құрметтеу; шабуыл жасаспау; бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; теңдік және екі жаққа бірдей тиімділік; бейбіт қатар өмір сүру.

**FÜNF PRINZIPIEN DER FRIEDLICHEN KOEXISTENZ** – Sie wurden zum ersten Mal im Abkommen zwischen Indien und China 1954 bekanntgegeben und beinhalten die folgenden Prinzipien: Gegenseitige Achtung der territorialen Integrität und Souveränität, Nichtangriffspakt, Nicht-einmischung in die inneren Angelegenheiten, Gleichheit und gegenseitiges Vorteil, friedliche Koexistenz.

**БЕЙБІТШІЛІК МАҚСАТЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК, БМС** (Partnership for Peace, PfP) – БМС ауқымында қазір 26 мемлекет әскери және қауіп-

сіздік, саяси ынтымақтастық туралы жалпы құжаттар қабылдады. Ресей (1997-ші жылы құрылған «НАТО – Ресей Кеңесі» негізінде тұрақты консультациялық форумы) мен Украинаның (саяси және әскери ынтымақтастық туралы 1997-ші жылы қол қойылған «Ерекше серіктестік туралы хартия» негізінде БМС және ЕАГО шеңберінде кеңейтілген) ерекше мәртебелері бар.

**PARTNERSCHAFT FÜR DEN FRIEDEN** (Partnership for Peace, PfP) – Derzeit bestehen mit 26 Staaten Rahmendokumente über eine engere militärische und sicherheitspolitische Zusammenarbeit. Einen Sonderstatus haben Russland (durch den 1997 geschaffenen NATO-Russland-Rat als ständiges Konsultationsforum) und die Ukraine (durch die 1997 unterzeichnete «Charta über besondere Partnerschaft», welche die politische und militärische Zusammenarbeit über die im Rahmen der PfP und des EAPC hinaus erweitert).

**БЕЙБІТШІЛІК ПЕН АДАМЗАТҚА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫС ІСТЕР** – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіретін, сонымен бірге басқа да халықаралық бейбітшілік және мемлекеттер мен халықтардың еркін дамуының маңызды негіздеріне кеселін тигізетін аса ауыр халықаралық құқықты бұзушылық әрекеттер. Олардың қатарына бейбітшілікке қарсы қылмыстар (басқыншылық соғыстарын жоспарлап, іске асыру немесе шапқыншылықтың басқа да түрлері), соғыс қылмыстары (соғыс заңдары мен ғұрыптарын бұзу), адамзатқа қарсы қылмыстар (бейбіт тұрғындарды өлтіру және басқа зұлымдықтар: нәсілшілдік, геноцид, апартеид саясаты, колониалшылдықтың барлық түрлері) жатады.

**VERBRECHEN GEGEN FRIEDEN UND MENSCHHEIT** – schwerwiegende Verbrechen gegen das Völkerrecht, die den Weltfrieden und die – sicherheit gefährden sowie gegen andere lebenswichtige Grundlagen des Friedens und freier Entfaltung der Staaten und Völker gerichtet sind. Zu ihnen gehören Verbrechen gegen den Frieden (Kriegsplanung, – vorbereitung und – führung oder andere Formen der Aggression); Kriegsverbrechen wie Verletzung der Kriegsgesetze und – bräuche; Verbrechen gegen die Menschheit (Mord – und andere Greuelthaten gegen die Zivilbevölkerung, Rassismus, Genozid, Apatheid, alle Formen des Kolonialismus).

**БЕЙТАРАПТЫҚ** – әскери қақтығыстарға араласпау, әскери одақтар мен блоктарға мүше болмау, өз аумағын шетелдік әскерлер мен әскери базаларға бермеу қағидасын білдіретін мемлекеттің айрықша халықаралық-құқықтық мәртебесі.

**NEUTRALITÄT, die** (lat. neuter – weder noch) – ein besonderer Rechtsstatus eines Staates, gemäß dem er an keinen bewaffneten Konflikten teilnimmt, kein Mitglied der militärischen Bündnisse oder Allianzen wird sowie sein Territorium den ausländischen Streitkräften und militärischen Stützpunkten nicht zur Verfügung stellt.



**БЕКІТУ** – шешім қабылданған, бекітілген, *facere* – орындау) – мемлекеттік биліктің жоғары органының осы мемлекет немесе үкіметі атынан толық құқылы өкілі қол қойған халықаралық шартты бекітуі.

**RATIFIKATION, die; RATIFIZIERUNG, die** (lat. *ratus* – beschlossen, *bestätigt und facere* – machen) – Bestätigung durch das höchste Staatsorgan eines Vertrags, der im Namen dieses Staates oder seiner Regierung durch einen bevollmächtigten Vertreter unterschrieben war.

**БИОЛОГИЯЛЫҚ АЛУАНТҮРЛІЛІК** – әлемдегі барлық жан-жануар мен өсімдіктердің әртүрлілігін білдіреді. Олардың экологиялық жүйенің тұрақтылығына тигізер әсер етеді, ал одан сайып келгенде адамдардың өмірі тәуелді. Биологиялық алуантүрліліктің экономикалық салада да маңызы зор. Биологиялық дәрі-дәрмектердің нарықтық бағасы, мысалы, ақшаға шаққанда жылына 75–150 миллиард АҚШ долларын құрайды екен. Әлем халқының төрттен үшінің денсаулығы осы табиғи дәрі-дәрмектерге тікелей байланысты.

2010 жылы олардың 1,72 миллион түрі ғылыми тұрғыдан зерттелген. Жыл сайын оған шамамен 12 000 жаңа түрлері қосылады. Ең көбі құрт-құмырсқа (1 миллионға жуық түрі бар) мен өсімдіктер (320 000). Бірақ олар адамның іс-әрекеттерінің әсерінен (жан-жануарлардың өмір сүретін ортасын жою немесе экологиялық тұрғыдан өзгерту, экожүйені ойланбай пайдалану, мыс., ауыл шаруашылығында, ағаштарды кесу, аңдар мен балықтарды қыру) үлкен қауіпте.

**BIOLOGISCHE VIELFALT:** erfasst den Begriff «Verschiedenheit aller Tier – und Pflanzenarten» und gründet auf der Erkennung, dass sie Grundvoraussetzung für die Stabilität der Ökosysteme ist. Von ihren Leistungen hängt letztendlich auch der Mensch ab, sie stellt auch eine ökonomische Ressource dar. Der Marktwert aller biogenen Medikamente wird z.B. auf 75–150 Mrd. US-\$/ Jahr geschätzt. Die Gesundheitsversorgung von drei Vierteln der Weltbevölkerung stützt sich direkt auf natürliche Heilmittel. Weltweit bekannt und wissenschaftlich beschrieben waren im Jahr 2010 rd. 1,72 Mio. Arten. Jährlich kommen etwa 12 000 neue Arten hinzu. Am vielfältigsten sind die Insekten mit rd. 1 Mio. Arten, gefolgt von Pflanzen mit rd. 320 000 Arten. Aber sie sind durch die menschliche Tätigkeit (Vernichtung und ökologische Beeinträchtigung von Lebensräumen, Übernutzung von Ökosystemen (z.B. Intensivlandwirtschaft, Holz einschlag, Jagd, Fischerei)) sehr bedroht.

**БОСҚЫНДАР** – қуғындаудың, соғыс қимылдарының салдарынан не басқа да бір себептермен өздерінің тұрғылықты жерін тастап кеткен адамдар.

**FLÜCHTLINGE, Pl.** – Personen, die wegen Verfolgungen, Kriege oder aus anderen außerordentlichen Gründen ihre Heimat vorübergehend verlassen haben oder auf die Dauer außer Land gegangen sind.

**БОСҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРҒЫ КОМИССАР** (U.N. High Commissioner for Refugees), **UNHCR** – БҰҰ-ның арнайы органы. Мақсаты: нәсіліне, дініне немесе саяси көзқарасына қарамай босқындарды халықаралық көлемде қорғау, олардың мәселесін шешу, қуғынға ұшырауы мүмкін елдерге қайтаруларын тоқтату.

**НОHER KOMMISSAR FÜR FLÜCHTLINGE, der** (U.N. High Commissioner for Refugees), **UNHCR** – Spezialorgan der UNO. Aktivitäten: internationaler Schutz den Flüchtlingen – unabhängig von Rasse, Religion oder politischer Meinung – dauerhafte Lösung für ihre Probleme, Verhinderung von Verabschiebungen in ein Land, in dem Flüchtlingen Verfolgung droht.

**БҰҰ-НЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУ ЖАСАҚТАРЫ («Көгілдір дулыға» – UN Peacekeeping Operations)** – 1948-ші жылдан бері БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің бейбітшілікті қорғау мақсатында жолдайтын БҰҰ құрған әскери құрылымдары мен жай адамдардың бақылаушы тобы. «Көгілдір дулыға» топтарының мақсаты уақытша бітімнің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Қазір «Көгілдір дулыға» топтарының екі түрі бар: негізінен әскери тапсырыс орындайтын классикалық миссия және көптеген әскери емес тапсырмаларды орындайтын аралас жасақтар. Әскери жасақтардың мандатын Қауіпсіздік кеңесі әдетте әрбір жарты жыл сайын созып отырады.

**UN-FRIEDENSTRUPPEN («Blauhelme», UN Peacekeeping Operations)** – Von der UNO aufgestellte Militäreinheiten oder zivile Beobachter, die seit 1948 vom UNO-Sicherheitsrat zu friedenssichernden Operationen entsandt werden. Zu den Aufgaben der Blauhelme gehört die Sicherung von Waffenstillständen. Zur Zeit gibt es zwei Formen von Blauhelmeinsätzen: klassische Mission mit vorwiegend militärischen Aufgaben und kombinierte Einsätze mit zahlreichen nichtmilitärischen Funktionen. Das Mandat der Friedenstruppen wird durch den Sicherheitsrat in der Regel halbjährlich verlängert.

**БҰҰ-НЫҢ ЖАҢАДАН ШӨЛ ДАЛА ПАЙДА БОЛУЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ** – 2001 жылдың 16–22-ші желтоқсаны аралығында жаңадан шөл далалардың пайда болуына қарсы күрес туралы конвенциясына қол қойған 167 мемлекеттің өкілдері 1996-шы жылдың 26-шы желтоқсаны күні күшіне енген және жаңадан шөл далалардың пайда болуына қарсы күрес туралы заң түрінде міндетті конвенциясын талдады. БҰҰ-ның мәліметіне қарағанда жаңадан шөл далалардың пайда болуы әлемде 1,2 миллиардтан аса адамның өміріне тікелей қауіп төндіруде.

**UN-WÜSTENKONFERENZ, die** – vom 11.–22.12.2000 diskutierten in Bonn (Deutschland) Delegierte aus 167 Unterzeichnerstaaten der Konvention zur Bekämpfung der Wüstenbildung über die am 26.12.1996 in Kraft getretene, rechtsverbindliche Konvention zur Bekämpfung der Wüstenbildung, die nach UN-Angaben weltweit unmittelbar das Leben von mehr als 1,2 Mrd. Menschen bedroht.

**БҰҰ-ның ЖАРҒЫСЫНА САЙ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ** – БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша немесе өз бетімен халықаралық бейбітшілікті және қауіпсіздікті сақтау немесе қайта орнату мақсатында біріге күштеп жүзеге асыратын шаралары.

**ZWINGENDE MASSNAHMEN GEMÄSS DER UNO-CHARTA** – kollektive Maßnahmen, die durch die UNO-Mitgliedstaaten gemäß dem Beschluss des UNO-Sicherheitsrates oder von ihnen selbst zur Gewährung oder Wiederherstellung des Weltfriedens und der -sicherheit getroffen werden.

**БҰҰ-ның КЛИМАТ ТУРАЛЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ** – Қоршаған ортаны қорғау министрлері деңгейіндегі 180 мемлекет қатысқан 2001-ші жылдың 16–27-ші шілде айы аралығында Бонн қаласында өткен конференцияға қатысушы мемлекеттер 2012-ші жылға дейін булы газды (1990-шы жылмен салыстырғанда) 1,8 пайызға қысқарту туралы келісімге келді.

**UN-KLIMAKONFERENZ, die** – 180 Teilnehmerstaaten auf der Ebene der Umweltminister. An der Konferenz vom 16.–27.07.2001 in Bonn billigten die Teilnehmerstaaten ein Abkommen, das die Reduzierung der Treibhausgase von 1,8% (bezogen auf 1990) bis 2012 vorsieht.

**БҰҰ-ның ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ** – БҰҰ-ның ең басты 6 органдарының бірі. Қауіпсіздік Кеңесі бейбітшілікке төнген әрбір қауіпті, бейбітшілікті бұзу немесе шапқыншылық әрекетті анықтап, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау немесе қалпына келтіруге қажет шараларды белгілейтін БҰҰ-ның дара органы.

**UN-SICHERHEITSRAT, der** – eines von 6 Obersten Organen der UNO, dessen Hauptaufgabe Gewährleistung des Weltfriedens und der -sicherheit ist. Der Sicherheitsrat ist das einzige UNO-Organ, das das Bestehen einer Gefahr für den Frieden, der Friedensverletzung oder einer Aggression als solche bestimmt und Empfehlungen gibt, welche Maßnahmen getroffen werden müssen, um den Weltfrieden und die -sicherheit zu bewahren oder wiederherzustellen.

**БІРЛЕСІМ** – әдетте саяси немесе әскери сипаттағы екі не бірнеше мемлекеттің, халықтың, саяси партиялардың және басқа да ұйымдардың біріге қимылдау мақсатында құрған блогы, одағы.

**KOALITION, die** (lat. coalescere – sich einigen) – Bündnis, Union von zwei oder einigen Staaten, Völkern, politischen Parteien oder anderen Organisationen für gemeinsames Auftreten oder Handeln, meist zu politischen oder militärischen Zwecken.

**БІР ТАРАПТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ, ЕЛДІҢ ДАРА БЕЛСЕНДІЛІГІ** – халықаралық деңгейде белгілі бір заңды нәтижеге жетуге бағытталған жеке бір мемлекеттің дара іс-шарасы. Мемлекеттің осы бір тараптық іс-әрекеті

басқа мемлекеттердің келісіміне байланысты емес және оларға халықаралық міндеттемелер де қоя алмайды.

**EINSEITIGER AKT, der** – Willensäußerung eines Staates, die auf das Erlangen bestimmter juristischer Folgen auf internationaler Arena gerichtet ist. Die Bekanntgabe des einseitigen Aktes durch den Staat hängt nicht von der Zustimmung anderer Staaten ab und überträgt auf sie keine internationalen Verpflichtungen.

**БІРІГЕ БИЛІК ЖҮРГІЗУ** – екі немесе бірнеше мемлекеттің бір аумақтың жоғарғы билігін бірлесе меншіктеп немесе билікті біріге жүргізуі.

**KONDOMINIUM, das** (lat. con – zusammen, dominium – Herrschaft) – gemeinsame Herrschaft von zwei oder mehreren Staaten über ein und dasselbe Gebiet.

**БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ** (ағыл. United Nations Organization) – БҰҰ, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту, өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында егемен мемлекеттердің өз күштерін ерікті түрде біріктіре отырып, 1945-ші жылдың 26-шы маусымында Сан Франциско қаласында құрған халықаралық ұйымы. Өз Жарғысында бекітілгендей БҰҰ мақсаттары бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, бейбітшілікке төнген қауіпті болдырмау және оның алдын алу, шапқыншылық әрекеттерге тыйым салу, халықаралық шиеленістерді бейбіт жолмен реттеу және шешу, ұлттар арасындағы достық қарым-қатынастар мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, осы мақсаттарға жету жолындағы мемлекеттердің келісе атқарған іс-әрекеттеріндегі орталықтың рөлін арттыру болып табылады.

**ORGANISATION DER VEREINTEN NATIONEN** (engl. United Nations Organization) – UNO, eine internationale Organisation, die am 26. Juni 1945 in San Francisco auf der Grundlage der freiwilligen Einigung der Bemühungen souveräner Staaten für Wahrung und Festigung des Weltfriedens, Sicherheit und Ausweitung der Zusammenarbeit zwischen ihnen gegründet wurde. Die in der Charta festgelegten Ziele der UNO sind Gewährleistung des Friedens und der Sicherheit, Vorbeugung und Beseitigung der Friedensbedrohungen und Verhinderung der Aggression, Schlichtung oder friedliche Lösung internationaler Streitigkeiten, Förderung freundschaftlicher Beziehungen zwischen den Nationen, internationale Zusammenarbeit, Verstärkung der Rolle des Zentrums bei koordinierter Handlungen der Staaten, die auf die Durchsetzung dieser Ziele gerichtet sind.

**БІТІМ I** – соғысушы жақтардың әскери қимылдарды уақытша тоқтату туралы келісімі.

**WAFFENSTILLSTAND, der** – die zeitweilige Einstellung der Kampfhandlungen nach einer Vereinbarung zwischen Krieg führenden Parteien.

**БІТІМ II** – халықаралық ұйымдарда және халықаралық мәслихаттар мен кеңестерде басқа тараптан жалпылама келісімді қабылдауға қарсы-

лық болмаса, шешімді дауысқа салмай-ақ тұтасымен қабылдау рәсімі, тәсілі.

**KONSENSUS, der** (lat. concensus – Einwilligung, Übereinstimmung) – Verfahren, in internationalen Organisationen und Konferenzen sowie Tagungen beim Fehlen formeller Widersprüche vonseiten ihrer Teilnehmer, ohne Abstimmung eine allgemeine Entscheidung zu treffen.

**БІТІМГЕР** – соғыс жүріп жатқан аймақтарда қарсыласпен келіссөз жүргізуге жіберілген соғысушы жақтардың бірінің ерекше өкілеттігі бар ресми өкілі. Бітімгерге тиіспеу ертеден келе жатқан және арнайы құрметке ие болған халықаралық ғұрып.

**PARLAMENTÄR, der** (franz. parlementaire – Unterhändler) – offizieller Vertreter einer den Krieg führenden Seite, der über entsprechende Vollmachten verfügt, mit dem Gegner im Gebiet der Kriegshandlungen Verhandlungen zu führen. Die Unantastbarkeit des Parlamentärs ist einer der ältesten und geehrtesten internationalen Bräuche.

**БІТІМГЕРЛІК КОМИССИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ КОМИССИЯЛАРЫ** – халықаралық дауды бейбіт жолмен шешу мақсатында мемлекеттердің құратын халықаралық органдары. Тергеу комиссияларының қызметіне даудың тек факт жақтарын анықтау ғана емес, сондай-ақ оны шешу шарттарын зерттеу және дайындау да жатады. Олардың жасаған қорытындылары әдетте ұсыныс ретінде қаралады.

**UNTERSÜCHUNGS – UND SCHLICHTUNGSKOMMISSIONEN, Pl.** – internationale Gremien, die durch Staaten zum Zweck der friedlichen Beilegung internationaler Streitigkeiten gebildet werden. Die Funktion der Untersuchungskommissionen besteht nicht nur in der Ermittlung der faktischen Seite der Auseinandersetzung, sondern auch in der Ausarbeitung der Bedingungen für ihre Beilegung. Ihre Schlußfolgerungen sind in der Regel empfehlender Art.

## В

**ВИКИЛИКС** – Wikileaks-веб-парағы (ағылшынның leaks – «ашық, тесік, дұрыс жабылмаған» сөзінен алынған) – wikileaks-тің басты идеясы қоғам өміріне байланысты ақпараттарға жол ашу, құжаттарды жариялаушылардың аты-жөнін көрсетілмей ақпараттандыру. Аталған веб бетін құрушылардың кім екені белгісіз, дегенмен бес адамнан тұратын топтың бастаушысы және қолдаушысы Джулиан Эссандж болып есептеледі.

2011 жылы 28 қарашада интернетте АҚШ Сыртқы істер министрлігінің мәлімдемелерін және АҚШ дипломаттарының басқа мемлекеттердің саясаткерлеріне берген бағалары бар 250 000-дай құжаттар орналастырылды. Шілде айында Wikileaks-те оған қосымша АҚШ қарулы күштерінің Ауғанстандағы ахуалы туралы 90 000-дай құпия мәлімдемелері жарық көрді. Осы мәліметтерді викиликске берді деп кінә тағылған американ

солдаты Брэдли Мэннинге сот өмір бақи түрме немесе өлім жазасын беруі мүмкін.

**WIKILEAKS**, die Website (häufig auch Wikileaks, englisch leaks ‚Lecks‘, ‚Löcher‘, undichte Stellen) ist eine Enthüllungsplattform, auf der Dokumente anonym veröffentlicht werden. Der Kerngedanke von WikiLeaks ist die Idee des freien Zugangs zu Informationen, die öffentliche Angelegenheiten betreffen. Die Gründer sind laut WikiLeaks-Website anonym. Julian Assange war Initiator und die treibende Kraft in einer Gruppe von fünf Personen.

Am 28.11. veröffentlicht die Internetplattform rd. 250 000 Dokumente. Die im Internet verbreiteten Depeschen des US-Außenministeriums enthalten u.a. persönliche Einschätzungen von US-Diplomaten zu Politikern anderer Staaten. Im Juli hatte Wikileaks bereits mehr als 90 000 Geheimberichte des US-Militärs zur Lage in Afghanistan veröffentlicht. Dem US-amerikanischen Soldaten Bradley Manning, dem vorgeworfen wird, Informationen an die Organisation geliefert zu haben, droht deswegen eine lebenslange Haftstrafe oder die Todesstrafe.

## Г

**ГЕНОЦИД** (грек. genos – ру, тайпа, лат. caedere – өлтіру) – қандай да болса бір ұлттық, ұлыстық, нәсілдік немесе діни топтарды тұтастай немесе олардың бір бөлігін құртуға бағытталған іс-әрекет.

**GENOZID, der** (griech. genos – Geschlecht, Stamm, caedre – töten) – Völkermord, Handlungen, die auf teilweise oder vollständige Vernichtung einer Nation, einer ethnischen Gruppe, einer Rasse oder Religion gerichtet sind.

**ГЕОСАЯСАТ** – мемлекет және қоғам өміріндегі географиялық жағдайлардың маңызын баса көрсететін саясат.

**GEOPOLITIK, die** – Politik, die im Leben des Staates und der Gesellschaft die Rolle geographischer Faktoren besonders hervorhebt.

## Ғ

**ҒАРЫШТЫҚ ҚҰҚЫҚ (халықаралық)** – мемлекетаралық қарым-қатынастарда ғарыш кеңістігі мен әуе тұлғаларын зерттеу және пайдалану ретін, олардың құқықтық тәртібін реттейтін заңдық қағидаттар мен қалыптардың жинағы.

**WELTRAUMRECHT (internationales), das** – Gesamtheit juristischer Prinzipien und Normen, die die Beziehungen zwischen den Staaten bei der Untersuchung und Benutzung des Weltraumes und der Himmelskörper regeln und ihren Rechtsstatus bestimmen.

**ДАМУЫ ЕҢ ТӨМЕН ЕЛДЕР, ДТЕ (Least Developed Countries)** – БҰҰ-ның ақпаратынша осы топқа жататындар: Ауғанстан, Ангола, Экваторалдық Гвинея, Эфиопия, Бангладеш, Бутан, Бенин, Буркина Фасо, Бурунди, Джибути, Эритрея, Гамбия, Гвинея, Гвинея-Биссау, Гаити, Йемен, Камбоджа, Кирибати, Коморы, Демократическая Республика Конго, Лаос, Лесото, Либерия, Мадагаскар, Малави, Мали, Мавретания, Сан Томе и Принципи, Сенегал, Сиерра Леоне, Сомалия, Судан, Танзания, Тимор-Лесте, Того, Чад, Тувалу, Уганда, Вануату, Орталық Африка Республикасы.

**ORGANISATION DER ISLAMISCHEN KONFERENZ** (Engl. Organization of the Islamic Conference) – OIK, eine internationale Regierungsorganisation, Ziele: Förderung der muslimischen Solidarität zwischen den Mitgliedstaaten, Ausweitung der Zusammenarbeit zwischen ihnen, Gewährleistung des Friedens und der Sicherheit, Unterstützung des Kampfes des palästinensischen Volkes für die Wiederherstellung seiner Rechte und Befreiung seiner besetzten Gebiete.

## К

**КАЗУС БЕЛЛИ** (лат. casus belli – соғыс бастауға сылтау) – мемлекеттер арасында соғыс тууына соқтыратын тікелей ресми себеп.

**CASUS BELLI, der** (lat. casus belli – Kriegsfall) – unmittelbarer formeller Anlass zum Kriegsausbruch zwischen Staaten.

**КАЗУС ФЕДЕРИС** (лат. casus foederis) – халықаралық шарттарда белгіленген кейбір қимылдарды істеуге мәжбүр ететін жағдай, мысалы: одақтастарын қорғау мақсатында соғысқа кірісу.

**CASUS FOEDERIS, der** (lat. casus foederis) – Umstand, der einen Staat verpflichtet, gemäß dem völkerrechtlichen Vertrag bestimmte Maßnahmen zu ergreifen, z.B. in den Krieg zu treten, den die andere Seite führt, um dem Verbündeten Hilfe zu gewähren.

**КАПИТУЛЯЦИЯ** (лат. capitulare – кейбір жағдайлар туралы келісімге келу) – қарсыластың қарулы күштерінің қарсыласуды тоқтатып, берілуі. Тізе бүккен кезде қарсыластың әскери мүлкі жеңген жаққа өтеді. Жеңілген жақтың қарулы күштері әдетте қарусызданып, тұтқынға беріледі.

**KAPITULATION, die** (lat. capitulare – sich in bestimmten Punkten vereinbaren) – Verzicht auf den Widerstand und sich den gegnerischen Streitkräften unterwerfen. Bei der Kapitulation werden militärische Ausrüstungen dem Sieger übergeben. Die Streitkräfte des Besiegten werden entwaffnet und geben sich in der Regel gefangen.

**КАРТ-БЛАНШ** (фр. carte blanche) – мәтінін өз қалауы бойынша толтыру үшін басқа адамға қолы қойылып берілетін таза парақ. Астыртын мағынасы шексіз өкілеттік, толық іс-әрекет еркіндігі дегенді білдіреді.

**CARTE BLANCHE, die** (Fr. carte blanche) – unbeschränkte Vollmacht; ein sauberes Formular, das durch eine Person unterschrieben ist und der anderen Person das Recht gibt, den Text nach seinem Willen einzutragen. In übertragener Bedeutung heißt es: uneingeschränkte Vollmacht, absolute Freiheit beim Handeln.

**КЕДЕНДІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР** – шетелдік дипломатиялық өкілдіктерге, консулдық мекемелерге, халықаралық үкіметаралық ұйымдарға, солардың жанындағы шетелдік мемлекеттердің өкілдеріне және мемлекеттік шекара арқылы өтетін адамдардың белгілі бір топтарына кедендік тексеріс кезінде берілетін жеңілдіктер.

**ZOLLPRIVILEGIEN, Pl.** – Begünstigungen bei Zollformalitäten, die den ausländischen diplomatischen Vertretungen, Konsularabteilungen, internationalen Regierungsorganisationen und Vertretern ausländischer Staaten sowie einer Kategorie von Personen beim Grenzübergang gewährt werden.

**КЕДЕНДІК ТЕКСЕРІС** – заңды және жеке тұлғалардың кедендік заңдар мен ережелерді сақтауларын бақылауға бағытталған, жүктерді, мүліктерді, валютаны не валюталық құндылықтарды елге әкелу мен сыртқа шығаруын, сондай-ақ транзитпен ел арқылы өткізуін реттейтін мемлекеттің кедендік мекемелері іс-әрекеттерінің жинағы.

**ZOLLKONTROLLE, die** – Gesamtheit aller durch die Zollbehörden vorzunehmenden Handlungen, die auf die Einhaltung der Zollgesetze des Landes durch juristische und physische Personen gerichtet sind und die Ein-, Aus- und Durchfuhrverfahren der Güter sowie anderer Gegenstände, Währungen und Wertsachen regeln.

**КЕДЕН ОДАҒЫ** – бұл ұғым бірнеше елдің экономикасының кірігуі мен интеграциясының бір түрін, яғни ортақ кедендік аймақ құрған мемлекеттердің бірігуін білдіреді. Кеден Одағы Еркін сауда аймағын (ішкі кедендік бақылау мен басқа да сауданы шектеу шараларынан босату, яғни мүше елдер бір елден екінші елге тауарлар енгізгенде кедендік жарна төлемейді) құрып, екінші жағынан оған мүше емес үшінші елдерден келген тауарларға ортақ кедендік тариф енгізуді іске асырады.

2010 жылдың 1-қаңтарынан бастап Ресей, Беларусь және Қазақстан импортка ортақ тариф пен тарифтік емес сауда-саптық ережелерін енгізді. Кеден Одағын дамытудағы келесі қадам мүше мемлекеттердің өзара ішкі шекарасында кедендік бақылауды алып тастау болмақ; оның орнына Кеден Одағының сыртқы шекарасындағы тексеріс күшейтіледі.

**ZOLLUNION:** als solche bezeichnet man eine Form der wirtschaftlichen Integration. Dabei handelt es sich um einen Zusammenschluss von Staaten, die ein gemeinsames Zollgebiet bilden. Eine Zollunion besteht zum einen aus einer Freihandelszone (d. h. Abschaffung von Binnenzöllen und anderen Handelsbeschränkungen). Dadurch müssen Waren bei einem Verbringen von einem Mitgliedstaat in den anderen nicht mehr verzollt werden. Zum anderen zeichnet sich eine Zollunion durch einen gemeinsamen Außenzolltarif der Mitgliedstaaten gegenüber Drittländern aus.

Seit 1. Januar 2010 gelten für Russland, Belarus und Kasachstan einheitliche Importzölle und nichttarifäre Handelsbestimmungen. Bei einer weiteren Etappe des Aufbaus der Zollunion wird die Zollkontrolle an den inneren Grenzen der Mitgliedsländer abgeschafft; kontrolliert wird nur mehr an der äußeren Grenzen der Zollunion.

**КЕЗЕКТІК** – халықаралық шарттарда тиісті қол қоюшы елдің не қол қоюшы өкілетті адамның атын, мөрін, сонымен қатар шарт мәтінінің өзін әр елдің тіліндегі данада бірінші орынға қою тәртібі.

**ALTERNAT, das** (lat. alterius – Abwechslung) Regel, daß bei der Unterzeichnung völkerrechtlicher Verträge die Benennung der Seite, die Unterschrift des Bevollmächtigten, der Siegel sowie selbst der Vertragstext in der Amtssprache jeder Vertragsseite als erste genannt und unterschrieben werden.

**КЕЛІМСЕКТЕР** – бір мемлекеттің тұрақты немесе ұзақ мерзімге табыс табу мақсатымен немесе саяси не діни себептердің салдарынан екінші мемлекет аумағына қоныс тепкен адамдар.

**IMMIGRANTEN, AUSSIEDLER, EINWANDERER, ZUWANDERER, Pl.** – Bürger eines Staates, die auf der Suche nach Arbeit sowie aus politischen oder religiösen Gründen zur ständigen Niederlassung oder für längere Zeit in einen anderen Staat gekommen sind.

**КЕЛІСІМ, КЕЛІСІМШАРТ** – өзара және коллективтік қауіпсіздікті, өзара көмек пен шабуыл жасаспауды және басқа да сұрақтарды, сондай-ақ мемлекеттер ынтымақтастығының нақты салалары үшін маңызы үлкен

қағидалар мен қалыптарын реттейтін өзара және көп тараптық халықаралық шарттың атауы.

**ПАКТ, der** (лат. pactum – Abkommen, Vertrag) – ein bi – oder multilateraler völkerrechtlicher Vertrag, der solche Fragen regelt wie Gewährleistung gegenseitiger und kollektiver Sicherheit, gegenseitige Hilfe, Nichtangriffspakt u.a. oder Prinzipien und Normen festlegt, die grundlegende Bedeutung für konkrete Bereiche der Zusammenarbeit zwischen den Staaten haben.

**КЕМСІТУШІЛІК** – халықаралық қарым-қатынаста бір мемлекеттің тең құқылық ұстанымды бұза отырып, екінші бір мемлекеттің құқы мен заңды мүддесін шектеуі немесе кемсітуі.

**DISKRIMINIERUNG, die** (лат. discriminatio – Aussonderung, Unterscheidung) – in den internationalen Beziehungen: Einschränkung oder Missbrauch der Rechte und gesetzlicher Interessen eines Staates durch einen fremden Staat, was das Prinzip der Gleichberechtigung verletzt.

**КЕПІЛГЕ (КЕПІЛДІККЕ) АЛЫНҒАН АДАМДАР** – үшінші бір тарапты осы адамдарды босату үшін тікелей немесе жанама түрде белгілі бір әрекеттерді істету немесе олардан бас тарттыру үшін қолға түсіріліп, өлім жазасымен қорқытып немесе денесіне зақым келтіре арқылы қамалған адамдар.

**GEISEL, die** – Personen, die gewaltsam ergriffen und festgehalten werden, unter anderem auch unter Todesgefahr oder körperlicher Misshandlung, um die dritte Seite durch direkte oder indirekte Forderungen durch die Freilassung dieser Personen zu einer bestimmten Handlung zu zwingen oder sich davon abhalten zu lassen.

**КЕРІ ШАҚЫРУ / КЕРІ ҚАЙТАРУ ГРАМОТАСЫ** – дипломатиялық өкілді кері қайтарып алу туралы өз елінің мемлекет басы қол қойған құжат.

**ABBERUFUNGSSCHREIBEN, das** – ein Schreiben über die Abberufung eines diplomatischen Vertreters, das durch das Oberhaupt des Entsendelandes unterschrieben wird.

**КОАЛИЦИЯ** (лат. coalescere – бірігу) – әдетте саяси немесе әскери сипаттағы екі не бірнеше мемлекеттің, халықтың, саяси партиялардың және басқа да ұйымдардың біріге қимылдау мақсатында құрған блогы, одағы.

**KOALITION, die** (лат. coalescere – sich einigen) – Bündnis, Union von zwei oder mehreren Staaten, Völkern, politischen Parteien oder anderen Organisationen für gemeinsames Auftreten oder Handeln, meist zu politischen oder militärischen Zwecken.

**КОЛЛЕКТИВТІК / ҰЖЫМДАСТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ШАРТ** – 1992-ші жылдың 15-ші қаңтары күні Ташкент қаласында Қазақстан мен Ресейдің ұсынысы бойынша бес ТМД елдерінің басшылары қол қойған. Шартқа мүше елдер халықаралық қатынастарда күш қолдану

немесе күш қолданамыз деп сес көрсетуден бас тарту және өзара немесе басқа елдермен даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу туралы міндеттемелер қабылдады. Шартқа мүше осы елдердің біріне қарсы бір ел немесе елдер тобы шапқыншылық жасаса, осы әрекет шартқа мүше барлық мемлекетке қарсы басқыншылық әрекет деп есептеледі.

**VERTRAG ÜBER DIE KOLLEKTIVE SICHERHEIT** – unterzeichnet am 15. Januar 1992 auf Initiative Kasachstans und Rußlands in Taschkent von fünf GUS – Staatesschefs. Die Vertragsteilnehmer bekräftigten ihre Verpflichtungen, in internationalen Beziehungen auf Gewaltanwendung oder Drohung mit Gewaltanwendung zu verzichten, alle Streitigkeiten unter sich und anderen Staaten durch friedliche Mittel beizulegen. Wenn einer der Vertragsstaaten durch einen anderen Staat oder eine Staatengruppe angegriffen wird, wird das als Aggression gegen alle Vertragsstaaten betrachtet.

**КОММЮНИКЕ** (фр. communique – үкімет мәлідемесі) – халықаралық келісімдердің болғаны жайлы, халықаралық келіссөздер барысы немесе нәтижелері туралы ресми хабарлама.

**KOMMUNIQUE, das** (Fr. communique – amtliche Mitteilung) – offizielle Mitteilung über den Ablauf und die Ergebnisse internationaler Verhandlungen, über die abgeschlossenen völkerrechtlichen Verträge usw.

**КОНДОМИНИУМ** (лат. con – бірге, dominium – билеу) – екі немесе бірнеше мемлекеттің бір аумақтың жоғарғы билігін бірлесе меншіктеп немесе билікті біріге жүргізуі.

**KONDOMINIUM, das** (лат. con – zusammen, dominium – Herrschaft) – gemeinsame Herrschaft von zwei oder mehreren Staaten über ein und dasselbe Gebiet.

**КОНКОРДАТ** (лат. concordatum – келісім) – католиктер шіркеуінің басшысы ретінде Рим папасы мен бір үкімет не мемлекет арасындағы сол мемлекеттегі католиктер шіркеуінің орны мен артықшылықтарын реттейтін арнайы шарт, келісім.

**KONKORDAT, das** – (лат. concordatum – Übereinkunft) – ein Sondervertrag, Vertrag zwischen dem Papst als Oberhaupt der katholischen Kirche und der Regierung eines Staates, der die Position und die Privilegien der katholischen Kirche in diesem Staat regelt.

**КОНСЕНСУС** (лат. consensus – келісім, ауызбірлік) – халықаралық ұйымдарда және халықаралық мәслихаттар мен кеңестерде басқа жақтан жалпылама келісімді қабылдауға қарсылық болмаса, шешімді дауысқа салмай-ақ тұтасымен қабылдау рәсімі, тәсілі.

**KONSENSUS, der** (лат. concensus – Einwilligung, Übereinstimmung) – Verfahren, in internationalen Organisationen und Konferenzen sowie Tagungen beim Fehlen formeller Widersprüche vonseiten ihrer Teilnehmer, ohne Abstimmung eine allgemeine Entscheidung zu treffen.

**КОНСУЛ** (лат. consul) – екінші мемлекеттің келісімі бойынша сол елдегі өзіне жүктелген қызметті орындау бабында тағайындалған мемлекеттік лауазымды тұлға. Өзінің қызметтік баптағы міндетін орындауда консул консулдық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

**KONSUL, der** (лат. consul) – Amtsperson eines Staates, die zur Erfüllung seiner vom Staat beauftragten Pflichten in einem anderen Staat mit dessen Einverständnis eingesetzt ist. Um seine dienstlichen Funktionen im Aufenthaltsland unbehindert erfüllen zu können, genießt der Konsul konsularische Privilegien und Immunitäten.

**КОНТРАБАНДА** (итал. contra – қарсы, bando – үкіметтік жарғы) – тауарларды, құнды нәрселерді не басқа да заттарды мемлекеттік шекара арқылы заңсыз өткізу.

**KONTERBANDE, die / SCHMUGLEREI, die** (Ital. contra-gegen, bando – Regierungserlaß) – gesetzwidriger Transport von Waren, Wertgegenständen und anderen Sachen über die Staatsgrenze.

**КОНФЕДЕРАЦИЯ** (лат. confoederatio – одақ, бірлестік) – екі немесе бірнеше егемен мемлекеттердің белгілі бір мақсаттарды іске асыру үшін құрған тұрақты бірлестіктің мемлекеттік құрылымының түрі. Бірлестік мүдделі тараптардың арасындағы келісімшарт негізінде құрылады.

**KONFÖDERATION, die** (lat. confoederatio – Bündnis, Vereinigung) – Staatsform, die ein ständiges Bündnis von zwei oder einigen souveränen Staaten darstellt, das für die Realisierung bestimmter Ziele und auf der Grundlage eines Vertrags zwischen den interessierten Seiten gebildet wird.

**КОНФРОНТАЦИЯ** (лат. con – қарсы, front / frontis – маңай, майдан) – мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығысқа әкеліп соқтыруы мүмкін егес, шиеленіс. Мұндай шиеленіс жиі-жиі соғыс қимылдарына ұласқан.

**KONFRONTATION, die** (lat. con-gegen, front / frontis – Stirn) – Spannung, gefährliches Gegenüberstehen in den Beziehungen zwischen Staaten, die den militärischen Konflikt zur Folge haben kann. Öfters hat die Konfrontation zu einem offenen Krieg geführt.

**КОНЦЕССИЯ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ)** (лат. concessio – рұқсат, мойындау) – мемлекеттің шетелдіктерге арнайы шарт негізінде өз аймағында нақты өндірістік-экономикалық қызмет атқаруға беретін рұқсаты.

**INTERNATIONALE KONZESSION, die** (lat. concessio – Genehmigung, Zugeständnis) – das Recht, das vom Staat Ausländern gewährt wird, gemäß den Sonderverträgen auf seinem Hoheitsgebiet konkrete Produktions – und wirtschaftliche Tätigkeit auszuüben.

**КӨЗ БОЛУ** – өзінің ұлттық экономикасын шетелдік бәсекеден қорғау мақсатында іске асырылатын мемлекет шараларының жүйесі.

**PROTEKTIONISMUS, der** (lat. protectio – Deckung, Schutz) – System von Maßnahmen, die durch den Staat zum Schutz seiner nationalen Wirtschaft vor der ausländischen Konkurrenz getroffen werden.

**«КӨЛЕҢКЕДЕГІ КАБИНЕТ»** (ағыл. shadow cabinet) – Ұлыбританияның басты оппозициялық партиясының парламенттік комитеті. Елдің конституциясына байланысты парламенттік сайлауда көп дауыс алған партияның басшысы үкімет құрады. Ал дауыс бойынша екінші орындағы партия парламентте «Ұлы мәртебелінің ресми оппозициясы» болады. Оппозициядағы партияның парламенттік фракциясы мүшелерінен «Көлеңкедегі кабинет» құрылады.

**SCHATTENKABINETT, das** – (engl. shadow cabinet) Parlamentskabinet der führenden Oppositionspartei Großbritanniens. Nach der Verfassung des Landes bildet der Vorsitzende der in den Parlamentswahlen gewonnenen Partei die Regierung. Die nach der Zahl zweitgrößte Parlamentspartei wird zur «offiziellen Opposition Ihrer Hoheit». Aus den Mitgliedern der oppositionellen Parteifraktion wird das «Schattenkabinet» gebildet.

**КҮШІН ЖОЮ / ТОҚТАТУ** – мемлекеттің өзі қабылдаған халықаралық шарт міндеттерінен бас тартуы. Халықаралық шарт күшін тоқтатудың бас тартудың өзге түрлерінен айырмашылығы – осы құқық сол шарт ішінде тиісті түрде рәсімделген.

**KÜNDIGUNG, die** – Verzicht eines Staates auf den von ihm abgeschlossenen internationalen Vertrag. Im Unterschied zu anderen Formen zeichnet sich die Rechtsgültigkeit der Kündigung dadurch aus, dass das Recht auf die Kündigung selbst im Vertragstext vorzusehen ist.

**КҮШПЕН КӨШІРЛІП / АЙДАП ӘКЕТІЛГЕН АДАМДАР** – екінші дүниежүзілік соғысы барысында жаулап алынған аумақтардан негізінен арзан жұмыс күші ретінде пайдалану мақсатында зорлап, күшпен айдалып әкетілген адамдар.

**ZWANGSUMGESIEDELTE, der / die** – Personen, die während des zweiten Weltkriegs aus okkupierten Gebieten hauptsächlich als billige Arbeitskraft zwangsmäßig umgesiedelt wurden.

**КҮШПЕН НЕ КҮШ ПАЙДАЛАНУ ӘРЕКЕТІМЕН СЕС КӨРСЕТУ** – БҰҰ Жарғысында БҰҰ-ға мүше елдер халықаралық қатынастарда Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарына қайшы келетін қандай да болмасын бір мемлекетке, оның аумағының біртұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күшпен сес көрестуден немесе күш қолданудан бас тарту не тоқтай тұруы керек деп көрсетілген. Күшпен немесе күш пайдалану әрекетімен сес көрсеткен мемлекет сол үшін жауап беруге тиісті.

**GEWALTANDROHUNG ODER GEWALTANWENUNG, die** – die UNO-Charta sieht in internationalen Beziehungen den Verzicht oder die Zurückhaltung von der Gewaltandrohung oder – anwendung bezüglich der territorialen Unantastbarkeit oder politischer Unabhängigkeit eines Staates so auch durch eine andere Weise vor, die den Zielen der UNO widerspricht. Ein Staat, der gesetzwidrig Gewalt anwendet oder mit Gewaltanwendung droht, muss dafür Verantwortung tragen.



**КІРІГУ** – жалпы мағынада «әртүрлі бөліктерінен біртұтастықты құрастыру» деген ұғымды білдіреді.

**INTEGRATION, die** (lat. integratio – Wiederherstellung eines Ganzen) – bedeutet im weitesten Sinne «Herstellung einer Einheit aus verschiedenen Elementen».

**КІРІСПЕ** – тараптардың аттары, шарт жасасу мақсаттары, оның халықаралық құқықтың басқа шарттарымен, олардың қағидаларымен және нормаларымен байланысы атап көрсетілетін халықаралық шарттың кіріспе бөлігі.

**PRÄAMBEL, die** (franz. preambule – Vorspruch, Einleitung) – feierliche Einleitung bei völkerrechtlichen Verträgen, wo die den Vertrag abschließenden Parteien sowie Motive der Vertragsschließung, sein Zusammenwirken mit anderen Verträgen, mit Prinzipien und Normen des Völkerrechts dargelegt werden.

**КІРІСПЕУ** – бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының өзге бір елдің ішкі және сыртқы істеріне тікелей немесе жанама түрде араласуына тыйым салатын халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**NICHTEINMISCHUNG, die** – eines der Hauptprinzipien des Völkerrechts, gemäß dem kein Staat oder keine Staatengruppe das Recht hat, sich direkt oder indirekt in die inneren und äußeren Angelegenheiten eines anderen Staates einzumischen.

## Қ

**ҚАБЫЛДАУШЫ МЕМЛЕКЕТ** – аумағында халықаралық мәслихат, халықаралық органның сессиясы немесе басқа жиналыстар өтетін, халықаралық ұйымның штаб-пәтері немесе шетелдік мемлекеттің өкілдігі орналасқан мемлекет.

**EMPFÄNGERSTAAT, der** – ein Staat, auf dessen Hoheitsgebiet eine internationale Konferenz, Beratung, Sitzung einer internationalen Organisation u.ä. durchgeführt werden und wo der Sitz der internationalen Organisation oder die Vertretung eines ausländischen Staats untergebracht ist.

**ҚАЛАП АЛУ** – өз еркімен екі мемлекет азаматтығының бірін таңдау, қалап алу.

**OPTION, die** (lat. optatio – Wunschform, Wahl) – freiwillige Wahl zwischen zwei Staatsangehörigkeiten.

**ҚАМҚОРСЫМАҚ** – бір мемлекеттің өз сыртқы істерін жүргізу және аумағын қорғау мәселелерін екінші бір мемлекетке тапсыру сияқты тәуелділігінің бір нысаны.

**PROTEKTORAT, das** (lat. protector – Schutzherrschaft, Verteidiger) – eine der Formen der Abhängigkeit, wo ein Staat einem fremden Staat Führung seiner auswärtigen Angelegenheiten und militärischen Schutz seines Hoheitsgebiets anvertraut.

**ҚАРАҚШЫЛЫҚ** – ашық теңізде кемелерді немесе ұшақтарды басып алу, тоқтату немесе тонау сияқты халықаралық мәнді қылмыс.

**PIRATERIE, die / SEERÄUBEREI, die** – völkerrechtliches Verbrechen, Gewalthandlungen gegen Schiffe oder Flugkörper wie Festnahme, Aufhalten oder Erbeutung auf offener See.

**ҚАРАП** – халықаралық мәслихаттың немесе халықаралық үкіметаралық ұйымдары органдарының қабылдаған шешімдерінің бір түрі, әдетте ұсыныстық сипатта болады.

**RESOLUTION, die** (lat. resolutio – Beschluß, Entscheidung) – eine Entscheidung, die in einer internationalen Konferenz oder durch das Organ einer internationalen Regierungsorganisation getroffen wird und in der Regel einen empfehlenden Charakter hat.

**ҚАРСЫ ТҮРУШЫЛЫҚ** – мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығысқа әкеліп соқтыруы мүмкін егес, шиеленіс. Мұндай шиеленіс жиі-жиі соғыс қимылдарына ұласқан.

**KONFRONTATION, die** (lat. con-gegen, front/frontis – Stirn) – Spannung, gefährliches Gegenüberstehen in den Beziehungen zwischen Staaten, die den militärischen Konflikt zur Folge haben kann. Öfters hat die Konfrontation zu einem offenen Krieg geführt.

**ҚАРУЛАНДЫРУ (АУМАҚТЫ ҚАЙТАДАН)** – мемлекеттің қарусыздандырылған аудандағы әскери құрылыстар мен бекіністерді қайтадан салып, қарулы күштерді орналастыруы, басқа да әскери және әскери-экономикалық сипаттағы шараларды іске асыруы.

**REMILITARISIERUNG DER GEBIETE** – Wiederaufbau militärischer Einrichtungen und Befestigungen durch den Staat, Stationierung der Streitkräfte, Durchführung anderer Maßnahmen militärischer und militärisch-wirtschaftlicher Art auf dem entmilitarisierten Gebiet.

**ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ** – белгілі бір аумақты бейбітшілік кезеңде әскери мақсатқа қолдануға тыйым салатын халықаралық-құқықтық тәртіп.

**ENTMILITARISIERUNG, die; DEMILITARISIERUNG, die** – völkerrechtliches Verfahren für ein bestimmtes Gebiet, das die Anwendung dieses Gebietes in friedlicher Zeit zu militärischen Zwecken verbietet.

**ҚАРУСЫЗДАНУ** – жанталаса қарулануды тоқтату, соғыс қимылдарын жүргізу құралдарына шек қою, қысқарту және оларды жоюға бағытталған шаралардың жиынтығы.

**ABRÜSTUNG, die** – Gesamtheit von Maßnahmen, die auf die Einstellung des Wettrüstens, Einschränkung, Reduzierung und Liquidierung der Krieg führenden Mittel gerichtet sind.

**ҚАРУСЫЗДАНУДЫҢ ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАЙ ШАРАЛАРЫ** – қару-жарақтың кейбір түрлері мен жүйелеріне шек қою, оларды қысқарту және

жою, қарудың белгілі бір түрлерін қолдануға тыйым салу немесе шектеу, қарулы күштер мен қару-жарақты қысқарту, соғыс бағдарламаларын іске асыруды кідірту немесе тоқтату.

**TEILABRÜSTUNGSMASSNAHMEN, Pl.** – Einschränkung, Reduzierung und Liquidierung einzelner Waffenarten und -systeme, Verbot oder Einschränkung der Anwendung dieser Waffentypen, Reduzierung der Streitkräfte und Waffen, Einstellung oder Einfrieren der Realisierung militärischer Programme.

**ҚАРЫМТА** – басқа мемлекеттің қас әрекеттерінің салдарынан өзіне тиген рухани және материалдық зиянға жауап ретінде халықаралық құқық нормасын бұзбай, қарулы күштерін қолданбай-ақ іске асырар мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары.

**RETORSION, die** (lat. retorsio – Zurückdrehung) – die mit dem Einsatz der Streitkräfte nicht verbundenen, nicht rechtswidrigen Vergeltungsmaßnahmen eines Staates gegen die ihm moralischen und materiellen Schaden zufügenden, unfreundlichen, aber die Normen des Völkerrechts nicht verletzenden Handlungen eines fremden Staates.

**ҚАУІПСІЗДІК (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ)** – жалпы бейбітшілікті бұзуға немесе халықтар қауіпсіздігіне қандай да болмасын қауіп төндіруді болдырмауға бағытталған халықаралық қатынастың күйі.

**INTERNATIONALE SICHERHEIT, die; WELTSICHERHEIT, die** – Stand internationaler Beziehungen, die die Verletzung des Weltfriedens oder die Gefahr für die Sicherheit der Völker in jeglicher Form ausschließt.

**ҚОЛ СҰҚПАУ** – бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының өзге бір елдің ішкі және сыртқы істеріне тікелей немесе жанама түрде араласуына тыйым салатын халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**NICHTEINMISCHUNG, die** – eines der Grundprinzipien des Völkerrechts, dem zufolge kein Staat oder keine Staatengruppe das Recht hat, sich direkt oder indirekt in die inneren und äußeren Angelegenheiten eines anderen Staates einzumischen.

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ** – адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында жердің биосферасын сақтау және жақсартуға бағытталған шаралардың жиынтығы.

**UMWELTSCHUTZ, der** – Gesamtheit von Maßnahmen, die auf den Schutz und die Besserung der Biosphäre der Erde für die Gewährleistung optimaler Lebensbedingungen für die Menschen gerichtet ist.

**ҚОРЫТЫНДЫ АҚТІ** – халықаралық мәслихаттарды (конгрестерді, жиыныстарды) қорытындылайтын құжаттың аты.

**SCHLUSSAKT, der** – Benennung eines Dokuments, das die Ergebnisse einer internationalen Konferenz (eines Kongresses, einer Beratung) beinhaltet.

**ҚОРЫТЫНДЫ ХАТТАМА** – келісімге келуші тараптардың қажет болған кезде келісімдерге кейбір толықтырулар, анықтаулар және т.т. енгізу, бөлек баптарға түсінік беруі туралы арнайы қол қойылған қосымша актілер.

**ABSCHLUSSPROTOKOLL, das** – ein besonderer Akt, der von den Vertragsseiten bei der Aufnahme in den Vertragstext einiger Bemerkungen, Erläuterungen u.ä. unterschrieben wird, welche die Bestimmungen einzelner Artikel erläutern.

**ҚҰЗІПЕТ** – қандай да болмасын мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның үлесіндегі ерекше құқық.

**PRAEROGATIV, das** (lat. praerogativus – Vorrecht), das Sondervorrecht, das einer staatlichen Behörde oder einer Amtsperson zugehört.

**ҚҰНСЫЗДАНУ / ИНФЛЯЦИЯ МӨЛШЕРІ** – елдегі бағаның өсу жылдамдығын білдіретін өлшем, әдетте белгілі бір мерзім ішінде (1/5/10 жылға) беріледі.

**INFLATIONSRATE:** Messzahl für die Geschwindigkeit der Preissteigerung. Sie wird für einen definierten Zeitraum (in der Regel 1 Jahr/ 5 Jahre/ 10 Jahre) berechnet.

**ҚҰҚЫҚ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ)** – 1) Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты реттейтін және олардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін заңдық қағидастар мен қалыптардың жүйесі. 2) Заң ғылымдарының саласы.

**VÖLKERRECHT, das; INTERNATIONALES RECHT** – 1) System juristischer Prinzipien und Normen, die die Beziehungen zwischen Staaten regeln und ihre Rechte und Pflichten untereinander bestimmen; 2) Zweig der Jurisprudenz.

**ҚҰНЫН ТӨЛЕУ** – халықаралық құқықты бұзудың салдарынан халықаралық құқық субъектісінің екінші халықаралық құқық субъектісіне тигізген шығындарын өтеу материалдық жауапкершілігінің бір нысаны.

**REPARATION, die / WIEDERGUTMACHUNG, die** (lat. reparatio – Wiederherstellung) – eine Form der materiellen Verantwortung des Völkerrechtssubjekts für den Schaden, der infolge seiner Rechtsverletzung einem anderen Völkerrechtssubjekt zugefügt worden war.

**«ҚЫРҒИ-ҚАБАҚ СОҒЫС»** – халықаралық қатынастарда жанталаса қарулануды тездету, соғыс блоктарын құру, күшпен немесе күш пайдалану әрекетімен қорқытуға және басқа мемлекетке қарсы қастандық әрекеттерді жандандыруға бағытталған мемлекет саясатын білдіру үшін қолданылатын ұғым.

**«KALTER KRIEG»** – Staatspolitik, die durch das forcierte Wettrüsten, Gründung militärischer Blocks, Gewaltanwendung oder – drohung in den internationalen Beziehungen und Intensivierung der subversiven Tätigkeit gegen einen fremden Staat charakterisiert wird.

**ҚЫСҚАРТА ҚОЛ ҚОЮ** – халықаралық шартқа (немесе оның бір баптарына) келісімге келуші тараптардың өкілетті уәкілдерінің осы шарт мәтініне келісетіндіктерін білдіріп, аттарының бастапқы әріптерін ғана көрсетіп, қысқарта қол қоюы.

**PARAPHIERUNG, die** (franz. *paraphe* – abgekürzter Namenszug) – vorläufige Unterzeichnung eines Vertrags (oder seiner einzelnen Artikel) mit Initialen der bevollmächtigten Vertreter jeder den Vertrag abschließenden Seiten als Zeichen der Zustimmung dem Vertragswortlaut.

## Л

**ЛАҢКЕСТІК, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ** – адамдардың мағынасыз өліміне соқтыратын, мемлекеттердің және олардың дипломатиялық қызметінің жұмысына кеселін тигізіп, халықаралық қатынастарға, кездесулерге және елдер арасындағы көлік байланыстарына қиындықтар келтіретін қоғамға қауіпті халықаралық деңгейдегі іс-қимылдар.

**TERRORISMUS, internationaler** (lat. *terror* – Angst, Entsetzen) – gesellschaftsgefährliche gewalttätige Aktionen internationalen Maßstabs, die zum sinnlosen Tod der Menschen führen, normale diplomatische Tätigkeit der Staaten und ihrer Vertreter stören und Durchführung internationaler Kontakte, Begegnungen sowie den Verkehr zwischen den Staaten erschweren.

**ЛЕНД-ЛИЗ** (ағыл. *lend* – lease, *lend* – қарызға беру, *lease* – жалға беру) – екінші дүниежүзілік соғыс жылдары АҚШ-тың антигитлерлік бірлестіктегі одақтас елдерге қару-жарак, оқ-дәрі, шикізат, тамақ, тауарларды және т.т. қарызға не жалға беру жүйесі. Ленд-лиз заңы 1941-ші жылдың 11-ші наурызында қабылданды.

**LEND-LEASE** (Engl. *lend* – lease, *lend* – leihen, *lease* – Pachtvertrag) – das von den USA während des zweiten Weltkriegs 1939–1945 eingeführte System zur Versorgung der Alliierten der Anti-Hitler-Koalition mit Waffen, Munitionen, Rohstoffen, Lebensmitteln, Gütern u.a. Das Gesetz über Lend-lease wurde am 11. März 1941 verabschiedet.

**ЛИЦЕНЗИЯ** (лат. *licentia* – еркіндік, құқық, рұқсат) – 1) Экспорттық немесе импорттық рұқсатнама – мемлекеттік құқылы ұйымдар беретін тауарларды шетке шығаруға немесе шетелден әкелуге рұқсат беретін қағаз (құжат). 2) Патенттік рұқсатнама – өнертапқыштықты, тауарлар белгісін немесе басқа да өнеркәсіптік меншікті пайдалануға рұқсат беретін қағаз (құжат).

**LIZENZ, die** (lat. *licentia* – Freiheit, Recht, Genehmigung) – 1) Export – oder Importlizenz – Genehmigung, die zuständige staatliche Behörden für die Aus – oder Einfuhr von Waren aus gibt; 2) Patentlizenz – Genehmigung zur Nutzung einer Erfindung, eines (Waren-) Markenzeichens oder anderer Arten des industriellen Eigentums.

## М

**МАЗМҮНДАМА** – халықаралық келісімдердің болғаны жайлы, халықаралық келіссөздер барысы немесе нәтижелері туралы ресми хабарлама.

**KOMMUNIQUE, das** (Fr. *communiqué* – amtliche Mitteilung) – offizielle Mitteilung über den Ablauf und die Ergebnisse internationaler Verhandlungen, über die abgeschlossenen völkerrechtlichen Verträge usw.

**«МАРШАЛЛ ЖОСПАРЫ»** – екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ берген экономикалық көмекпен Еуропаны қалпына келтіру және дамыту бағдарламасы. Жоспарды 1947 жылы 5-ші шілдеде АҚШ мемлекеттік хатшысы Дж. К. Маршалл ресми түрде жариялады.

**«MARSHALLPLAN»**, **der** – Wiederaufbau – und Entwicklungsprogramm (ERP – Hilfe – Europäisches Wiederaufbauprogramm) nach dem zweiten Weltkrieg auf der Grundlage der wirtschaftlichen Hilfe der USA für Europa. Dieser Plan wurde vom Staatssekretär der USA G.C.Marshall am 5.Juni 1947 offiziell bekanntgegeben.

**МӘЖБҮРЛЕУ/ МӘЖБҮР ЕТУ** – халықаралық құқықты бұза отырып, елге рухани және материалдық зиян тигізетін басқа бір мемлекеттің әрекеттеріне жауап ретінде мемлекеттің іске асырар күшпен мәжбүрлеу заңды әрекеті.

**REPRESSALIE, die** (lat. *repressaliae* – aufhalten, festhalten) – rechtmäßige Vergeltungsmaßnahme des Staates gegen völkerrechtswidrige Handlungen eines anderen Staates, durch die dem ersten Staat moralischer oder materieller Schaden zuzufügt worden war.

**МӘЛІМДЕМЕ** – өздерінің ішкі және сыртқы саясаттағы ұстанымдарына немесе нақты мәселелерге деген көзқарасты білдіретін бір, екі не көпжақты жариялама.

**DEKLARATION, die; ERKLÄRUNG, die** (lat. *declaratio* – Kundgebung, Erklärung) – eine ein-, zwei – oder mehrseitige Erklärung über die Prinzipien der Innen – oder Außenpolitik eines Staates sowie über seine Position zu konkreten Problemen.

**МӘМЛІЛЕГЕР** – белгілі бір мемлекеттің шетелдік мемлекеттермен ресми қарым-қатынастарын жүзеге асыру барысында жұмыс жүргізетін арнайы дайындығы бар мемлекеттік лауазымды адам.

**DIPLOMAT, der** – eine mit der Realisierung diplomatischer Beziehungen des Entsendestaates mit fremden Staaten beauftragte Persönlichkeit, die über dafür geeignete Kenntnisse verfügt.

**МӘМЛІЛЕГЕРЛІК** – мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асырудың құралы, қойылған мақсаттың түріне сай, нақты шарттарды ескере отырып іске асырылатын, соғыс әрекетіне жатпайтын практикалық әрекеттер,

тәсілдер мен әдістердің жиынтығы. Дипломатия ұғымын халықаралық қайшылықтардың алдын алу немесе реттеу, келісімге немесе екі тарапты мәмілеге келтірер шешімдерді іздеу, сонымен қатар халықаралық ынтымақтастықты дамыту және тереңдету мақсатындағы келіссөздерді жүргізу шеберлігімен де байланыстырады.

**DIPLOMATIE, die** – Mittel für Durchführung der Außenpolitik eines Staates, die die Gesamtheit friedlicher praktischer Maßnahmen, Verfahren und Mittel darstellen, die unter Berücksichtigung konkreter Bedingungen und des Charakters der zu lösenden Aufgaben verwendet werden. Auch die Kunst der Verhandlungsführung, um internationalen Konflikten vorzubeugen, nach Kompromissen zu suchen und gegenseitig akzeptable Lösungen zu finden sowie internationale Zusammenarbeit auszubauen und zu vertiefen.

**МӘРТЕБЕ** – жеке немесе заңды тұлғаның халықаралық құқықтағы құқықтық орны, жағдайы.

**STATUS, der** (lat. status – Stand der Sache, Zustand) – Rechtsstellung einer physischen oder juristischen Person im Völkerrecht.

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ** – өкілеттігі елдің Ата Заңымен белгіленетін мемлекеттік басшылық пен сыртқы өкілдіктің ең жоғарғы конституциялық органы.

**STAATSOBERHAUPT, das; STAATSCHEF, der** – der oberste Repräsentant der Staatsführung und der Außenvertretung des Landes, dessen Vollmachten durch die Verfassung bestimmt werden.

**МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЕГЕМЕНДІК ТЕҢДІГІ** – барлық мемлекеттердің тең құқылығы мен жауапкершілігі, экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйелеріндегі айырмашылықтарға қарамай олардың халықаралық бірлестікте тең құқылы мүшеліктерін білдіретін халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**SOUVERÄNE GLEICHHEIT DER STAATEN** – eines der grundlegenden Prinzipien des Völkerrechts, laut dem alle Staaten unabhängig der Unterschiede in ihrem wirtschaftlichen, sozialen und politischen System über gleiche Rechte und Verpflichtungen verfügen und gleichberechtigte Mitglieder der Weltgemeinschaft sind.

**МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МҰРАҒЕРЛІГІ** – бір мемлекеттің құқықтары мен мұрагерлігінің екінші бір мемлекетке өтуі. Құқықтық мұрагерлік халықаралық шарттар, мемлекеттік меншік, мұрағаттар мен қарыздарды да қамти алады.

**RECHTSNACHFOLGE DER STAATEN** – Übergang der Rechte und Verpflichtungen eines Staates auf den anderen. Die Rechtsnachfolge kann unter anderem bezüglich völkerrechtlicher Verträge, staatlichen Eigentums, Archive und Schulden vollzogen werden.

**МЕМЛЕКЕТТІК АУМАҚ** – аталмыш мемлекеттің шекарасы ішінде орналасқан және оның егемендігі иелігіне қарайтын жер шарының сулық, құрлықтық және әуедегі бөлігі.

**STAATSTERRITORIUM, HOHEITSGEBIET DES STAATES, das** – Teile der Grund-, Wasser – und Luftoberflächen des Erdballs, die innerhalb der Grenze eines Staates liegen und seine Souveränität genießen.

**МЕМЛЕКЕТТІК ӘНУРАҢ** – ресми мемлекеттік шаралар кезінде, мерекелік жиындарда, шетелдік мемлекеттік немесе үкіметтік делегациялар келіп-кетерде ойналатын, мемлекеттің егемендік рәміздерінің бірі болып табылатын шалтты, рух берер әуен.

**NATIONALHYMNE, die** – patriotischer Gesang, Sympol der Staatsunabhängigkeit, wird während offizieller Staatsveranstaltungen, Feierlichkeiten, beim Empfang oder der Verabschiedung ausländischer Staats – und Regierungsdelegationen gespielt und gesungen.

**МЕМЛЕКЕТТІК ТУ / БАЙРАҚ** – мемлекет егемендігі рәміздерінің бірі. Мемлекеттік ту мемлекеттік дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелер және басқа да ресми ғимарат үйлерінде көтеріледі.

**STAATSFAHNE, die** – eines der Symbole der staatlichen Souveränität. Die Staatsfahne wird auf Gebäuden diplomatischer und Handelsvertretungen des Staates, Konsularabteilungen sowie anderer offizieller Gebäude gehissen.

**МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА** – мемлекет аумағының, оның егемендігінің құрлықтағы, өзен-судағы, жер қойнауындағы, әуе кеңістігіндегі белгіленген шегі.

**STAATSGRENZEN, Pl.** – Linien, die Grenzen des Hoheitsgebietes des Staates, u. z. des Festlandes, der Gewässer und Bodenschätze, des Luftraumes, d.h. Grenzen seiner Souveränität festlegen.

**МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЕТЕЛДІК ЗАҢ ҚҰЗІРЕТІНЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІ** – халықаралық құқықтың БҰҰ-ның Жарғысында бекітілген мемлекеттердің егемендігі мен егеменді теңділігіне негізделген танымал ұстаным. Мемлекеттердің егеменді теңділігіне және тәуелсіздігіне принципіне байланысты бірде-бір мемлекет басқа мемлекетте өз құзырын пайдалана алмайды.

**IMMUNITÄT DES STAATES VOR AUSLÄNDISCHER JURISDIKTION** – allgemein angenommenes Prinzip des Völkerrechts, das sich aus dem Prinzip der Souveränität und der souveränen Gleichheit der Staaten ergibt, die in der UNO-Satzung festgehalten ist. Sie bedeutet, dass die Staaten und Ihre Hoheitsträger nicht der Rechtsprechungsgewalt anderer Staaten unterliegen.

**МЕМОРАНДУМ** (лат. memorandum – есте ұстау керек) – дипломатиялық құжаттың бір түрі. Меморандумның ерекшелігі белгілі бір мәселе-

ні деректілік немесе заңдылық жағынан дәйекті түрде толық баяндайды. Меморандум дипломатиялық нотаға қосымша ретінде де берілуі мүмкін.

**MEMORANDUM, das** (lat. memorandum – Denkschrift) – Art des diplomatischen Dokuments. Die Besonderheit des Memorandums besteht darin, dass es eine ausführliche Beschreibung der faktischen oder rechtlichen Seite einer Frage enthält. Es kann als Anlage zur diplomatischen Note beigefügt werden.

**МОДУС ВИБЕНДИ** (лат. modus vivendi – өмір сүру тәсілі) – тұрақты немесе ұзақ мерзімді келісімге келуге белгілі бір жағдайлар болмаған кезде уақытша, әдетте қысқа уақытқа жасалған келісімді білдіретін ұғым.

**MODUS VIVENDI, der** (lat. modus vivendi – Existenzart) – Fachbegriff für eine vorläufige, gewöhnlich kurzfristige Vereinbarung bei Umständen, die keine ständige oder langfristige Ubereinkunft zulassen.

**МОДУС ПРОСЕДЕНДИ** (лат. modus procedendi – қимылдау тәсілі, түрі) – халықаралық келісім бойынша белгілі бір міндеттеме немесе әрекет қалайша және қай ретте орындалуы керек екендігін білдіретін ұғым.

**MODUS PROCEDENDI, der** (lat. modus procedendi – Art und Weise des Verfahrens) – Fachbegriff, der bezeichnet, auf welche Art und Weise und in welcher Reihenfolge eine Verpflichtung oder ein Verfahren gemäß dem internationalen Abkommen erfolgen soll.

**МОРАТОРИЙ** (лат. mora – тежейтін, шек қоятын) – халықаралық құқық субъектілерінің белгілі бір іс-қимылдарды белгілі не белгісіз бір мерзімге тоқтату немесе тежеу туралы уағдаластығы.

**MORATORIUM, das** (lat. mora – Verzögerung) – Vereinbarung der Völkerrechtssubjekte über die Befristung oder Zurückhaltung von einem Akt für eine bestimmte oder unbestimmte Zeit.

**МУТАТИС МУТАНДИС** (лат. mutatis mutandis – қажетті өзгерістермен, түзетулермен) – халықаралық-құқықтық актілерде қолданылатын термин, ауыстырылуы керек ұғымдарды байқалған алшақтықтар мен тиісті өзгерістерді ескере отырып ауыстыру деген ұғымды білдіреді.

**MUTATIS MUTANDIS** (lat. mutatis mutandis – mit den nötigen, Details betreffenden Änderungen und Abänderungen) – in Völkerrechtsakten: mit Abänderung dessen, was geändert werden muss; mit Berücksichtigung der bestehenden Unterschiede; mit den nötigen Abänderungen.

**МЫҢЖЫЛДЫҚ САММИТИ** – Нью Йоркте 2000-шы жылы 6–8 қыркүйек аралығында 150-ден аса мемлекет және үкімет басшылары қатысқан кездесуде сегіз тақырыпты қамтыған декларация қабылданды (оның ішінде бейбітшілік, қауіпсіздік және қарусыздану, экономикалық даму, кедейшілікті жою, қоршаған ортаны қорғау салалары бар). Қатысушы елдер БҰҰ бейбітшілік топтарына қаржыны көбірек бөлу арқылы бейбітшілікті нығайту жолындағы әрекеттерді күшейту мен 2015-ші жыл-

ға дейін кедейшілікті, сауатсыздықты және СПИД пен басқа да эпидемиялық ауруларды жоюда айтарлықтай жетістіктерге жету ХХІ ғасырдың басты мәселелері деп белгіледі.

**MILLENNIUMSGIPFEL, der** – das Treffen (6.–8.09.2000) in New-York, an dem mehr als 150 Staats – und Regierungschefs teilnahmen. Annahme einer acht Themenbereiche umfassenden Deklaration (u.a. Frieden, Sicherheit und Abrüstung; Entwicklung und Armutbeseitigung; Schutz der Umwelt). Die Mitgliedstaaten bekannten sich zu den Hauptaufgaben für das 21.Jahrhundert: Anstrengungen für die Friedenssicherung durch die Bereitstellung von mehr Mitteln für die UN-Friedenstruppen zu verstärken und bis zum Jahr 2015 deutliche Fortschritte bei der Bekämpfung von Armut, Analphabetentum sowie AIDS und anderen epidemischen Krankheiten zu erzielen.

## Н

**НАТО** (ағыл. North Atlantic Treaty Organisation) – Солтүстік Атлантика Одағы 1949-шы жылы АҚШ белсенділігімен құрылды. НАТО басқару органдары – Солтүстік Атлантика кеңесі мен Әскери жоспарлау комитеті. Басқару органдарының штаб-пәтері Брюссель қаласында орналасқан. Осы одақтың басқару органдарының жұмысы мен кеңесу барысын Халықаралық хатшылықты басқаратын НАТО-ның Бас хатшысы ұйымдастырады.

**NATO, die** (engl. North Atlantic Treaty Organization) – Organisation der Signatarmächte des Nordatlantikpaktes, wurde auf Initiative der USA 1949 gebildet. Oberste Organe der NATO sind der Nordatlantikrat (NATO-Rat) und der Verteidigungsplanungsausschuß. Der Sitz der höchsten Organe des Paktes ist in Brüssel. Die Arbeit der obersten Organe des Bündnisses und Beratungen werden vom NATO-Generalsekretär ausgeübt, der das Internationale Sekretariat leitet.

**НӘСІЛШІЛДІК** – белгілі бір нәсіл адамдарының дене және психологиялық артықшылығын уағыздауға бағытталған, жалған, ғылыми кертартпа ұғымға негізделген идеология мен практика. Нәсілшілдіктің қандай түрі болмасын жалпы қабылданған халықаралық қағидалар мен нормаларға қайшы келеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен жыл сайын 21-ші наурыз нәсілшілдікке қарсы күрес күні болып аталып өтіледі.

**RASSISMUS, der** – Gesamtheit von Theorien und Praxis, die auf einer falschen wissenschaftlichen und reaktionären Lehre von der physischen und psychologischen Überlegenheit der Menschen einer bestimmten Rasse gegen andere begründet ist. Der Rassismus widerspricht in allen seinen Erscheinungsformen allen allgemein angenommenen völkerrechtlichen Prinzipien und Normen. Nach Beschluss der UNO wird jedes Jahr am 21.März Tag des Kampfes gegen Rassismus begangen.

**НЕЙТРАЛИТЕТ** (лат. neuter – не ол не бұл емес) – әскери қатығыстарға араласпау, әскери одақтар мен блоктарға мүше болмау, өз аумағын шетелдік әскерлер мен әскери базаларға бермеу қағидасын білдіретін мемлекеттің айрықша халықаралық-құқықтық мәртебесі.

**NEUTRALITÄT, die** (лат. neuter – weder noch) – ein besonderer Rechtsstatus eines Staates, gemäß dem er an keinen bewaffneten Konflikten teilnimmt, kein Mitglied der militärischen Bündnisse oder Allianzen wird sowie sein Territorium den ausländischen Streitkräften und militärischen Stützpunkten nicht zur Verfügung stellt.

**НОТАЛАР АЛМАСУ** – халықаралық шарттар жасасу нысандарының бір түрі. Әдетте дипломатиялық қатынастар орнату, дипломатиялық миссияны елшілік етіп қайта құру, белгілі бір шарттың кейбір тұжырымдамаларын анықтау тәрізді мемлекеттік келісімдер жасасу барысында пайдаланылады.

**NOTENWECHSEL, der** – eine der Formen der Abschließung der Abkommen zwischen den Staaten zu solchen Fragen wie Aufnahme diplomatischer Beziehungen, Umbildung der diplomatischen Vertretung in die Botschaft, Konkretisierung einzelner Bestimmungen eines Vertrages, seiner Kündigung, Übergabe des Eigentums u.a.

**НОТИФИКАЦИЯ** (лат. notificare – жазбаша мәлімдеу) – дипломатиялық және шарт жасасу практикасында кең қолданылатын ресми мәлімдеме.

**NOTIFIZIERUNG, die** (лат. notificare – mitteilen, berichten) – eine offizielle Benachrichtigung, die in der diplomatischen Tätigkeit und beim Vertragsabschluss verbreitet ist.

**НУНЦИЙ** (итал. nunzio; лат. nuntius – өкіл) – Рим папасының Ватикан дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттердегі дипломатиялық өкілі. Көптеген католик дініндегі елдерде сенім грамотасын қашан тапсырғанына қарамастан Нунций дипломатиялық корпусының ақсақалы (дуаіені) болып табылады.

**NUNTIUS, der** (ital. nunzio, lat. – nuntius – Bote) – diplomatischer Vertreter des römischen Papstes in Staaten, mit denen Vatikan diplomatische Beziehungen unterhält. In vielen katholischen Ländern ist Nuntius unabhängig von der Zeit der Übergabe des Beglaubigungsschreibens Doyen des diplomatischen Corps.

## О

**ОККУПАЦИЯ, ӘСКЕРИ** (лат. occupatio – жаулап алу, басып алу) – бір елдің қарулы күштерінің басқа бір елдің аумағын немесе аумағының бір бөлігін жаулап алып, сол жерде әскери әкімшілік билігін орнатуы.

**MILITÄRISCHE OKKUPATION, die** (лат. occupatio – Besetzung) – provisorische Besetzung des Hoheitsgebiets (oder eines Teils) eines Staates

durch Streitkräfte eines fremden Staates und Errichtung der Besatzungsmacht auf dem okkupierten Territorium.

**ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ АССОЦИАЦИЯСЫ (ҚАУЫМДАСТЫҒЫ)** (Association of South East Asian Nations), **ASEAN-ACEAN** 1967-ші жылы шамамен 324 миллион тұрғындары бар алты мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірігуі арқылы құрылды. Орталығы Джакарта қаласында (Индонезия) орналасқан. Қызмет органдары: хатшылық, 11 салалық комитеттері (сауда, индустрия, ауыл шаруашылығы, көлік, қаржы т.б.).

**VEREINIGUNG SÜDOSTASIATISCHER NATIONEN** – (Association of South East Asian Nations), **ASEAN** 1967 gegründeter Zusammenschluss von sechs Staaten mit insgesamt rd. 324 Mio. Einwohnern zur politischen, wirtschaftlichen und sozialen Zusammenarbeit mit Sitz in Jakarta (Indonesien). Arbeitsorgane: Sekretariat, 11 Branchenausschüsse (für Handel, Industrie, Landwirtschaft, Verkehr, Finanzen u.a.).

**ОПТАЦИЯ** (лат. optatio – қалау, таңдау) – өз еркімен екі мемлекет азаматтығының бірін таңдау, қалап алу.

**OPTION, die** (лат. optatio – Wunschform, Wahl) – freiwillige Wahl zwischen zwei Staatsangehörigkeiten.

**ОРАЛУ** – әртүрлі себептермен басқа бір мемлекеттің аумағына барып қалған адамдардың тұрақты өздерінің өмір сүретін немесе азаматтығы бар туған еліне қайтып оралуы.

**REPATRIIERUNG, die** (лат. repatriatio – Rückkehr) – Rückführung von Personen, die sich aus verschiedenen Gründen im Hoheitsgebiet fremder Staaten aufhielten, in ihre Heimat, wo sie ständig lebten und dessen Staatsangehörigkeit sie haben.

**ОРТА АЗИЯ ҢНТЫМАҚТАСТЫҒЫ, ОАЫ** – 2002-ші жылдың 28-ші ақпанында 1994-ші жылдан бері күшінде болған Орталық Азиядағы Экономикалық Бірлестік ұйымын қайта құру нәтижесінде пайда болды. Мүше елдер: Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Републикасы. ОАЫ-ның қызметі осы аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қажет интеграциялық үрдістерді дамытуға, өзара тиімді байланыстарды, әсіресе экономика саласындағы байланыстарды, нығайтуға бағытталған. Әскери-саяси салада ОАЫ мүшелері ұйымдасқан қылмысқа, лаңкестікке (терроризмге), экстремизмге, қару-жарак және есірткінің заңсыз айналымына, экономика саласындағы қылмыстарға бағытталған күрестегі ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруға ұмтылыс білдіреді.

**ZENTRALASIATISCHE ZUSAMMENARBEIT, ZAZ** – hervorgegangen aus der Zentralasiatischen Wirtschaftsgemeinschaft (seit 1994) am 28. Februar 2002. Mitgliedstaaten: Republik Kasachstan, Republik Kyrgystan,

Republik Tadschikistan und Republik Usbekistan. Ziele: Entwicklung der für die Gewährleistung der Stabilität und Sicherheit in der Region notwendigen Integrationsprozesse, Ausweitung optimaler gegenseitig vorteilhafter Beziehungen vor allem im wirtschaftlichen Bereich. Im militärisch-politischen Bereich sind die ZAZ-Mitgliedstaaten bestrebt, die Zusammenarbeit im Kampf gegen die organisierte Kriminalität, Terrorismus, Extremismus, gesetzwidrigen Waffen – und Narkotikaumlauf und wirtschaftliche Verbrechen fortzusetzen.

**ОРТАЛЫҚ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ** (Organisation de Estados Centroamericanos) – ОАМҰ, экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастық пен қарусыздану мақсатында 1951-ші жылы құрылған аймақтық халықаралық ұйым. Мүше мемлекеттер: Коста Рика, Эль Сальвадор, Гватемала, Гондурас, Никарагуа және (1991-ші жылдан бері) Панама. Мекенжайы: Сан Сальвадор.

**ORGANISATION ZENTRALAMERIKANISCHER STAATEN; ODECA**, (Organisation de Estados Centroamericanos), regionale internationale Organisation für wirtschaftliche, politische und kulturelle Zusammenarbeit und Abrüstung, der Costa Rica, El Salvador, Guatemala, Honduras, Nicaragua und (seit 1991) Panama angehören; gegründet 1951, Sitz: San Salvador.

## Ө

**ӨЗАРА КЕЛІСІМ** – халықаралық ұйымдарда және халықаралық мәслихаттар мен кеңестерде басқа жақтан жалпылама келісімді қабылдауға қарсылық болмаса, шешімді дауысқа салмай-ақ тұтасымен қабылдау рәсімі, тәсілі.

**KONSENSUS, der** (lat. consensus – Einwilligung, Übereinstimmung) – Verfahren, in internationalen Organisationen und Konferenzen sowie Tagungen beim Fehlen formeller Widersprüche vonseiten ihrer Teilnehmer, ohne Abstimmung eine allgemeine Entscheidung zu treffen.

**ӨЗ ДАМУ ЖОЛЫН ӨЗІ БЕЛГІЛЕУ ҚҰҚЫҒЫ** – әр халықтың өз мемлекеттігінің нысанын, саяси мәртебесін өзі белгілеп, экономикасы мен мәдениетінің өз жолымен даму мәселесін өз бетімен анықтау құқығы.

**SELBSBESTIMMUNGSRECHT, das** – Recht eines Volkes, Fragen seiner staatlichen Existenzform, seinen politischen Status und seine wirtschaftliche und kulturelle Entwicklung frei und selbständig zu bestimmen.

**ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРҒАУ** – мемлекетке екінші бір мемлекет қарулы шабуыл жасаған шақта Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін шара қолданғанға дейін мемлекеттің өзін – өзі қорғау мақсатында заңды түрде күш пайдалануының бір нысаны.

**SELBSTVERTEIDIGUNG, die** – eine der Formen des nichtrechtswidrigen Krafteinsatzes eines Staates beim bewaffneten Angriff eines fremden

Staates, bis der Sicherheitsrat erforderliche Maßnahmen zur Gewährung des Weltfriedens und der – sicherheit trifft.

**ӨТЕМЕ ҚОР – ЗОРЛЫҚ ЕҢБЕК ҮШІН** – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде рейхсвер жаулап алған аймақтардан Германияға әкелініп, зорлықпен істеткен еңбегі үшін сол адамдарға өтемдерді 2001-ші жылдың шілдесінде құрылған Федералдық «Еске алу, жауапкершілік, болашақ» қорының есебінен төлеу туралы 2001-ші жылдың 30-шы мамыры күні Бундестаг қабылдаған шешім. 2001-ші жылдың 10-шы тамызына дейін еншілес кәсіпорындарды қоса есептегенде аталмыш қорға барлығы 6485 кәсіпорын қатысты. Қордың үкімет бөлген 5 миллиард неміс маркасын қоса есептегенде 10 миллиард неміс марка қаржысы болды (шамамен 5 миллиард евро).

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АМНИСТИЯ** – 1961-ші жылдың 28-ші мамыры күні ағылшын адвокаты Питер Биненсонның Лондонда (Англия) құрған тәуелсіз, қоғамдық қызметке негізделген, мемлекеттік емес қоғамы. Мақсаты: Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары туралы Жалпы Мәлімдемесіне қайшы көзқарастармен ұлтына, тіліне, дініне немесе жынысына байланысты қамалған әлемдегі адамдардың барлығының бостандығын талап етіп, оларға қолдау көрсету. Басты органдары: Халықаралық Кеңес, Халықаралық атқару Комитеті және Халықаралық Хатшылық.

**AMNESTY INTERNATIONAL, ai** – Gründung am 28.05.1961 in London (Großbritannien) durch den englischen Rechtsanwalt Peter Benenson als unabhängige, auf ehrenamtlicher Tätigkeit basierende Nichtregierungsorganisation. Ziele: Weltweiter Einsatz für die Freilassung und Unterstützung von Personen, die unter Mißachtung der Allgemeinen Erklärung der Menschenrechte der Vereinten Nationen wegen ihrer Überzeugung, ethnischer Herkunft, Sprache, wegen ihres Glaubens oder ihres Geschlechts inhaftiert sind. Hauptorgane: Internationaler Rat, Internationales Exekutivkomitee, Internationales Sekretariat.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ, ХВҚ** – 1994-ші жылы құрылған. 2002-ші жылы 183 мүше мемлекеттері болды. Мақсаттары: қадағалау – ХВҚ өзіне мүше елдермен біріге отырып, халықаралық экономиканың дамуы мен саясатын талдап, фискалдық, ақша айырбастау және ақша саясатындағы басқа да шараларын тексеріп, мүше елдер саясатының төлемдік балансқа тигізер әсеріне баға береді.

**INTERNATIONALER WÄHRUNGSFONDS** (International Monetary Fund – IMF), IWF – gegründet 1944, 183 Mitgliedstaaten (2002). Aktivitäten: Überwachung: der IWF analysiert mit den Mitgliedstaaten die internationale Wirtschaftsentwicklung und –politik, überprüft fiskal-, wechsellkurs – und geldpolitische Maßnahmen und beurteilt die Auswirkungen der Politik der Mitgliedstaaten auf deren Zahlungsbilanz.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАР** – әртүрлі мәселелерді талдап, белгілі бір шешімдер мен ұсыныстар қабылдау мақсатында мемлекеттік және халықаралық мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерінің жиналуы, кездесуі.

**INTERNATIONALE KONFERENZEN, PI.** – Tagungen der Vertreter verschiedener Staaten, internationaler Regierungs – und Nichtregierungsorganisationen, um bestimmte Fragen zu besprechen und Entscheidungen zu treffen sowie Empfehlungen zu erarbeiten.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНЦЕССИЯ** (лат. concessio – рұқсат, мойындау) – мемлекеттің шетелдіктерге арнайы шарт негізінде өз аймағында нақты өндірістік-экономикалық қызмет атқаруға беретін рұқсаты.

**INTERNATIONALE KONZESSION, die** (lat. concessio – Genehmigung, Zugeständnis) – das Recht, das vom Staat Ausländern gewährt wird, gemäß den Sonderverträgen auf seinem Hoheitsgebiet konkrete Produktions – und wirtschaftliche Tätigkeit auszuüben.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР** – әлем сахнасындағы мемлекеттер, ұйымдар мен қозғалыстар арасындағы экономикалық, дипломатиялық, саяси, әскери т.т. қатынастардың жиынтығы. Халықаралық қатынастарда негізгі рөлді мемлекетаралық қатынастар атқарады.

**INTERNATIONALE BEZIEHUNGEN, Pl.** – Gesamtheit gegenseitiger wirtschaftlicher, rechtlicher, diplomatischer, militärischer Beziehungen zwischen Staaten, Organisationen und Bewegungen auf der Weltbühne. In den internationalen Beziehungen spielen Beziehungen zwischen den Staaten die Hauptrolle.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА КҮШ ҚОЛДАНБАУ** – халықаралық қатынастарда бір мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданамыз деп сес көрсетуден немесе күш қолданудан бас тартуды білдіретін халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**NICHTANWENDUNG DER GEWALT IN DEN INTERNATIONALEN BEZIEHUNGEN** – eines der Hauptprinzipien des Völkerrechts, Verzicht in den internationalen Beziehungen auf Drohung mit Gewaltanwendung und ihrer Anwendung oder auf Drohung durch eine andere Weise gegen die territoriale Unantastbarkeit, politische Unabhängigkeit eines Landes, die die Satzung der UNO verletzen würden.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК** – жалпы бейбітшілікті бұзуға немесе халықтар қауіпсіздігіне қандай да болмасын қауіп төндіруді болдырмауға бағытталған халықаралық қатынастың күйі.

**INTERNATIONALE SICHERHEIT, die; WELTSICHERHEIT, die** – Stand internationaler Beziehungen, die die Verletzung des Weltfriedens oder die Gefahr für die Sicherheit der Völker in jeglicher Form ausschließt.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ** – 1) Мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты реттейтін және олардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін заңдық қағидағтар мен қалыптардың жүйесі. 2) Заң ғылымдарының саласы.

**VÖLKERRECHT, das; INTERNATIONALES RECHT** – 1) System juristischer Prinzipien und Normen, die die Beziehungen zwischen Staaten regeln und ihre Rechte und Pflichten untereinander bestimmen; 2) Zweig der Jurisprudenz.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАЛ / ЖАЛДАУ** – белгілі бір келісімшарт бойынша елдің өз аумағының бір бөлігін уақытша, белгілі бір мақсатта және арнайы шартпен екінші мемлекетке пайдалануға беру.

**VÖLKERRECHTLICHE PACHT, die** – Überlassung eines Gebietsteils durch ein Land auf vertraglicher Basis zu Gebrauch und Nutzung an ein

anderes Land für einen bestimmten Zeitraum, zu einem bestimmten Zweck und unter bestimmten Bedingungen.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК** – халықаралық құқық субъектісінің халықаралық құқықтың басқа бір субъектісіне тигізген зақымын өтеуді, сонымен қатар зиян шеккен жаққа өз мүддесіне келген зиянды сол зиян келтірген жақтың есебінен, қажет болса оған тиісті санкцияларды қолдана отырып, толтыруды талап етуге құқық беретін және қамтамасыз ететін айрықша халықаралық-құқықтық институт.

**VÖLKERRECHTLICHE VERANTWORTUNG** – eine besondere internationale Rechtsinstitution, die die Verantwortung des Völkerrechtssubjekts zur Schadenersatzleistung für ein anderes Völkerrechtssubjekt sowie das Recht der gelittenen Seite auf Wiedergutmachen ihrer verletzten Interessen auf Kosten der Seite bestimmt, die diesen Schaden zugefügt hat, einschließlich die Anwendung in bestimmten Fällen der letzteren gegenüber auch Sanktionen.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАНЫМ** – мемлекеттердің жана мемлекеттерді немесе үкіметтерді, сондай-ақ тануды қажет ететін субъектілерді олармен белгілі бір қатынас орнату үшін тануы, мойындауы.

**VÖLKERRECHTLICHE ANERKENNUNG** – Anerkennung neuer Staaten, Regierungen oder anderer Völkerrechtssubjekte durch andere Staaten zum Zweck der Herstellung mit ihnen bestimmter Beziehungen.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ** – халықаралық өмірдің белгілі бір белесіндегі ең маңызды сұрақтарын реттеудегі халықаралық қатынастар субъектілері тәртібінің жалпы қабылданған нормаларының белгісі мен қорытындыларының жинағы.

**GRUNDPRINZIPIEN DES VÖLKERRECHTS, Pl.** – Prinzipien des Völkerrechts, konzentrierter Ausdruck und Verallgemeinerung allgemein anerkannter Verhaltensweise der Subjekte internationaler Beziehungen in den wichtigsten Fragen des internationalen Lebens in einer bestimmten historischen Etappe.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ** – халықаралық құқыққа байланысты белгілі бір құқықтары мен жауапкершіліктері бар халықаралық қатынастардың мүшелері.

**VÖLKERRECHTSSUBJEKT, das** – Teilnehmer der internationalen Beziehungen, die nach dem Völkerrecht Rechts – und Verantwortungsträger sind.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ** – халықаралық құқықтың әртүрлі көзін есепке ала отырып, оның халықаралық құқықтың қолданыстағы нормаларын зерттеу және реттеу, құқықтық нормаларды бір-бірімен сәйкестендіру, араларындағы қайшылықтарды жойып, ескірген баптарын алып тастау.

**KODIFIZIERUNG DES INTERNATIONALEN RECHTS** – (lat. codificatio) – zusammenfassende Regelung der geltenden Normen des Völkerrechts durch Prüfung und Einbeziehung verschiedener Quellen des internationalen Rechts, Abstimmung dieser Rechtsnormen untereinander, durch Beseitigung von bestehenden Widersprüchen und Abschaffung der veralteten Bestimmungen.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЛАҢКЕСТІК / ТЕРРОРИЗМ** (лат. terror – қорқыныш, үрей) – адамдардың мағынасыз өліміне соқтыратын, мемлекеттердің және олардың дипломатиялық қызметінің жұмысына кеселін тигізіп, халықаралық қатынастарға, кездесулерге және елдер арасындағы көлік байланыстарына қиындықтар келтіретін қоғамға қауіпті халықаралық деңгейдегі іс-қимылдар.

**INTERNATIONALER TERRORISMUS** (lat. terror – Angst, Entsetzen) – gesellschaftsgefährliche gewalttätige Aktionen internationalen Maßstabs, die zum sinnlosen Tod der Menschen führen, normale diplomatische Tätigkeit der Staaten und ihrer Vertreter stören und Durchführung internationaler Kontakte, Begegnungen sowie den Verkehr zwischen den Staaten erschweren.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЛИХАТТАР** – әртүрлі мәселелерді талдап, белгілі бір шешімдер мен ұсыныстар қабылдау үшін мемлекеттің және халықаралық мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерінің жиналуы, кездесуі.

**INTERNATIONALE KONFERENZEN, Pl.** – Tagungen der Vertreter verschiedener Staaten, internationaler Regierungs- und Nichtregierungsorganisationen, um bestimmte Fragen zu besprechen und Entscheidungen zu treffen sowie Empfehlungen zu erarbeiten.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР** – халықаралық сипаттағы ішкі су жолдары, арасында қолдан жасалған байланыс су арналары бар және де т.б. бірнеше мемлекеттің аумағы арқылы өтетін, әрі халықаралық кеме жолы ретінде пайдаланылатын өзендер.

**INTERNATIONALE FLÜSSE** – internationale Innengewässer, d.s. Flüsse, künstliche Wasserverbindungen zwischen ihnen u.a., die durch die Hoheitsgebiete einiger Staaten fließen und dem internationalen Schiffsverkehr dienen.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК** – халықаралық таласты айтысушы жақтардың келісімін алып, бір не бірнеше елдердің төрелігімен талдау.

**INTERNATIONALES SCHIEDSGERICHT, das** – aus einem oder mehreren Personen bestehendes internationales Gremium, das berufen ist, einen Streit zwischen den Ländern mit freiwilliger Zusage der Streitenden beizulegen.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ИММУНИТЕТТЕРІ** – халықаралық үкіметаралық ұйымдарға, олардың

қызметкерлеріне, сондай-ақ осы ұйымдардың жанындағы мемлекет өкілдіктері мен қызметкерлеріне орналасқан мемлекет аумағы көлемінде берілетін айрықша құқықтар мен артықшылықтар.

**PRIVILEGIEN / VORRECHTE UND IMMUNITÄTEN INTERNATIONALER ORGANISATIONEN** – besondere Rechte und rechtliche Sonderstellungen, die internationalen Regierungsorganisationen, ihrem Personal sowie Vertretungen von Mitgliedstaaten dieser Organisationen und deren Mitarbeitern im Hoheitsgebiet des Aufenthaltsstaates gewährt werden.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЖАРҒЫСЫ** – халықаралық ұйымның мақсаттарын, қызметін іске асыру және ұйымдастыру түрлерін, сонымен қатар мүшелік пен қаржыландыру шарттарын анықтап – белгілейтін құжат.

**SATZUNG / CHARTA DER INTERNATIONALEN ORGANISATIONEN** – Dokumentation, das Ziele, Funktionen, Funktionalisierungen – und Organisationsformen der Tätigkeit sowie Mitgliedschaftbedingungen und Finanzierung einer internationalen Organisation festlegt.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ** – халықаралық келісімнің шарттарын мейлінше толық және дәл іске асыру мақсатында оның негізгі мағынасы мен мазмұнын анықтау. Халықаралық шарттардың түсіндірме қағидасы баршаға міндетті сипатта болады.

**ERLÄUTERUNG VON VÖLKERRECHTLICHEN VERTRÄGEN** – die – Bestimmung des eigentlichen Sinns und Inhalts des völkerrechtlichen Vertrags mit dem Ziel, seine Bestimmungen voll und genau zu realisieren. Prinzipien der Erläuterungen von völkerrechtlichen Verträgen sind für alle verbindlich.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ ТІРКЕУ** – халықаралық шартты халықаралық үкіметаралық ұйымдардың жүргізетін арнайы тізіміне енгізу.

**REGISTRIERUNG VÖLKERRECHTLICHER VERTRÄGE** – Aufnahme eines völkerrechtlichen Vertrags auf die Sonderliste, die durch eine internationale Regierungsorganisation geführt wird.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТЕРДІ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН РЕТТЕУ** – халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі, халықаралық бейбітшілікке, қауіпсіздікке және әділеттікке қатер тигізбес үшін мемлекетаралық шиеленістерді бейбіт жолмен реттеуді көздейді.

**FRIEDLICHE LÖSUNG / BEILEGUNG INTERNATIONALER STREITIGKEITEN** – eines der Hauptprinzipien des Völkerrechts, wonach die Streitigkeiten zwischen den Staaten durch friedliche Mittel beigelegt werden müssen, um den Weltfrieden und die -sicherheit sowie Gerechtigkeit nicht zu gefährden.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІСТІҢ БӘСЕНДЕУІ** – мемлекеттер арасындағы шиеленісті шешу және өзара қатынастарды реттеу, халықаралық қатынастарды бейбіт қатар өмір сүру қағидасы негізінде қайта құру үрдісі.

**ENTSPANNUNG DER INTERNATIONALEN LAGE** – Nachlass der Spannung und Normalisierung der Beziehungen zwischen den Staaten, Umbau internationaler Beziehungen auf der Grundlage des Prinzips der friedlichen Koexistenz.

**ХАТТАМА** – халықаралық шарттар атауының бірі. Маңызды көптарапты және қостарапты келісімдер хаттама нысанында жасалуы мүмкін. Негізгі шартқа қосымша ретінде толықтырулар, өзгерістер енгізу немесе оның қағидаларына шек қою туралы хаттамалар көбірек ездеседі.

**PROTOKOLL, das** – eine der Bezeichnungen der völkerrechtlichen Verträge. Wichtige multi – und bilaterale Abkommen können in Form eines Protokolls geschlossen werden. Besonders oft trifft man Protokolle als Anhang zum Hauptvertragswerk, das es ergänzt, ändert oder seine Gültigkeit einschränkt.

**ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАРУЛАР** – улау ерекшеліктерін пайдаланып, өлтіре соққы беру немесе басқа да зиян келтіру мақсатында қолданылатын жаппай қыру қаруларының бір түрі.

**CHEMISCHE UND BAKTERIOLOGISCHE WAFFEN** – Typen der Massenvernichtungswaffen, die verwendet werden, um durch ihre giftigen Eigenschaften den Gegner tödlich zu treffen oder ihm anderen Schaden zuzufügen.

## Ц

**ЦЕССИЯ** (лат. cessio – міндеттерін басқаларға тапсыру туралы талапқа бас ию, өз құқықтарын басқа біреуге тапсыру) – өзара келісім бойынша бір мемлекеттің аумағының бір бөлігін екінші мемлекетке беру, өткізу.

**ZESSION, die** (lat. cessio – Überlassung seiner Verpflichtungen auf eine andere Person, Übertragung eines Anspruchs von dem bisherigen Gläubiger auf einen Dritten) – im Völkerrecht bedeutet sie die Übergabe eines Teils des Hoheitsgebiets eines Staates nach Vereinbarung zwischen ihnen einem anderen Staat.

## Ш

**ШАБАРМАН ПАРАҒЫ** – дипломатиялық шабарман мәртебесіне сай шекара арқылы осы қағазда көрсетілген санды дипломатиялық поштаны алып өтуге құқық беретін арнайы құжат.

**KURIERLISTE, die** – Sonderausweis, der den Status der Kurierliste bestimmt und das Recht gibt, die in der Liste angegebene Zahl der Diplomatentelepost über die Grenze zu führen.

**ШАБУЫЛДАМАУ** – мемлекеттің бірінші болып басқа бір мемлекетке қарсы қарулы күш қолданбау қағидасы.

**NICHTANGRIFFSPRINZIP, das** – Prinzip, dem zufolge ein Staat gegen den anderen nicht als erster die militärische Kraft einsetzt.

**ШАНХАЙ БЕСТІГІ, ШБ** – 1996-шы жылы құрылды, құрамына Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан кіреді. Мақсаттары: даулы мәселелерді өзара мүдделерін ескере отырып, бейбіт жолмен, келіссөздер арқылы шешу. Осы ұйым Еуразия кеңістігіндегі жағдайды айтарлықтай сауықтыруға, өзара сенімді, аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік берді. 2001-ші жылы «Бестікке» Өзбекстан мүше болғаннан бастап, ол Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы «ШЫҰ» деп аталады.

**SHANGHAIER FÜNF** – gegründet 1996; Mitgliedstaaten: Kasachstan, China, Kyrgystan, Russland und Tadschikistan. Ziele: friedliche Lösung von Streitfragen durch Verhandlungen auf der Grundlage gegenseitiger Berücksichtigung der Interessen. Sie gab die Möglichkeit, die Situation im eurasischen Raum bedeutend zu gesunden, gegeseitiges Vertrauen, Stabilität und Sicherheit in der Region zu festigen. Seit der Mitgliedschaft von Usbekistan an der «Fünf» (2001) wird sie die Shanghaier Organisation für Zusammenarbeit (ShOZ) genannt.

**ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫ, ШЫҰ** – бұрынғы «Шанхай бестігі ұйымын» қайта құру нәтижесінде 2001-ші жылы құрылды. Мақсаттары: ШЫҰ-на мүше елдердің (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан) аймақтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, діни экстремизм мен халықаралық лаңкестікке (терроризмге) қарсы күрес пен сауда және экономикалық ынтымақтастықты тереңдету.

**SHANGHAIER ORGANISATION FÜR ZUSAMMENARBEIT, die** – hervorgegangen 2001 aus der «Shanghaier Fünf». Ziele: Zusammenarbeit der ShOZ-Mitgliedstaaten (Kasachstan, China, Kyrgysstan, Russland, Tadschikistan und Usbekistan) bei der Gewährleistung der regionalen Sicherheit, im Kampf gegen den religiösen Extremismus und internationalen Terrorismus sowie für die Ausweitung der handelswirtschaftlichen Zusammenarbeit.

**ШАПҚЫНШЫЛЫҚ I** – бір елдің егемендігіне, жерінің біртұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бөтен елдің қарулы күштерінің қолданылуы.

**AGGRESSION, die** – militärischer eines Landes gegen die Souveränität, territoriale Integrität oder politische Unabhängigkeit eines anderen Landes.

**ШАПҚЫНШЫЛЫҚ II** – бір не бірнеше мемлекеттің қарулы басқыншылық мақсатымен немесе басқа да нысанда басқа елдің ішкі істеріне күш қолдана отырып қол сұғуы.

**INTERVENTION, die** (lat. interventio – Einmischung) – eine der Formen der Gewaltanwendung, Einmischung eines Landes oder mehrerer Staaten mit militärischer Gewalt oder in einer anderen Form in die inneren Angelegenheiten eines souveränen Staates.

**ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ** – халықаралық мәслихаттары сессиялары жұмысының ұйымдастырылу, шақырылу және өткізілу тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығы.

**DURCHFÜHRUNGSBESTIMMUNGEN VON PROZEDUREN** – Gesamtheit von Normen, die die Organisation der Arbeit, Einberufung der Sitzungen und Durchführung von internationalen Konferenzen regeln.

**ШАРТ** – өзара және коллективтік қауіпсіздікті, өзара көмек пен шабуыл жасаспауды және басқа да сұрақтарды, сондай-ақ мемлекеттер ынтымақтастығының нақты салалары үшін мағынасы үлкен қағидалар мен қалыптарын реттейтін өзара және көптаралық халықаралық шарттың атауы.

**ПАКТ, der** (lat. pactum – Abkommen, Vertrag) – ein bi – oder multilateraler völkerrechtlicher Vertrag, der solche Fragen regelt wie Gewährleistung gegenseitiger und kollektiver Sicherheit, gegenseitige Hilfe, Nichtangriffspakt u. a. oder Prinzipien und Normen festlegt, die grundlegende Bedeutung für konkrete Bereiche der Zusammenarbeit zwischen den Staaten haben.

**ШАРТТАР – алама / теңсіз** – күшті мемлекеттердің әлсіз және тәуелді мемлекеттерге күштеп таңар келісімшарттары. Теңсіз шарттар қатарына күштеп таңған, жаулап алу немесе кіріптар етер шарттар жатады, себебі олар келісімшарт жасасушы тараптардың бірінің егемендік мүддесін, шарттың екі жаққа бірдей тиімділігі мен олардың тең егемендігі қағидаларын ескермейді.

**NICHT GLEICHBERECHTIGTE VERTRÄGE, Pl.** – Abkommen, die durch starke Staaten den schwächeren und abhängigen Ländern aufgezwungen werden. Zu nicht gleichberechtigten Verträgen gehören auch gewaltsame, räuberische und knechtende Verträge, denn sie werden gegen souveränen Willen einer der Vertragsseiten, gegen Prinzipien des gegenseitigen Vorteils und gegen die souveräne Gleichheit der Staaten abgeschlossen.

**ШЕК** – халықаралық құқық субъектілерінің белгілі бір іс-қимылдарды белгілі не белгісіз бір мерзімге тоқтату немесе тежеу туралы уағдаластығы.

**MORATORIUM, das** (lat. mora – Verzögerung) – Vereinbarung der Völkerrechtssubjekte über die Befristung oder Zurückhaltung von einem Akt für eine bestimmte oder unbestimmte Zeit.

**ШЕКАРА БЕЛГІЛЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ** – көршілес мемлекеттердің күшіндегі екі тараптық шарттар негізінде мемлекеттік шекараның өту орнын біріге тексеріп, қажет болса қалпына келтіру, бұзылған шекара белгілерін алмастырып, жаңартуы.

**NEUMARKIERUNG DER GRENZLINIEN** – gemeinsame Prüfung und notfalls die Wiederherstellung der Staatsgrenze an Neubestimmungsstellen, Ersetzung zerstörter und Errichtung neuer Grenzzeichen, die durch die Nachbarstaaten auf der Grundlage der zwischen ihnen abgeschlossenen und geltenden Abkommen durchgeführt werden.

**ШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР, ШЕКАРА ТУРАЛЫ ШАРТТАР** – мемлекеттік шекараны, оның өту жері мен тәртібін белгілеу, жанжалдар мен

қақтығыстарды шешу, шекара сұрақтарын, сондай-ақ шекара аймағындағы шаруашылық қызметтерді реттеудегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы көршілес мемлекеттер арасындағы келісімшарт.

**GRENZVERTRÄGE** – Übereinkünfte zwischen Nachbarstaaten über die Bestimmung der Staatsgrenzen, der Landschaft und der Grenzregeln, Beilegung der Konflikte und Streitigkeiten, über die Zusammenarbeit und gegenseitige Hilfe in Grenzfragen sowie Wirtschaftstätigkeit im Grenzgebiet.

**ШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР** – бойымен мемлекеттік шекара өтетін өзендер.

**GRENZFLÜSSE** – Flüsse, die die Staatsgrenze entlang fließen.

**ШЕКАРАЛЫҚ ТЕКСЕРІС / БАҚЫЛАУ** – мемлекеттік шекара мен шекара аймағындағы тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жинағы.

**GRENZKONTROLLE, die** – Gesamtheit von Maßnahmen für die Sicherung der Staatsgrenzen und des Grenzgebiets.

**ШЕКАРАНЫ БЕЛГІЛЕУ / АЙҚЫНДАУ** – мемлекеттер арасындағы шекараның жалпы өту бағытын мемлекетаралық келіссөздер негізінде анықтау. Айқындау кезінде шекараның өту барысы картада нақтылы көрсетіледі.

**DELIMITATION DER GRENZEN, die** (lat. delimitatio – Bestimmung, Festlegung) – Festlegung der allgemeinen Grenzlinien zwischen den Staaten durch Verhandlungen. Während der Delimitation wird der Grenzablauf in der Regel auf der Landkarte markiert.

**ШЕКАРАНЫ ОРНАТУ / ЖҮРГІЗУ** – арнаулы шекаралық белгілер орнатып, мемлекеттік шекараны жүргізу. Белгілеу жұмысы шекараны айқындау туралы құжаттар негізінде және тең құқықты комиссияның қатысуымен жүргізіледі.

**DEMARKATION, die** (lat. demarcatio – Grenzziehung, Abgrenzung, Trennungsstrich) – Grenzziehung vor Ort durch die Errichtung von besonderen Grenzzeichen. Die Demarkation wird auf der Grundlage der Unterlagen über die Grenzfestlegung bei Teilnahme gleichberechtigter Kommissionen der Länder durchgeführt.

**ШЕКАРАНЫ ТҮЗЕТУ** – өту жерінде шарт актілерінде көрсетілгендегімен салыстырғанда кейбір өзгерістерді енгізе отырып, мемлекеттік шекараны аздап нақтылау, өзгерту.

**GRENZREKTIFIKATION, die** (lat. rectificatio – Geraderichten) – unbedeutende Präzisierungen, Änderungen der Staatsgrenze vor Ort, die mit kleineren Abweichungen von Bestimmungen als die im Vertragswerk verbunden sind.

**ШЕТЕЛДІКТЕР** – аталмыш мемлекеттің азаматы болып саналмайтынына және басқа мемлекеттің азаматы екеніне дәлел құжаттары бар адамдар.

**AUSLÄNDER, der** – Personen, die die Staatsangehörigkeit des Aufenthaltslandes nicht besitzen und ihre Zugehörigkeit zu einem anderen Staat nachweisen können.

**ШЕТЕЛДІК ТӨЛҚҰЖАТ** – шетелге қызмет бабымен немесе жеке шаруасымен шығатын азаматтарға Сыртқы істер министрлігі немесе Ішкі істер министрлігі беретін, жеке басы мен азаматтығын куәландыратын құжат.

**REISEPASS, der** – ein Zeugnis, das eine Person und ihre Staatsangehörigkeit ausweist, die dienstlich oder persönlich ins Ausland fährt. Der Reisepass wird durch das Auswärtige Amt oder das Ministerium fürs Innere ausgestellt.

**ШИЕЛЕНІС** – мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығысқа әкеліп соқтыруы мүмкін егес, шиеленіс. Мұндай шиеленіс жиі-жиі соғыс қимылдарына ұласқан.

**KONFRONTATION, die** (lat. con-gegen, front / frontis – Stirn) – Spannung, gefährliches Gegenüberstehen in den Beziehungen zwischen Staaten, die den militärischen Konflikt zur Folge haben kann. Öfters hat die Konfrontation zu einem offenen Krieg geführt.

**ШЫҒЫНЫН ҚАЙТАРУ** – халықаралық құқықты бұзудың салдарынан халықаралық құқық субъектісінің екінші халықаралық құқық субъектісіне тигізген шығындарын өтеу материалдық жауапкершілігінің бір нысаны.

**WIEDERGUTMACHUNG / die REPARATION, die** (lat. reparatio – Wiederherstellung) – eine Form der materiellen Verantwortung des Völkerrechtssubjekts für den Schaden, der infolge seiner Rechtsverletzung einem anderen Völkerrechtssubjekt zugefügt worden war.

«**ШЫҒЫС КӨРШІЛЕСТІГІ**» (ЕО-ның) – «Шығыс көршілестігі» 2009 жылы 7 мамырда ТМД-ның алты мемлекеті мен ЕКС арасында құрылып, екі және көпжақты деңгейді қамтиды; аталған бұрынғы Кеңес республикаларына саяси және экономикалық реформаларды іске асыруда, еркін сауданы дамытуда, энергиямен қамтамасыз ету қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қаржылай қолдау (2010–13: 600 млн. €) көрсетіліп, басқа елдерге визасыз бару мүмкіндігін қарастыру перспективасын ашты.

«**ÖSTLICHE PARTNERSCHAFT**» der EU: Die «östliche Partnerschaft» wurde am 7.5.2009 mit den sechs GUS-Staaten der ENP gegründet und hat eine bilaterale und multilaterale Ebene; diesen ehemaligen Sowjetrepubliken werden u.a. Finanzhilfen (2010–13: 600 Mio. €) für die Umsetzung politischer und wirtschaftlicher Reformen, Assoziierungsabkommen, Freihandel, Unterstützung bei der Energieversorgungssicherheit und visafreie Einreise in die EU in Aussicht gestellt.

## I

**ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ҚОЯНШЫҚ АУРУЫ (Bovine Spongiforme Enzephalopathie), БСЭ** – алғашқы рет 1986-шы жылы Ұлыбританияда

байқалған ірі қара малдың ми ауруы. Адамдарға жұқса, емге көнбейтін және өлімге соқтыратын нерв жүйесінің кеселі. Тұтынушыларды осы аса қатерлі кеселден қорғау және БСЭ ауруының тарауына тосқауыл қою мақсатында Еуропа елдері кең көлемді сақтық шараларын жүзеге асыруда.

**BSE (Bovine Spongiforme Enzephalopathie), Rinderwahnsinn** – Hirnkrankheit, die erstmals 1986 bei Rindern in Großbritannien entdeckt, führt bei den Menschen zu den unheilbaren und tödlich verlaufenden neurologischen Erkrankungen. In Anbetracht dieser großen Gefahr wurden in europäischen Ländern umfassende Maßnahmen zum Schutz der Verbraucher und zur Verhinderung einer Ausbreitung von BSE getroffen.

**ІШКІ СУЛАП** – мемлекеттің аумақтық суларын қоспағандағы ел ішіндегі барлық су аумағы.

**BINNENGEWÄSSER, Pl.** – Gesamtheit aller Gewässer innerhalb eines Staates mit Ausnahme seiner Hoheitsgewässer.

## Ә

**ӘКЗЕКВАТУРА** (лат. exsequare – анықтау, белгілеу) – қабылдаушы мемлекет үкіметінің шетелдің консулын осы лауазым иесі ретінде танығанын куәландыратын ресми құжат.

**EXEQUATUR, die** (lat. exsequare – vollziehen, ermitteln, feststellen) – ein offizielles Dokument, das einem ausländischen Konsul durch die Regierung des Aufenthaltslandes zur Ausübung seiner Befugnisse erteilt wird.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ДАМУ ҰЙЫМЫ, ЭЫДҰ**, 1960-шы жылғы 14-ші желтоқсандағы Париж келісімдеріне байланысты АҚШ – тың Маршалл жоспарын үйлестіру үшін 1948-ші жылы құрылған Еуропадағы Экономикалық Ғынтымақтастық Ұйымының (Organisation for European Economic Cooperation) ізбасары. 30 ел мүше болып табылады. Мақсаттары: мүше елдердің экономикалық, валюталық және даму саясатын қолдап, үйлестіріп отыру. Басты органдары: Тұрақты мүшелер делегацияларының Кеңесі (министрлер деңгейінде), Атқару комитеті, Халықаралық хатшылық. ЭЫДҰ-ның арнайы ұйымдары: Энергетика жөніндегі халықаралық агенттік (International Energy Agency), Атом энергиясы агенттігі (Nuclear Energy Agency).

**ORGANISATION FÜR WIRTSCHAFTLICHE ZUSAMMENARBEIT UND ENTWICKLUNG** (Organisation for Economic Cooperation and Development), OECD – Gründung durch Pariser Übereinkommen vom 14.12.1960 als Nachfolgeorganisation der 1948 geschaffenen, den US-Marshall-Plan koordinierenden Organisation für Wirtschaftliche Zusammenarbeit in Europa OEEC (Organisation for European Economic Cooperation). Mitglieder: 30 Staaten. Ziele: Förderung und Koordination der Wirtschafts-, Währungs – und Entwicklungspolitik der Mitglieder. Hauptorgane: Rat der

Ständigen Delegationen der Mitglieder (auf der Ebene der Minister), Exekutivausschuss, Internationales Sekretariat. Sonderorganisationen der OECD sind die Internationale Energie-Agentur IEA (International Energy Agency) und die Kernenergie-Agentur NEA (Nuclear Energy Agency).

**ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ / СЕКТОРЛАРЫ** – бірінші кезекті секторлар: ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы; екінші кезекті секторлар: қол кәсіпкерлігі, өндіріс, энергия және су шаруашылығы, тау-кен мен құрылыс өндірісі; үшінші кезекті секторлар: қызмет көрсетудің барлық салалары.

**WIRTSCHAFTSSEKTOREN:** Primärsektor: Landwirtschaft, Forstwirtschaft, Fischerei; Sekundärsektor: produzierendes Gewerbe, Industrie, Handwerk, Energie – u. Wasserwirtschaft, Bergbau, Baugewerbe; Tertiärsektor: alle Dienstleistungen.

**ЭКСПАТРИАЦИЯ** (лат. ex – ішінен, patria – отан) – белгілі бір себептермен азаматтығынан айырылу.

**EXPATRIATION, die; EXPATRIERUNG, die; AUSBÜRGERUNG, die** – (лат. ex. – aus, patria – Heimat, Land) – Entzug der Staatsangehörigkeit aus irgendwelchen Gründen.

**ЭКСПОРТҚА МҰНАЙ ШЫҒАРУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ҰЙЫМЫ** (ағыл. Organization of Petroleum Exporting) – ОПЕК, 1960-шы жылы құрылған халықаралық үкіметаралық ұйым. Оның бағдарламасында ОПЕК елдерінің мұнай жөніндегі саясатын келістіру, мұнай өндіру көлемі мен оған деген бағаны бақылау, сондай-ақ мұнай байлықтарын өз бетімен өндіруге ұмтылу қағидалары бекітілген.

**ORGANISATION DER ERDÖL EXPORTIERENDEN LÄNDER** (engl. Organization of Petroleum Exporting) – ОПЕК, eine 1960 gegründete internationale Regierungsorganisation. Ihrem Programm zufolge streben die OPEC – Mitgliedstaaten nach der Koordinierung ihrer Erdölpolitik, Kontrolle über Erdölförderungsumfang und Erdölpreise, selbständige Erschließung ihrer Erdölressourcen.

**ЭКСТЕРРИТОРИАЛДЫЛЫҚ** (лат. ex – ішінен, territorialis – аталмыш аумаққа байланысты) – шетелдік мемлекеттің заңдарынан тәуелді болмай тек өз елінің ғана заңдарына бағыну.

**EXTERRITORIALITÄT, die** (лат. ex-aus, territorialis – bezüglich dieses Gebietes) – ausnahmslose Unterziehung den Gesetzen seines eigenen Landes und volle Immunität vor der Gerichtsbarkeit des ausländischen Staates.

**ЭМБАРГО** (исп. embargo – тыйым салу) – белгілі бір тауарларды, валютаны елге әкеліп немесе елден шығаруға, сонымен бірге ғылыми-техникалық ақпараттармен, авторлық не басқа да құқықтармен алмасуға, сауда-саттық және басқа да сауда-экономикалық қызметтердің кейбір түрлеріне тыйым салу не шек қою.

**EMBARGO, das; HANDELSSPERRE, die** (span. embargo – Verbot) – Verbot oder Ein – und Ausfuhrbeschränkungen für bestimmte Waren oder Währungen, für Übergabe wissenschaftlich-technischer Informationen, Autoren – oder anderer Rechte, für Ausübung bestimmter Formen der kommerziellen u.a. handelswirtschaftlichen Tätigkeit.

**ЭМИГРАНТ** (лат. emigrans – елден кетуші) – өзі азаматы болып табылатын немесе тұрақты өмір сүрген елінен басқа мемлекетке тұрақты қоныстануға кеткен адам.

**EMIGRANT, der; AUSWANDERER, der** (lat. emigrans – Ausreisende, Auswandernde) – eine Person, die das Land verlässt, dessen Staatsangehörigkeit er besitzt oder wo er ständig gelebt hat, und in einen anderen Staat zum ständigen Wohnort ausreist.

**ЭМИССАР** (лат. emissarius – жолданған) – мемлекеттің немесе бір жеке меншік ұйымның басқа елдегі әртүрлі тапсырмаларын орындайтын арнаулы өкілі.

**EMISSÄR, der** (lat. emissarius – Gesandte) – Sonderbeauftragte eines Staates oder einer Privatorganisation, der verschiedene Aufträge im fremden Land erfüllt.

**ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ** – өз ішіне энергия жинақтаған, энергия өндіруге қолданылатын қатты / қою, сұйық, газ түріндегі немесе радиоактивтік материалдар. Таза энергия көздері әдетте табиғатта кездесетін түрінде (мұнай, газ, көмір, уран рудасы, су қуаты) қолданылады. Қосалқы энергия керісінше осы энергия көздерін өңдеу барысында туындайды (бензин, солярка, ток, сырттан жеткізілген жылу).

**ENERGIETRÄGER:** Feste, flüssige, gasförmige oder radioaktive Stoffe, die Energie in sich speichern. Sie dienen der Energieerzeugung. Primärenergeträger werden im Wesentlichen in ihrer natürlich vorkommenden Form genutzt (Erdöl, Erdgas, Kohle, Uranerz, Wasserkraft). Sekundärenergie entstammt dagegen einem Umwandlungsprozess (Benzin, Heizöl, Strom, Fernwärme).

## Ю

**ЮРИСДИКЦИЯ** (лат. jurisdictio – сот ісін жүргізу) – мемлекет органының фактілерге құқықтық баға беру, санкциялар белгілеу, заңдық дауларды және қандай да болса құқықтық сұрақтарды шешу өкілеттігі.

**JURISDIKTION, die; GERICHTSBARKEIT, die** (lat. jurisdictio – Gerichtsverfahren, Prozeßordnung) – Vollmachten der Staatsorgane, den Tatsachen rechtliche Einschätzung zu geben, Sanktionen einzuführen, juristische Streitigkeiten beizulegen und bestimmte Rechtsfragen zu lösen.

## Я

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ** – ядролық қаруды немесе басқа да ядролық қопарғыш құралдарды басқаларға бермеу, қаруды тікелей немесе жанама түрде бақылауды тапсырмау, сондай-ақ ядролық қаруы жоқ басқа бір мемлекетке ядролық қаруды жасауға немесе басқа жолмен ядролық қопарғыштарға ие болуға, оларды бақылауға көмектеспеу, соған итермелемеу және қолдамау.

**NICHTVERBREITUNG VON ATOMWAFFEN** – Verpflichtung eines Staates, die Atomwaffen oder andere atomare Sprengkörper sowie Kontrolle über sie weder direkt noch indirekt an einen anderen Staat zu übergeben, der keine Atomwaffen besitzt; diese Länder bei der Herstellung oder dem Erwerb von Atomwaffen oder anderen atomaren Sprengkörpern auf eine andere Weise nicht zu unterstützen und sie nicht zu fördern sowie ihnen die Kontrolle über diese Waffen nicht zu überlassen.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ АЙМАҚ** – атом қаруы жоқ аймақтар. Мұндай аймақтардың құрылуы ядролық шиеленістердің туу қаупін азайтады және осы аймаққа кіретін елдердің қауіпсіздігін нығайтады.

**ATOMWAFFENFREIE ZONEN** – Gebiete und Länder, die frei von Atomwaffen sind, sie gewährleisten die atomare Sicherheit dieser Länder.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ** – ядролық қару-жаракқа шек қою мен ядролық саладағы қарусыздануға бағытталған шаралардың жиынтығы.

**ATOMARE ABRÜSTUNG, die** – Gesamtheit von Maßnahmen zur Rüstungsbeschränkung und Abrüstung im atomaren Bereich.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ** – елдің ядролық қаруды өндірмеуге, ие болмауға және оларды елге әкелмеуге міндеттенген Жапония елі саясатының үш қағидасы.

**PRINZIPIEN DER ATOMAREN ABRÜSTUNG** – 3 Prinzipien der Politik von Japan, die die Verpflichtung dieses Landes proklamieren, die Atomwaffen nicht zu produzieren, sie nicht zu besitzen und nicht einzuführen.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУЫ ЖОҚ ЕЛДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛДЕМЕЛЕРІ** – ядролық қаруы жоқ елдерге қарсы ядролық қаруды қолдануға және ядролық қаруды таратуға тыйым салуға бағытталған халықаралық-құқықтық шаралар.

**GARANTIEN FÜR STAATEN, DIE KEINE ATOMWAFFEN BESITZEN** – völkerrechtliche Maßnahmen, die Anwendung der Atomwaffen gegen Staaten, die sie nicht besitzen, verbieten und auf die Nichtverbreitung der Atomwaffen gerichtet sind.

## DEUTSCH-KASACHISCHES HANDBUCH DER DIPLOMATIE



**ABBERUFUNG DES DIPLOMATISCHEN VERTRETERS, die** – es wird vorgenommen *auf Initiative der Entsenderegierung*: infolge der Ernennung der betreffenden Person zu einem anderen Amt, ihrer Pensionierung, Erkrankung oder aus einem anderen Grund; *auf Initiative der Regierung des Aufenthaltslandes*: infolge der Erklärung des diplomatischen Vertreters *persona non grata*, wenn diplomatische Beziehungen zwischen den Staaten abgebrochen oder unterbrochen werden.

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІ КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛУ** – бұл шара өз үкіметінің шешімі бойынша аталмыш өкілдің басқа жұмысқа ауысуына, орнынан түсуіне, ауруына не басқа да бір себептерге байланысты, ал қабылдаушы ел мемлекетінің шешімі бойынша дипломатиялық өкіл *persona non grata* (жағымсыз тұлға) болып танылса, мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастарды бұзғанда немесе уақытша тоқтатқанда іске асырылады.

**ABBERUFUNGSSCHREIBEN, das** – ein Schreiben über die Abberufung eines diplomatischen Vertreters, das durch das Oberhaupt des Entsendelandes unterschrieben wird.

**КЕРІ ШАҚЫРУ, КЕРІ ҚАЙТАРУ ГРАМОТАСЫ** – дипломатиялық өкілді кері қайтарып алу туралы өз елінің мемлекет басы қол қойған құжат.

**ABBRUCH DIPLOMATISCHER BEZIEHUNGEN** – ein durch einen Staat initiiertes und offiziell erklärtes Abbruch diplomatischer Beziehungen zu einem anderen Staat, es wird durch die Abberufung diplomatischer Vertreter begleitet.

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҰЗУ** – бір мемлекеттің ынтасымен іске асырылатын және ресми түрде жарияланатын басқа мемлекетпен дипломатиялық қатынастарды тоқтату және дипломатиялық өкілдіктерді кері шақырып алу.

**ABRÜSTUNG, die** – Gesamtheit von Maßnahmen, die auf die Einstellung des Wettrüstens, Einschränkung, Reduzierung und Liquidierung der den Krieg führenden Mittel gerichtet sind.

**ҚАРУСЫЗДАНУ** – жанталаса қарулануды тоқтату, соғыс қимылдарын жүргізу құралдарына шек қою, қысқарту және оларды жоюға бағытталған шаралардың жиынтығы.

**ABSCHLUSSPROTOKOLL, das** – ein besonderer Akt, der von den Vertragsseiten bei der Aufnahme in den Vertragstext einiger Bemerkungen, Erläuterungen u.a. unterschrieben wird, welche die Bestimmungen einzelner Artikel erläutern.

**ҚОРЫТЫНДЫ ХАТТАМА** – келісімге келуші тараптардың қажет болған кезде келісімдерге кейбір толықтырулар, анықтаулар және т.т. енгізу, бөлек бөлек түсінік беруі туралы арнайы қол қойылған қосымша актілер.

**AGGLOMERATION (A):** Ballungsraum; darunter versteht man ein Stadtgebiet mit seinen Umlandgemeinden. Im Fall von Frankfurt kann man z.B. das Rhein-Mainz-Gebiet (Inkl. Bad Homburg, Hanau, und Offenbach) als eine solche Agglomeration bezeichnen.

**АГГЛОМЕРАЦИЯ** – Бір қаланың қоршаған елді мекендерімен бірге алғандағы аумағын білдіреді. Франкфурттағы Майн (ГФР) қаласын алсақ, Бад Хомбург, Ханау және Оффенбах қалаларымен қоса осындай бір Аггломерацияны білдіреді.

**AGGRESSION, die** – militärischer Einsatz eines Landes gegen die Souveränität, territoriale Integrität oder politische Unabhängigkeit eines anderen Landes.

**БАСҚЫНШЫЛЫҚ, ШАПҚЫНШЫЛЫҚ, АГРЕССИЯ** – бір елдің егемендігіне, жерінің біртұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы бөтен елдің қарулы күштерінің қолданылуы.

**AGREMENT, das** (fr. *agrement* – Einverständnis, Zustimmung) – Einverständnis der Regierung des Empfangstaates mit der Person des Entsendestaates als diplomatischen Vertreter.

**АГРЕМАН** (фр. *agrement* – келісім) – қабылдаушы мемлекет үкіметінің белгілі бір адамды сенім білдіруші мемлекеттің дипломатиялық өкілі ретінде тіркеуге келісімі.

**AKKLAMATION, die** (lat. *acclamatio* – Zuruf) – Beschlussfassung ohne Einzelabstimmung, sondern durch die Reaktion der Anwesenden, durch ihre Zurufe, Repliken, Beifallklatschen u.a.

**АККЛАМАЦИЯ** (лат. *acclamatio* – үн қату) – дауыс санау арқылы емес қатысушылардың әсерлері, үн беруі, қол соғуы не т.б. тәсілдермен шешім қабылдау тәсілі.

**AKKREDITIEREN, das** (lat. *accredere* – bevollmächtigen, beglaubigen) – Beglaubigung eines diplomatischen Vertreters.

**ТІРКЕУ, АККРЕДИТАЦИЯЛАУ** (лат. *accredere* – сену, сенім білдіру) – дипломатиялық өкілді тіркеу рәсімі.

**ALTERNAT, das** (lat. *alterius* – Abwechslung) Regel, dass bei der Unterzeichnung völkerrechtlicher Verträge die Vertragsseite, die Unterschrift des Bevollmächtigten, der Siegel sowie selbst der Vertragstext in der Amtssprache jeder Vertragsseite als erste genannt und unterschrieben werden.

**ТЕҢДЕСТІК, КЕЗЕКТІК, АЛЬТЕРНАТ** (лат. *alterius* – алма-кезектік) – халықаралық шарттарда тиісті қол қоюшы елдің не қол қоюшы өкілетті адамның атын, мөрін, сонымен қатар шарт мәтінінің өзін әр елдің тіліндегі данада бірінші орынға қою тәртібі.

**AMNESTY INTERNATIONAL, ai** – Gründung am 28.05.1961 in London (Großbritannien) durch den englischen Rechtsanwalt Peter Benenson als unabhängige, auf ehrenamtlicher Tätigkeit basierende Nichtregierungsorganisation.

Ziele: Weltweiter Einsatz für die Freilassung und Unterstützung von Personen, die unter Mißachtung der Allgemeinen Erklärung der Menschenrechte der Vereinten Nationen wegen ihrer Überzeugung, ethnischer Herkunft, Sprache, wegen ihres Glaubens oder ihres Geschlechts inhaftiert sind. Hauptorgane: Internationaler Rat, Internationales Exekutivkomitee, Internationales Sekretariat.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АМНИСТИЯ** – 1961-ші жылдың 28-ші мамыры күні ағылшын адвокаты Питер Биненсонның Лондонда (Англия) құрған тәуелсіз, қоғамдық қызметке негізделген, мемлекеттік емес қоғамы. Мақсаты: Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары туралы Жалпы Мәлімдемесіне қайшы көзқарастармен ұлтына, тіліне, дініне немесе жынысына байланысты қамалған әлемдегі адамдардың барлығының бостандығын талап етіп, оларға қолдау көрсету. Басты органдары: Халықаралық Кеңес, Халықаралық атқару Комитеті және Халықаралық Хатшылық.

**ANNEXION, die** (лат. annexus – anfügen) gesetzwidriger Anschluss des Territoriums eines fremden Staates durch einen anderen Staat.

**ЗАҢСЫЗ ҚОСЫП АЛУ, АННЕКСИЯЛАУ** (лат. annexus – қосып алу) – басқа бір мемлекеттің жерін заңсыз түрде қосып алу.

**APARTHEID, die** (африкаанс: apartheid – gesondert leben, Trennung) – die als menschenfeindlich verurteilte Rassenabsonderungs-, Diskriminations – und – Trennungspolitik.

**АПАРТЕИД** (африкаанс: apartheid – бөлек, жеке-дара өмір сүру) – адамзатқа қарсы қылмыс ретінде айыпталған, басқаларды нәсілдік тұрғыдан шеттету, алалау және билеп-төстеу саясаты.

**ARABISCHER FRÜHLING:** Arabischer Frühling oder auch Arabellion (Arabien+Revolution) bezeichnet eine im Dezember 2010 beginnende Serie von Protesten, Aufständen und Revolutionen in der arabischen Welt. Sie ging von der Revolution in Tunesien aus und verbreitete sich in etliche Staaten im Nahen Osten und in Nordafrika, gerichtet gegen die dort herrschenden Regime und die politischen sowie sozialen Strukturen dieser Länder (Ägypten, Algerien, Jemen, Jordanien, Libyen, Bahrain und Syrien). Ursachen für die erhöhte Protestbereitschaft sind der Unmut über die autoritären Regimes mit einem ausgeprägten Sicherheitsapparat, fehlende Mitbestimmung der Bürger sowie Korruption in Staat, Wirtschaft und Verwaltung. Eine wesentliche weitere Ursache ist die hohe Arbeitslosigkeit insbesondere der jüngeren Bevölkerung und eine wachsende Armut. Hinzu kommen weltweit steigende Nahrungsmittel – und Energiepreise.

**АРАБ КӨКТЕМІ** – немесе арабеллион (араб+революция) – араб елдерінде 2010 жылы желтоқсан айында басталған наразылықтар, көтерілістер мен төңкерістер қатарын білдіреді. Тунистен бастау алып, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінің (Мысыр, Алжир, Йемен, Йордания, Ливия, Бахрейн және Сирия) бірқатарына тараған наразылықтар сол елдердің билік басындағы күштеріне және саяси, сондай-

ақ әлеуметтік құрылымындарына қарсы бағытталды. Негізгі себеп болған: бақылаусыз қауіпсіздік күштерге сүйенген авторитарлық режимдер, азаматтардың ойларын ескермеу, жұмыссыздықтың, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мен барған сайын өршіп бара жатқан кедейшілік пен жоқшылық, сондай-ақ мемлекеттегі, экономикадағы және басқару орындарындағы паракорлық. Соңғы кезде тамақ пен электр энергиясына деген бағаның өсуі де қосымша наразылықтарға соқтырды.

**ARKTISCHER RAT, der** – gegründet am 1. Oktober 1996. Mitglieder: Dänemark, Finnland, Island, Kanada, Norwegen, Russland, Schweden und die USA. Ziele: Grundsatzklärung über Art und Umfang künftiger Zusammenarbeit; reibungslose Abstimmung aller Erschließungsvorhaben unter Berücksichtigung der hohen Störanfälligkeit nordpolarer Ökosysteme.

**АРКТИКА КЕҢЕСІ** – 1996-шы жылдың 1-ші қазаны күні құрылған. Мүше елдер: Дания, Финляндия, Исландия, Канада, Норвегия, Ресей, Швеция және АҚШ. Мақсаты: болашақтағы ынтымақтастықтың түрі мен көлемі туралы мәлімдеме; солтүстіктегі экологиялық жүйенің өзгерістерге аса сезімтал екенін ескеріп, барлық игеру жұмыстарын мұқият келісе отырып жүргізу.

**ASIATISCH – PAZIFISCHE WIRTSCHAFTLICHE ZUSAMMENARBEIT, (Asia-Pacific Economic Cooperation), АПЕС** – eine 1989 gegründete Organisation von 17 Staaten im asiatisch-pazifischen Raum mit Sitz in Singapur. Ziele: Abbau von Handelsbarrieren. Der asiatisch – pazifische Raum gilt mit seinem hohen Wirtschaftswachstum als Zukunftsmarkt des 21. Jahrhunderts.

**АЗИЯ ЖӘНЕ ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (Asia-Pacific Economic Cooperation), АПЕК** – Азия және Тынық мұхиты аймағындағы 17 мемлекеттің 1989-шы жылы құрған ұйымы, штаб-пәтері Сингапур қаласында. Мақсаты: сауда-саттық байланыстарындағы кедергілерді жою. Өзінің екпінді экономикалық өсуінің нәтижесінде Азия және Тынық мұхиты елдері болашағы мол ХХІ ғасырдағы негізгі нарық аймағы болып есептеледі.

**ASYLRECHT, das** – souveränes Recht eines Staates, politisches Asyl einer Person zu gewähren, die sich mit einer entsprechenden Bitte an diesen Staat gewandt hat.

**БАСПАНА ҚҰҚЫ** – мемлекеттің өзіне тиісті өтініш берген адамға саяси баспана беру егеменді құқығы.

**ATOMARE ABRÜSTUNG, die** – Gesamtheit von Maßnahmen zur Rüstungsbeschränkung und Abrüstung im atomaren Bereich.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ** – ядролық қару-жараққа шек қою мен ядролық саладағы қарусыздануға бағытталған шаралардың жиынтығы.

**ATOMAUSSTIEG, der** – Ein Jahr nach der Einigung der Bundesregierung mit den Energieversorgungsunternehmen über die Beendigung der Nutzung der Atomenergie unterzeichneten am 11.06. beide Seiten den Vertrag zum sogenannten Atomkonsens über die Restlaufzeit der 19 Kernkraftwerke in Deutschland, die über die nächsten 20 Jahre schrittweise vom Netz genommen werden sollen.

**АТОМ ЭНЕРГИЯСЫНАН (ҚУАТЫНАН) БАС ТАРТУ** – Федералдық үкімет пен энергия қуатын өндіруші кәсіпорындар өзара келісімге келгеніне бір жыл өткеннен кейін екі тарап 2000-шы жылдың 11-ші шілде күні Германиядағы 19 атом электр стансысын алдағы 20 жыл ішінде біртіндеп электр жүйесінен шығару туралы «Атом қуаты туралы келісім» деп аталған шартқа қол қойды.

**ATOMWAFFENFREIE ZONEN** – Gebiete und Länder, die frei von Atomwaffen sind, das gewährleistet die atomare Sicherheit dieser Länder.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ АЙМАҚ** – атом қаруы жоқ аймақтар. Мұндай аймақтардың құрылуы ядролық шиеленістердің туу қаупін азайтады және осы аймаққа кіретін елдердің қауіпсіздігін нығайтады.

**ATTACHE, der** (fr. attache) – Dienst – oder Rangbezeichnung für die Eingangsstufe für einen diplomatischen Mitarbeiter.

**АТТАШЕ** (фр. attache) – дипломатиялық қызметкердің лауазымы не дәрежесі.

**AUSLÄNDER, der** – Personen, die die Staatsangehörigkeit des Aufenthaltslandes nicht besitzen und ihre Zugehörigkeit zu einem anderen Staat nachweisen können.

**ШЕТЕЛДІКТЕР** – аталмыш мемлекеттің азаматы болып саналмайтынына және басқа мемлекеттің азаматы екеніне дәлел құжаттары бар адамдар.

**AUSNAHMEZUSTAND, der** – staatlicher Notzustand im Land oder in seinen einzelnen Regionen, der wegen außerordentlicher Umstände in Friedens – oder Kriegszeit angeordnet wird und zu außerordentlichen Maßnahmen zum Schutz vor Innen – oder Außengefahr, Sicherung der öffentlichen Ordnung u.a. nötig.

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ** – бейбітшілік және соғыс кезеңінде жағдайдың аса ерекшелігіне байланысты елде немесе елдің кейбір аудандарында күшіне енгізілетін, елді ішкі және сыртқы қауіптен қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға т.т. бағытталған ерекше шараларды қолдануға мүмкіндік беретін құқықтық жағдай.

**AUSSENHANDEL:** Grenzüberschreitender Handel, wichtigster Bestandteil der Außenwirtschaft. Er umfasst Ex – und Importe von Waren und Dienstleistungen, die in der Außenhandelsstatistik in tatsächlichen Werten erfasst werden.

**СЫРТҚЫ САУДА** – мемлекетаралық сауда, ел экономикасының маңызды бөлігі. Ол тауарлар мен қызмет көрсетудің экспорты мен

импортын қамтиды, ал нақты көлемі сыртқы сауда статистикалық деректерінде көрсетіледі.

**AUSSENPOLITIK, die** – die Gestaltung der internationalen Beziehungen eines Staates. Gemäß den Prinzipien und Zielen des Staates regelt die Aussenpolitik seine Beziehungen zu anderen Staaten und Völkern, die durch verschiedene Mittel und Methoden verwirklicht wird.

**СЫРТҚЫ САЯСАТ** – мемлекеттің халықаралық істердегі жалпы бағыты мен ұстанымы. Сыртқы саясат аталмыш мемлекеттің өз ұстанымдары мен мақсатына сай басқа мемлекеттермен және халықтармен әртүрлі құралдар мен тәсілдерді пайдалана отырып жүргізетін қарым-қатынасы.

**AUSSENPOLITISCHE INFORMATION, die** – Information, die durch die Botschaft über die Situation und Ereignisse im Aufenthaltsland mit deren Analyse und politischer Einschätzung vorbereitet wird und die Tendenzen, Gesetzmäßigkeiten und Entwicklungsperspektiven enthält.

**СЫРТҚЫ САЯСАТ АҚПАРАТЫ** – елшілік орналасқан мемлекеттің жағдайы мен ондағы уақиғалар туралы елшіліктің дайындайтын ақпараты. Ақпаратта қажетті талдау мен саяси баға беріледі, ағымдар мен заңдылықтар зерттеліп, даму барысына талдау жасалады.

**AUSSENPOLITISCHE PROGNOSE, die** – Bestimmung möglicher Entwicklung der internationalen Beziehungen im ganzen Land oder in einzelnen Regionen, Einschätzung möglicher Folgen der aussenpolitischen Aktivitäten des betreffenden Landes.

**СЫРТҚЫ САЯСАТТЫ БОЛЖАУ** – әлемдегі немесе белгілі бір аймақтағы халықаралық қатынастардың даму мүмкіндігін анықтау, мемлекеттің сыртқы саясатындағы істерінің мүмкін салдарына баға беру.

**AUSSIEDLER, Pl.** – Bürger eines Staates, die auf der Suche nach Arbeit sowie aus politischen oder religiösen Gründen zur ständigen Niederlassung oder für längere Zeit in einen anderen Staat gekommen sind.

**ИММИГРАНТТАР, ЕЛАУҒАНДАР, КЕЛІМСЕКТЕР** – бір мемлекеттің тұрақты немесе ұзақ мерзімге табыс табу мақсатымен немесе саяси не діни себептердің салдарынан екінші мемлекет аумағына қоныс тепкен адамдар.

**AUSWANDERER, der** (lat. emigrans – Ausreisende, Auswandernde) – eine Person, die das Land verläßt, dessen Staatsangehörigkeit er besitzt oder wo er ständig gelebt hat, und in einen anderen Staat zum ständigen Wohnort ausreist.

**NACHRICHTENAGENTUREN, Pl.** – staatliche, kooperative oder kommerzielle Organisationen, die sich über ihr eigenes Korrespondentennetz mit der

Informationssammlung befassen oder diese aus anderen Quellen bekommen und Nachrichten innerhalb des Landes sowie ins Ausland über nationale Systeme der Massenmedien verbreiten.

**АҚПАРАТ АГЕНТТІКТЕРІ** – өз тілшілерінің жүйесі бойынша немесе басқа да жолдармен алынған ақпараттарды жинап, ұлттық ақпарат жүйелері арқылы жаңалықтарды ел ішінде және шетелде таратумен шұғылданатын мемлекеттік, кооперативтік немесе коммерциялық ұйымдар.

**NATIONALHYMNE, die** patriotischer Gesang, Sympol der Staatsunabhängigkeit, wird während offizieller Staatsveranstaltungen, Feierlichkeiten, beim Empfang oder der Verabschiedung ausländischer Staats – und Regierungsdelegationen gespielt und gesungen.

**МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАН** – ресми мемлекеттік шаралар кезінде, мерекелік жиындарда, шетелдік мемлекеттік немесе үкіметтік делегациялар келіп-кетерде ойналатын, мемлекеттің егемендік рәміздерінің бірі болып табылатын шалтты, рух берер әуен.

**NATIONALISIERUNG, die** – Überführen von privaten Betrieben, Wirtschaftszweigen und Vermögen in Staatseigentum.

**ҰЛЫСТАНДЫРУ, МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ АЛУ** – жеке меншіктегі кәсіпорындарды, халық шаруашылығының түрлі салалары мен мүліктерінің мемлекет меншігіне өтуі.

**NATIONALREGIME, das** – Art des Rechtsregimes, das auf ausländische juristische und physische Personen auf dem Hoheitsgebiet des Aufenthaltsstaates verbreitet wird. Es bedeutet, daß den genannten Personen dieselben Rechte und Privilegien gewährt werden, die im Staat einheimische juristische und physische Personen genießen. Dies betrifft auch ihre Pflichten an.

**ҰЛТТЫҚ ТӘРТІП** – аталмыш мемлекеттің аумағындағы шетелдік заңды және жеке тұлғаларға таралатын құқылық тәртіптің түрі. Ұлттық тәртіп көрсетілген тұлғаларға аталмыш елдің отандық заңды және жеке тұлғаларына берілетін құқықтар мен артықшылықтарды беруін білдіреді. Аталған құқықтар олардың міндеттерін де реттейді.

**NATO, die** (engl. North Atlantic Treaty Organization) – Organisation der Signatarmächte des Nordatlantikpaktes, wurde auf Initiative der USA 1949 gebildet. Oberste Organe der NATO sind der Nordatlantikrat (NATO-Rat) und der Verteidigungsplanungsausschuss. Der Sitz der höchsten Organe des Paktes ist in Brüssel. Die Arbeit der obersten Organe des Bündnisses und Beratungen werden vom NATO-Generalsekretär ausgeübt, der das Internationale Sekretariat leitet.

**НАТО** (ағыл. North Atlantic Treaty Organisation) – Солтүстік Атлантика Одағы 1949-шы жылы АҚШ белсенділігімен құрылды. НАТО басқару органдары – Солтүстік Атлантика кеңесі мен Әскери жоспарлау комитеті. Басқару органдарының штаб-пәтері Брюссель қаласында

орналасқан. Осы одақтың басқару органдарының жұмысы мен кеңесу барысын Халықаралық хатшылықты басқаратын НАТО-ның Бас хатшысы ұйымдастырады.

**NEUMARKIERUNG DER GRENZLINIEN** – gemeinsame Prüfung und notfalls die Wiederherstellung der Staatsgrenze an Neubestimmungsstellen, Ersetzung zerstörter und Errichtung neuer Grenzzeichen, die durch die Nachbarstaaten auf der Grundlage der zwischen ihnen abgeschlossenen und geltenden Abkommen durchgeführt werden.

**ШЕКАРА БЕЛГІЛЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ** – көршілес мемлекеттердің күшіндегі екітараптық шарттар негізінде мемлекеттік шекараның өту орнын біріге тексеріп, қажет болса қалпына келтіру, бұзылған шекара белгілерін алмастырып, жаңартуы.

**NEUTRALITÄT, die** (lat. neuter – weder noch) – ein besonderer Rechtsstatus eines Staates, gemäß dem er an keinen bewaffneten Konflikten teilnimmt, kein Mitglied der militärischen Bündnisse oder Allianzen wird sowie sein Territorium den ausländischen Streitkräften und militärischen Stützpunkten nicht zur Verfügung stellt.

**БЕЙТАРАПТЫҚ, НЕЙТРАЛИТЕТ** (лат. neuter – не ол не бұл емес) – әскери қатығыстарға араласпау, әскери одақтар мен блоктарға мүше болмау, өз аумағын шетелдік әскерлер мен әскери базаларға бермеу қағидасын білдіретін мемлекеттің айрықша халықаралық-құқықтық мәртебесі.

**NICHTANGRIFFSPRINZIP, das** – Prinzip, gemäß dem ein Staat gegen einen zweiten Staat als erster die militärische Kraft nicht einsetzt.

**СОҒЫС АШПАУ, ШАБУЫЛДАМАУ** – мемлекеттің бірінші болып басқа бір мемлекетке қарсы қарулы күш қолданбау қағидасы.

**NICHTANWENDUNG DER GEWALT IN DEN INTERNATIONALEN BEZIEHUNGEN** – eines der Hauptprinzipien des Völkerrechts, Verzicht in den internationalen Beziehungen auf Drohung mit Gewaltanwendung und ihrer Anwendung oder auf Drohung durch eine andere Weise gegen die territoriale Unantastbarkeit, politische Unabhängigkeit eines Landes, die die Satzung der UNO verletzen würden.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА КҮШ ҚОЛДАНБАУ** – халықаралық қатынастарда бір мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолданамыз деп сес көрсетуден немесе күш қолданудан бас тартуды білдіретін халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**NICHTEINMISCHUNG, die** – eines der Grundprinzipien des Völkerrechts, gemäß dem kein Staat, keine Staatengruppe das Recht hat, sich direkt oder indirekt in die inneren und äußeren Angelegenheiten eines anderen Staates einzumischen.

**ҚОЛ СҰҚПАУ, АРАЛАСПАУ, КІРІСПЕУ** – бір мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының өзге бір елдің ішкі және сыртқы істеріне тікелей немесе жанама түрде араласуына тыйым салатын халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі.

**NICHT GLEICHBERECHTIGTE VERTRÄGE, Pl.** – Abkommen, die durch starke Staaten den schwächeren und abhängigen Ländern aufgezwungen werden. Zu nicht gleichberechtigten Verträgen gehören gewaltsame, räuberische und knechtende Verträge, denn sie werden gegen souveränen Willen einer der Vertragsseiten, gegen Prinzipien des gegenseitigen Vorteils und gegen die souveräne Gleichheit der Staaten abgeschlossen.

**АЛАМА, ТЕҢСІЗ ШАРТТАР** – күшті мемлекеттердің әлсіз және тәуелді мемлекеттерге күштеп таңар келісімшарттары. Теңсіз, алама шарттардың қатарына күштеп таңған, жаулап алу немесе кіріптар етер шарттар жатады, себебі олар келісімшарт жасасушы тараптардың бірінің егемендік мүддесін, шарттың екі жаққа бірдей тиімділігі мен олардың тең егемендігі қағидаларын ескермейді.

**NICHTVERBREITUNG VON ATOMWAFFEN** – Verpflichtung eines Staates, die Atomwaffen oder andere atomare Sprengkörper sowie Kontrolle über sie weder direkt noch indirekt an einen anderen Staat zu übergeben, der keine Atomwaffen besitzt; diese Länder bei der Herstellung oder dem Erwerb von Atomwaffen oder anderen atomaren Sprengkörpern auf eine andere Weise nicht zu unterstützen und sie nicht zu fördern sowie ihnen die Kontrolle über diese Waffen nicht zu überlassen.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ** – ядролық қаруды немесе басқа да ядролық қопарғыш құралдарды басқаларға бермеу, қаруды тікелей немесе жанама түрде бақылауды тапсырмау, сондай-ақ ядролық қаруы жоқ басқа бір мемлекетке ядролық қаруды жасауға немесе басқа жолмен ядролық қопарғыштарға ие болуға, оларды бақылауға көмектеспеу, соған итермелемеу және қолдамау.

**NORDATLANTIKPAKT, der** – NATO (engl. North Atlantic Treaty Organization) – am 4. April 1949 auf Initiative der USA gegründetes kollektives Verteidigungsbündnis. Anfang 2002 gehörten dem Pakt 19 Staaten an. Dem Vertrag zufolge wird ein Angriff auf einen oder einige von NATO-Mitgliedstaaten als Angriff auf alle den Vertrag geschlossenen Staaten betrachtet. Jede von Seiten ist verpflichtet, den angegriffenen Vertragsseiten unverzüglich Hilfe zu leisten einschließlich den Einsatz von Militärgewalt.

**СОЛТҮСТІК АТЛАНТИКА ШАРТЫ, НАТО** (ағыл. North Atlantic Treaty Organization) – 4-ші сәуір 1949-шы жылы АҚШ ұсынысымен қол қойылған біріккен қауіпсіздік туралы шарт. 2002-ші жылдың басында оған 19 мүше ел болды. Шарт бойынша мүше елдердің біріне немесе бірнешеуіне жасалған шапқыншылық шарт жасасушы елдердің бәріне жасалды деп есептеледі. Әр тарап шапқыншылықтың құр-

баны болған елге қарулы күштерін де қолдана отырып шұғыл көмек көрсетуге тиісті.

**NORDATLANTIKKRAT, der** – Oberstes Organ des Noratlantikpaktes, führt politische Beratungen und Meinungsaustausch über wichtige Fragen der NATO-Tätigkeit durch.

**СОЛТҮСТІК АТЛАНТИКА КЕҢЕСІ** – Солтүстік Атлантика Ұйымының ең жоғарғы саяси органы, саяси сұрақтар туралы кеңестер өткізіп, НАТО ұйымының негізгі мәселелері жөнінде ақпараттармен алмасуды қамтамасыз етеді.

**NOTENWECHSEL, der** – eine der Formen der Abschließung der Abkommen zwischen den Staaten zu solchen Fragen wie Aufnahme diplomatischer Beziehungen, Umbildung der diplomatischen Vertretung in die Botschaft, Konkretisierung einzelner Bestimmungen eines Vertrages, seiner Kündigung, Übergabe des Eigentums u.a.

**НОТАЛАР АЛМАСУ** – халықаралық шарттар жасасу нысандарының бір түрі. Әдетте дипломатиялық қатынастар орнату, дипломатиялық миссияны елшілік етіп қайта құру, белгілі бір шарттың кейбір тұжырымдамаларын анықтау тәрізді мемлекеттік келісімдер жасасу барысында пайдаланылады.

**NOTIFIZIERUNG, die** (lat. notificare – mitteilen, berichten) – eine offizielle Benachrichtigung, die in der diplomatischen Tätigkeit und beim Vertragsabschluss verbreitet ist.

**НОТИФИКАЦИЯ** (лат. notificare – жазбаша мәлімдеу) – дипломатиялық және шарт жасасу практикасында кең қолданылатын ресми мәлімдеме.

**NOTSTANDSGESETZ, das** – Gesetzgebungsakte, die der Exekutivmacht im Fall der Entstehung im Land außerordentlicher Umstände uneingeschränkte Vollmachten gewähren, unter anderem auch das Recht nach ihrem Dünken den Ausnahmezustand zu erklären.

**ТӨТЕНШЕ ЗАҢ** – елде аса бір қауіпті жағдай болған кезде іске асырылатын, әдетте билік атқару органдарына шексіз өкілдік беретін, атап айтқанда, өз қарауынша қимылдау және елде төтенше жағдай енгізу құқығын беретін заң актілері.

**NUNTIUS, der** (ital. nunzio, lat. – nuntius – Bote) – diplomatischer Vertreter des römischen Papstes in Staaten, mit denen Vatikan diplomatische Beziehungen unterhält. In vielen katholischen Ländern ist Nuntius unabhängig von der Zeit der Übergabe des Beglaubigungsschreibens Doyen des diplomatischen Corps.

**НУНЦИЙ** (итал. nunzio; лат. nuntius – өкіл) – Рим папасының Ватикан дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттердегі дипломатиялық өкілі. Көптеген католик дініндегі елдерде сенім грамотасын қашан тапсырғанына қарамастан Нунций дипломатиялық корпусстың ақсакалы (дуаиәні) болып табылады.



«**ÖSTLICHE PARTNERSCHAFT**» der EU: Die «östliche Partnerschaft» wurde am 7.5.2009 mit den sechs GUS-Staaten der ENP gegründet und hat eine bilaterale und multilaterale Ebene; diesen ehemaligen Sowjetrepubliken werden u.a. Finanzhilfen (2010–13: 600 Mio. €) für die Umsetzung politischer und wirtschaftlicher Reformen, Assoziierungsabkommen, Freihandel, Unterstützung bei der Energieversorgungssicherheit und visafreie Einreise in die EU in Aussicht gestellt.

«**ШЫҒЫС КӨРШІЛЕСТІГІ**» (ЕО-ның) – «Шығыс көршілестігі» 2009 жылы 7 мамырда ТМД-ның алты мемлекеті мен ЕКС арасында құрылып, екі және көпжақты деңгейді қамтиды; аталған бұрынғы Кеңес республикаларына саяси және экономикалық реформаларды іске асыруда, еркін сауданы дамытуда, энергиямен қамтамасыз ету қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қаржылай қолдау (2010–13: 600 млн. €) көрсетіліп, басқа елдерге визасыз бару мүмкіндігін қарастыру перспективасына жол ашты.

**OKKUPATION, MILITÄRISCHE die** (lat. occupatio – Besetzung) – provisorische Besetzung des Hoheitsgebiets (oder eines Teils) eines Staates durch Streitkräfte eines fremden Staates und Errichtung der Besatzungsmacht auf dem okkupierten Territorium.

**ӘСКЕРИ ЖАУЛАП АЛУШЫЛЫҚ, ОККУПАЦИЯ** (лат. occupatio – жаулап алу, басып алу) – бір елдің қарулы күштерінің басқа бір елдің аумағын немесе аумағының бір бөлігін жаулап алып, сол жерде әскери әкімшілік билігін орнатуы.

**OPTION, die** (lat. optatio – Wunschform, Wahl) – freiwillige Wahl zwischen zwei Staatsangehörigkeiten.

**ТАҢДАУ, ҚАЛАП АЛУ, ОПТАЦИЯ** (лат. optatio – қалау, таңдау) – өз еркімен екі мемлекет азаматтығының бірін таңдау, қалап алу.

**ORGANISATION DER AMERIKANISCHEN STAATEN** – (Engl. Organization of American States) – OAS, regionale internationale Organisation von selbständigen amerikanischen Staaten; geründet 1948 in Bogota von 21 latein-amerikanischen Staaten und den USA, umfaßt (1997) 34 Mitgliedstaaten; Sitz: Washington; Ziele: Bekräftigung der Prinzipien der inneramerikanischen Solidarität und der Nichteinmischung, Schlichtung aller Streitigkeiten zwischen den amerikanischen Staaten, gemeinsame Abwehr aller Angriffe auf eines der Mitgliedsländer, wirtschaftliche, soziale und kulturelle Zusammenarbeit.

**АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ** (ағыл. Organization of American States) – АМҰ, 1948-ші жылы Богота қаласында АҚШ және 12 Латын Америкасының мемлекеттері құрған тәуелсіз аймақтық халықаралық ұйым. 1997-ші жылы 34 мүше-мемлекеті болды. Штаб-пәтері Вашингтонда орналасқан. Мақсаттары: американдық мемлекеттердің өзара ынтымақтастығын дамыту, бір-бірінің ішкі істеріне

араласпау, американдық мемлекеттер арасындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, біреуіне бағытталған шабуылға бірлесе тойтарыс беру, өзара экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстарды күшейту.

**ORGANISATION DER ERDÖL EXPORTIERENDEN LÄNDER** (engl. Organization of Petroleum Exporting) – OPEK, eine 1960 gegründete internationale Regierungsorganisation. Ihrem Programm gemäß streben die OPEK – Mitgliedstaaten die Koordinierung ihrer Erdölpolitik, Kontrolle über Erdölförderungsumfang und Erdölpreise, selbständige Erschließung ihrer Erdölressourcen an.

**ЭКСПОРТҚА МҰНАЙ ШЫҒАРУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ҰЙЫМЫ** (ағыл. Organization of Petroleum Exporting) – ОПЕК, 1960-шы жылы құрылған халықаралық үкіметаралық ұйым. Оның бағдарламасында ОПЕК елдерінің мұнай жөніндегі саясатын келістіру, мұнай өндіру көлемі мен оған деген бағаны бақылау, сондай-ақ мұнай байлықтарын өз бетімен өндіруге ұмтылу қағидалары бекітілген.

**ORGANISATION DER ISLAMISCHEN KONFERENZ** (Engl. Organization of the Islamic Conference) – OIK, eine internationale Regierungsorganisation, Ziele: Förderung der muslimischen Solidarität zwischen den Mitgliedstaaten, Ausweitung der Zusammenarbeit zwischen ihnen, Gewährleistung des Friedens und der Sicherheit, Unterstützung des Kampfes des palästinensischen Volkes für die Wiederherstellung seiner Rechte und Befreiung seiner besetzten Gebiete.

**ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫ** (ағыл. Organization of the Islamic Conference) – ИКҰ, халықаралық үкіметаралық ұйым, мақсаттары: ұйымға мүше елдердің мұсылмандарының бірлестігін қолдау, олардың өзара ынтымақтастығын нығайту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін тиісті шараларды іске асыру, Палестина араб халқының құқықтары мен өз жерін азат етуге ұмтылысын қолдау.

**ORGANISATION DER VEREINTEN NATIONEN** (Engl. United Nations Organization) – UNO, eine internationale Organisation, die am 26. Juni 1945 in San Francisco auf der Grundlage der freiwilligen Einigung der Bemühungen souveräner Staaten für Wahrung und Festigung des Weltfriedens, Sicherheit und Ausweitung der Zusammenarbeit zwischen ihnen gegründet wurde. Die in der Charta festgelegten Ziele der UNO sind Gewährleistung des Friedens und der Sicherheit, Vorbeugung und Beseitigung der Friedensbedrohungen und Verhinderung der Aggression, Schlichtung oder friedliche Lösung internationaler Streitigkeiten, Förderung freundschaftlicher Beziehungen zwischen den Nationen, internationale Zusammenarbeit, Verstärkung der Rolle des Zentrums bei koordinierter Handlungen der Staaten, die auf die Durchsetzung dieser Ziele gerichtet sind.

**БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ** (ағыл. United Nations Organization) – БҰҰ, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығай-

ту, өзара ынтымақтастықты дамыту мақсатында егемен мемлекеттердің өз күштерін ерікті түрде біріктіре отырып, 1945-ші жылдың 26-шы маусымында Сан Франциско қаласында құрған халықаралық ұйымы. Өз Жарғысында бекітілгендей БҰҰ мақсаттары бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, бейбітшілікке төнген қауіпті болдырмау және оның алдын алу, шапқыншылық әрекеттерге тыйым салу, халықаралық шиеленістерді бейбіт жолмен реттеу және шешу, ұлттар арасындағы достық қарым-қатынастар мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту, осы мақсаттарға жету жолындағы мемлекеттердің келісе атқарған іс-әрекеттеріндегі орталықтың рөлін арттыру болып табылады.

**ORGANISATION FÜR AFRIKANISCHE EINHEIT** (Engl. Organization of African Unity) – OAU, eine regionale internationale Regierungsorganisation, die das Ziel verfolgt, allseitige politische und wirtschaftliche Zusammenarbeit zwischen den afrikanischen Ländern auszuweiten, ihre Solidarität in der Welt zu stärken und die Unabhängigkeit der afrikanischen Staaten zu schützen.

**АФРИКА БІРЛЕСТІГІ ҰЙЫМЫ** – (ағыл. Organization of African Unity) – АБҰ, Африка елдерінің жан-жақты саяси және экономикалық ынтымақтастығын дамыту және сол мемлекеттердің тәуелсіздігін қорғау мақсатында құрылған аймақтық халықаралық ұйым.

**ORGANISATION FÜR SICHERHEIT UND ZUSAMMENARBEIT IN EUROPA – OSZE**, (Organization for Security and Cooperation in Europe), Staatenverbund, hervorgegangen aus der KSZE (Konferenz für Sicherheit und Zusammenarbeit in Europa), versteht sich als eine «regionale Abmachung der Vereinten Nationen». Institutionen: Ministerrat (Rat der Außenminister), Hoher Rat (Ausschuss Hoher Beamter), Ständiger Ausschuss. Das Amt des Hochkommissars für nationale Minderheiten arbeitet eng mit dem OSZE – Büro für demokratische Institutionen und Menschenrechte in Warschau zusammen. Beide haben die Aufgabe, Minderheitskonflikte frühzeitig zu erkennen und dafür zu sorgen, daß die OSZE-Mechanismen zur politischen und militärischen Krisenbewältigung in Gang gesetzt werden.

**ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ** (Organization for Security and Cooperation in Europe) – ЕҚЫҰ, БҰҰ-ның аймақтық келісімі ретінде бұрынғы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық туралы Кеңестің негізінде құрылды. Басқару органдары: Министрлер Кеңесі (Сыртқы істер министрлері Кеңесі), Жоғарғы Кеңес (Жоғарғы лауазымды қызметкерлер Кеңесі), Тұрақты Комитет. Аз ұлттар мәселелері туралы Жоғарғы Комиссар Варшавада орналасқан ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттар және адам құқы мәселелері бюросымен қоян-қолтық біріге жұмыс істейді. Екі ұйым да аз ұлттарға байланысты дауды уақытында анықтап, осы дағдарысты ЕҰЫҰ-ның тетіктерін қолдана отырып, саяси және әскери күшпен шешу мақсатын көздейді.

**ORGANISATION FÜR WIRTSCHAFTLICHE ZUSAMMENARBEIT UND ENTWICKLUNG** (Organisation for Economic Cooperation and Development), OECD – Gründung durch Pariser Übereinkommen vom 14.12.1960 als Nachfolgeorganisation der 1948 geschaffenen, den US-Marshall-Plan koordinierenden Organisation für Wirtschaftliche Zusammenarbeit in Europa OEEC (Organisation for European Economic Cooperation). Mitglieder: 30 Staaten. Ziele: Förderung und Koordination der Wirtschafts-, Währungs – und Entwicklungspolitik der Mitglieder. Hauptorgane: Rat der Ständigen Delegationen der Mitglieder (auf der Ebene der Minister), Exekutivausschuss, Internationales Sekretariat. Sonderorganisationen der OECD sind die Internationale Energie-Agentur IEA (International Energy Agency) und die Kernenergie-Agentur NEA (Nuclear Energy Agency).

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ДАМУ ҰЙЫМЫ** (Organisation for Economic Cooperation and Development) – ЭЫДҰ, 1960-шы жылғы 14-ші желтоқсандағы Париж келісімдеріне байланысты АҚШ-тың Маршалл жоспарын үйлестіру үшін 1948-ші жылы құрылған Еуропадағы Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының (Organisation for European Economic Cooperation) ізбасары. 30 ел мүше болып табылады. Мақсаттары: мүше елдердің экономикалық, валюталық және даму саясатын қолдап, үйлестіріп отыру. Басты органдары: Тұрақты мүшелер делегацияларының Кеңесі (министрлер деңгейінде), Атқару комитеті, Халықаралық хатшылық. ЭЫДҰ-ның арнайы ұйымдары: Энергетика жөніндегі халықаралық агенттік (International Energy Agency), Атом энергиясы агенттігі (Nuclear Energy Agency).

**ORGANISATION ZENTRALAMERIKANISCHER STAATEN; ODECA**, (Organización de Estados Centroamericanos), regionale internationale Organisation für wirtschaftliche, politische und kulturelle Zusammenarbeit und Abrüstung, der Costa Rica, El Salvador, Guatemala, Honduras, Nicaragua und (seit 1991) Panama angehören; gegründet 1951, Sitz: San Salvador.

**ОРТАЛЫҚ АМЕРИКА МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЙЫМЫ** (Organización de Estados Centroamericanos) – ОАМҰ, экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастық пен қарусыздану мақсатында 1951-ші жылы құрылған аймақтақ халықаралық ұйым. Мүше мемлекеттер: Коста Рика, Эль Сальвадор, Гватемала, Гондурас, Никарагуа және (1991-ші жылдан бері) Панама. Мекенжайы: Сан Сальвадор.

## P

**PACTA SUNT SERVANDA** (lat. pacta sunt servanda – Verträge müssen gehalten werden) – einer der Grundsätze des Völkerrechts, der die strenge und gewissenhafte Einhaltung der Verpflichtungen durch die Seiten proklamiert, die aus den völkerrechtlichen Verträgen erfolgen. Seine Verletzung führt zur völkerrechtlichen Verantwortung.

**ПАКТА СУНТ СЕРВАНДА** (лат. pacta sunt servanda – келісімшарттар орындалуға тиісті) – халықаралық келісімшарттардан туындайтын

міндеттемелердің қатаң да адал орындалуы қажеттігін паш ететін халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бірі. Осы шартты бұзу халықаралық-құқықтық жауапкершілікке соқтырады.

**ПАКТ, der** (лат. pactum – Abkommen, Vertrag) – ein bi – oder multilateraler völkerrechtlicher Vertrag, der solche Fragen regelt wie Gewährleistung gegenseitiger und kollektiver Sicherheit, gegenseitige Hilfe, Nichtangriffspakt u.a. oder Prinzipien und Normen festlegt, die grundlegende Bedeutung für konkrete Bereiche der Zusammenarbeit zwischen den Staaten haben.

**КЕЛІСІМ, ШАРТ, ПАКТ** (лат. pactum – келісім) – өзара және коллективтік қауіпсіздікті, өзара көмек пен шабуыл жасаспауды және басқа да сұрақтарды, сондай-ақ мемлекеттер ынтымақтастығының нақты салалары үшін маңызы үлкен қағидалар мен қалыптарын реттейтін өзара және көптарптық халықаралық шарттың атауы.

**PALÄSTINENSISCHE BEFREIUNGSORGANISATION** – (Palestine Liberation Organization) – PLO, wurde am 28.1964 gemäß dem Beschluß der 1.Sitzung der Staats – und Regierungschefs arabischer Länder zur Befreiung der durch Israel besetzten palästinensischen Gebiete gegründet.

**ПАЛЕСТИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ҰЙЫМЫ** – ПАҰ, Израиль жаулап алған Палестина аймақтарын азат ету мақсатында 28-ші мамыр 1964-ші жылы Араб елдерінің мемлекет және үкімет басшыларының бірінші кеңесінің шешіміне орай құрылған ұйым.

**PARAPHIERUNG, die** (franz. paraphe – abgekürzter Namenszug) – vorläufige Unterzeichnung eines Vertrags (oder seiner einzelnen Artikel) mit Initialen der bevollmächtigten Vertreter jeder den Vertrag abschließenden Seiten als Zeichen der Zustimmung dem Vertragswortlaut.

**ҚЫСҚАРТА ҚОЛ ҚОЮ** (фр. paraphe – қысқарта қол қою) – халықаралық шартқа (немесе оның бір баптарына) келісімге келуші тараптардың өкілетті уәкілдерінің осы шарт мәтініне келісетіндіктерін білдіріп, аттарының бастапқы әріптерін ғана көрсетіп қысқарта қол қоюы.

**PARITÄT, die** (lat. paritas – Gleichheit, Gleichsetzung, Gleichstellung) – es bedeutet die Verhandlungsführung bei gleichmäßiger Vertretung der Seiten auf der Grundlage der Gleichheit, die die Bereitschaft ihrer Teilnehmer zum Ausdruck bringt, gegenseitige Interessen gleich zu berücksichtigen und gleichermaßen akzeptable Verträge abzuschließen. Der Terminus «Parität» bedeutet auch die Gleichheit der Streitkräfte oder ihrer einzelnen Arten von zwei Ländern oder einer Ländergruppe.

**ТЕҢДЕСТІК, ПАРИТЕТ** (лат. paritas – теңдестік, тең қарым-қатынас, сай келушілік) – тараптардың теңдей өкілдерінің қатысуымен келіссөздерді сол өкілдердің өзара мүдделерін ескере отырып, екі жаққа да тиімді келісімді қабылдау, келіссөздерді тең құқылық негізінде жүргізуді білдіреді. «Паритет» деген ұғым екі немесе бір топ елдердің

қарулы күштерінің немесе қару-жарақтың кейбір түрлерінің тепендігін де білдіреді.

**PARLAMENTÄR, der** (franz. parlementaire – Unterhändler) – offizieller Vertreter einer den Krieg führenden Seite, der über entsprechende Vollmachten verfügt, mit dem Gegner im Gebiet der Kriegshandlungen Verhandlungen zu führen. Die Unantastbarkeit des Parlamentärs ist einer der ältesten und geehrtesten internationalen Bräuche.

**БІТІМГЕР, ПАРЛАМЕНТЕР** (фр. parlementaire – делдал) – соғыс жүріп жатқан аймақтарда қарсыласпен келіссөз жүргізуге жіберілген соғысушы жақтардың бірінің ерекше өкілеттігі бар ресми өкілі. Бітімгерге тиіспеу ертеден келе жатқан және арнайы құрметке ие болған халықаралық ғұрып.

**PARTNERSCHAFT FÜR DEN FRIEDEN** (Partnership for Peace, PfP) – Derzeit bestehen mit 26 Staaten Rahmendokumente über eine engere militärische und sicherheitspolitische Zusammenarbeit. Einen Sonderstatus haben Rußland (durch den 1997 geschaffenen NATO-Russland-Rat als ständiges Konsultationsforum) und die Ukraine (durch die 1997 unterzeichnete «Charta über besondere Partnerschaft»), welche die politische und militärische Zusammenarbeit über die im Rahmen der PfP und des EAPC hinaus erweitert).

**БЕЙБІТШІЛІК МАҚСАТЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК, БМС** (Partnership for Peace, PfP) – БМС ауқымында қазір 26 мемлекет әскери және қауіпсіздік, саяси ынтымақтастық туралы жалпы құжаттар қабылдады. Ресей (1997-ші жылы құрылған «НАТО – Ресей Кеңесі» негізінде тұрақты консультациялық форумы) мен Украинаның (саяси және әскери ынтымақтастық туралы 1997-ші жылы қол қойылған «Ерекше серіктестік туралы хартия» негізінде БМС және ЕАСО шеңберінде кеңейтілген) ерекше мәртебелері бар.

**PERSONA GRATA** (lat. persona grata – in hoher Gunst stehend) – ein diplomatischer Vertreter, für dessen Ernennung zum Leiter der diplomatischen Vertretung die Regierung des Empfängerstaates ihre Zustimmung gegeben hat.

**ПЕРСОНА ГРАТА** (лат. persona grata – жағымды тұлға) – қызметке тағайындалар мемлекеттің үкіметі дипломатиялық өкілдіктің басшысы ретінде қабылдауға рұқсат берген дипломатиялық өкіл.

**PERSONA NON GRATA** (lat. persone non grata – in Ungunst stehend) – diplomatischer Mitarbeiter einer diplomatischen Vertretung, der durch den Aufenthaltsstaat wegen der Einmischung in die inneren Angelegenheiten des Aufenthaltslandes, der Missachtung seiner Gesetze und Traditionen, des Missbrauches diplomatischer Vorrechte und Immunitäten als unerwünschte Person angesehen wird.

**ПЕРСОНА НОН ГРАТА** (лат. persona non grata – жағымсыз тұлға) – қызмет атқарып жүрген мемлекеттің елдің ішкі істеріне араласқаны, елдің заңдары мен әдет-ғұрыптарын сыйламағаны, дипломатиялық

артықшылықтар мен иммунитеттерін теріс пайдаланғаны үшін дипломатиялық өкілдіктің жағымсыз деп табылған дипломатиялық қызметкері.

**PIRATERIE, die** – völkerrechtliches Verbrechen, Gewalthandlungen gegen Schiffe oder Flugkörper wie Festnahme, Aufhalten oder Erbeutung auf offener See.

**ҚАРАҚШЫЛЫҚ, ТЕҢІЗ ҚАРАҚШЫЛЫҒЫ** – ашық теңізде кемелерді немесе ұшақтарды басып алу, тоқтату немесе тонау сияқты халықаралық мәнді қылмыс.

**PLEBESZIT, das** (lat. plebescitum, plebs – das einfache Volk und scitum – Entscheidung, Beschluß) – eine der Formen der Willensäußerung der Bevölkerung zu Fragen der Staatszugehörigkeit des Hoheitsgebietes oder eines Teils sowie für die Entscheidung bei Fragen bezüglich der Vereinigung zweier oder einiger Staaten in eine Konföderation oder Föderation.

**ПЛЕБЕСЦИТ** (лат. plebescitum, plebs – қарапайым халық, scitum – шешім, үкім) – бір аумақтың немесе оның бір бөлігінің мемлекеттік меншілігін немесе екі не бірнеше мемлекеттің конфедерация не федерация болып бірігуі сияқты сұрақтарды шешуде тұрғындардың ойын білу тәсілінің бір түрі.

**PRÄAMBEL, die** (franz. preambule – Vorspruch, Einleitung) – feierliche Einleitung bei völkerrechtlichen Verträgen, wo die den Vertrag abschließenden Parteien sowie Motive der Vertragsschließung, sein Zusammenwirken mit anderen Verträgen, mit Prinzipien und Normen des Völkerrechts dargelegt werden.

**КІРІСПЕ, ПРЕАМБУЛА** (фр. preambule – кіріспе сөз) – тараптардың аттары, шарт жасасу мақсаттары, оның халықаралық құқықтың басқа шарттарымен, олардың қағидаларымен және нормаларымен байланысы атап көрсетілетін халықаралық шарттың кіріспе бөлігі.

**PRÄFERENZ, die** (lat. praefereantia – Vorzug, Vorrang, Bevorzugung) – besondere Begünstigungen im handelswirtschaftlichen Bereich, die durch einen Staat einem anderen Staat oder einer Staatengruppe in Form von Zollerleichterungen oder durch Schaffung günstiger Bedingungen für Auftragsunterbringung, Zugang zum Kapitalmarkt gewährleistet werden.

**АРТЫҚШЫЛЫҚТАР, ЖЕҢІЛДІКТЕР, ПРЕФЕРЕНЦИЯ** (лат. praefereantia – басқалардан жоғарырақ бағалау) – бір мемлекеттің екінші бір мемлекетке немесе мемлекеттер тобына сауда-саттық және экономикалық байланыстарда кедендік баж салықтарын немесе тапсырыстарды орналастыруда, капитал нарығына енуде тиімді шарттар жасай отырып беретін арнайы артықшылықтары мен жеңілдіктері.

**PRÄROGATIV, das** (lat. praerogativus – Vorrecht), das Sondervorrecht, das einer staatlichen Behörde oder einer Amtsperson zugehört.

**ҚҰЗІРЕТ, ПРЕРОГАТИВА** (лат. praerogativus – бірінші болып сұралған, бірінші болып дауыс берген) – қандай да болмасын мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның үлесіндегі ерекше құқық.

**PRÄZEDENZFALL, der** (lat. praecedenc, praecedentis – das Vorgehende). Völkerrecht: Art und Weise der Lösung einer Frage internationaler Beziehungen, die bei anderen ähnlichen Fällen als Muster verwendet werden können. Die Präzedenzfälle üben einen bestimmten Einfluss auf die Formierung neuer Vertragsnormen und internationaler Bräuche aus.

**ПРЕЦЕДЕНТ** (лат. praecedens, praecedentis – алдыңғы, алдында жүретін) – халықаралық құқықта кейіннен осыған ұқсас жағдайды талқылағанда үлгі ретінде қарастыруға болатын халықаралық құқықтың бір мәселесін шешудің жолы мен құралы. Прецедент жағдайлары жана шарттық нормалар мен халықаралық дәстүрлердің қалыптасуына айтарлықтай ықпалын тигізеді.

**PRESSEKONFERENZ, die** – ein thematisches Treffen, Gespräch offizieller und gesellschaftlicher Persönlichkeiten, Vertreter der Wissenschaft und Kultur mit Korrespondenten von Massenmedien.

**БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ** – ресми қызметкерлердің, саяси және қоғам қайраткерлерінің, ғылым мен мәдениет саласы өкілдерінің бұқаралық ақпарат құралдары тілшілерімен кездесіп, әңгімелесуі.

**PRINZIP DER GLEICHHEIT UND GLEICHER SICHERHEIT** – das grundlegende Prinzip der Einschränkung und Reduzierung von Atomwaffen, das die Gewährung einseitiger Vorteile einer der Seiten ausschließt.

**ТЕҢДІК ЖӘНЕ ТАРАПТАРҒА БІРДЕЙ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАСЫ** – ядролық қаруларды шектеу және тыйым салу мәселесін реттеу барысында қандай болмасын бір тарапқа біржақты артықшылықтар беру мүмкіндігіне жол бермейтін негізгі қағида.

**PRINZIP DER MEISTBEGÜNSTIGUNGEN** – Völkerrechtsprinzip, nach dem sich jede der Vertragsseiten verpflichtet, der anderen Seite, ihren physischen und juristischen Personen begünstigte handelswirtschaftliche und andere Begingungen zu gewähren. Es sieht Zollbegünstigungen sowie Privilegien bezüglich der Inlandssteuern und Abgaben vor, mit denen Herstellung, Verarbeitung und Umsatz der zu importierenden Waren besteuert werden.

**БАРЫНША ТИІМДІ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ ТӘРТІБІ** – шарт жасасушы жақтардың қарсы жаққа, оның жеке және заңды тұлғаларына экономикалық, сауда және де басқа жеңілдіктер беру туралы халықаралық-құқықтық тәртіп. Осы тәртіп кедендік жеңілдіктер жасауды, сонымен қатар шетелдік тауарлар өндіруге, өндеуге және таратуға салынатын елдегі салықтар мен жиналымдарға жеңілдіктер беруді көздейді.

**PRINZIPIEN DER ATOMAREN ABRÜSTUNG** – 3 Prinzipien der Politik von Japan, die die Verpflichtung dieses Landes proklamieren, die Atomwaffen nicht zu produzieren, sie nicht zu besitzen und nicht einzuführen.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДЫҚТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ** – елдің ядролық қаруды өндіремеуге, ие болмауға және оларды елге әкелмеуге міндеттенген Жапония елі саясатының үш қағидасы.

**PRIVILEGIEN (VORRECHTE) UND IMMUNITÄTEN INTERNATIONALER ORGANISATIONEN** – besondere Rechte und rechtliche Sonderstellungen, die internationalen Regierungsorganisationen, ihrem Personal sowie Vertretungen von Mitgliedstaaten dieser Organisationen und deren Mitarbeitern im Hoheitsgebiet des Aufenthaltsstaates gewährt werden.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ИММУНИТЕТТЕРІ** – халықаралық үкіметаралық ұйымдарға, олардың қызметкерлеріне, сондай-ақ осы ұйымдардың жанындағы мемлекет өкілдіктері мен қызметкерлеріне орналасқан мемлекет аумағы көлемінде берілетін айрықша құқықтар мен артықшылықтар.

**PROLONGATION, die** (lat. prolongare – verlängern) – Verlängerung der Geltungsdauer eines völkerrechtlichen Vertrags.

**ҰЗARTY, ПРОЛОНГАЦИЯ** (лат. prolongare – созу, ұзарту) – халықаралық шарттың қолданыс мерзімін ұзарту, созу.

**PROMULGATION, die** (lat. promulgatio – öffentliche Bekanntgabe) – Verkündung eines völkerrechtlichen Vertrags innerhalb des Landes, in der Regel durch Veröffentlichung.

**ЖАРИЯЛАУ, ПРОМУЛЬГАЦИЯ** (лат. promulgatio – ашық, көпшілік алдында жариялау) – халықаралық шартты ел ішінде, әдетте баспасөз құралдары арқылы жұртшылыққа жариялау.

**PROTEKTIONISMUS, der** (lat. protectio – Deckung, Schutz) – System von Maßnahmen, die durch den Staat zum Schutz seiner nationalen Wirtschaft vor der ausländischen Konkurrenz getroffen werden.

**КӨЗ БОЛУ, ПРОТЕКЦИОНИЗМ** (лат. protectio – таса, баспана, қорғаныш) – өзінің ұлттық экономикасын шетелдік бәсекеден қорғау мақсатында іске асырылатын мемлекет шараларының жүйесі.

**PROTEKTORAT, das** (lat. protector – Schutzherrschaft, Verteidiger) – eine der Formen der Abhängigkeit, wo ein Staat einem fremden Staat Führung seiner auswärtigen Angelegenheiten und militärischen Schutz seines Hoheitsgebiets anvertraut.

**ҚАМҚОРСЫМАҚ, ПРОТЕКТОРАТ** (лат. protector – қорғаушы, қамқоршы) – бір мемлекеттің өз сыртқы істерін жүргізу және аумағын қорғау мәселелерін екінші бір мемлекетке тапсыру сияқты тәуелділігінің бір нысаны.

**PROTOKOLL, das** – eine der Bezeichnungen der völkerrechtlichen Verträge. Wichtige multi – und bilaterale Abkommen können in Form eines Protokolls geschlossen werden. Besonders oft trifft man Protokolle als Anhang zum Hauptvertragswerk, das es ergänzt, ändert oder seine Gültigkeit einschränkt.

**ХАТТАМА, ПРОТОКОЛ** – халықаралық шарттар атауының бірі. Маңызды көптарапты және қостарапты келісімдер хаттама нысанында жасалуы мүмкін. Негізгі шартқа қосымша ретінде толықтырулар, өзгерістер енгізу немесе оның қағидаларына шек қою туралы хаттамалар көбірек ездеседі.

## R

**RASSISMUS, der** – Gesamtheit von Theorien und Praxis, die auf einer falschen wissenschaftlichen und reaktionären Lehre von der physischen und psychologischen Überlegenheit der Menschen einer bestimmten Rasse gegen andere begründet ist. Der Rassismus widerspricht in allen seinen Erscheinungsformen allen allgemein angenommenen völkerrechtlichen Prinzipien und Normen. Nach Beschluß der UNO wird jedes Jahr am 21. März Tag des Kampfes gegen Rassismus begangen.

**НӘСІЛШІЛДІК, РАСИЗМ** – белгілі бір нәсіл адамдарының дене және психологиялық артықшылығын уағыздауға бағытталған, жалған ғылыми кертартия ұғымға негізделген идеология мен практика. Нәсілшілдіктің қандай түрі болмасын жалпы қабылданған халықаралық қағидалар мен нормаларға қайшы келеді. БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен жыл сайын 21-ші наурыз нәсілшілдікке қарсы күрес күні болып аталып өтіледі.

**RAT DER EUROPÄISCHEN UNION** – auch EU-Ministerrat genannt. Gründung: Mit Inkrafttreten des sogenannten Fusionsvertrags am 01.07.1967, seit Inkrafttreten des EU-Vertrags 1993: Rat der EU. Aufgaben: der Rat besitzt Entscheidungs – und Rechtsetzungsbefugnis. Zugleich ist er das Organ, in dem die Vertreter der Regierungen der Mitgliedstaaten ihre Interessen geltend machen können. Der Rat der EU sorgt für die Abstimmung der Wirtschaftspolitiken der Mitgliedstaaten und trägt für ein einheitliches, kohärentes und wirksames Vorgehen der Union Sorge.

**ЕУРОПА ОДАҒЫ КЕҢЕСІ, ЕОК** – ЕО Министрлерінің Кеңесі деп те аталады. 1967-ші жылғы 1-ші шілдеде қабылданған Бірігу шарты деп аталатын шарттың негізінде құрылды. 1993-ші жылы ЕО туралы шарт күшіне енгеннен бастап ЕО Кеңесі деп аталады. Кеңестің шешім қабылдау және заң шығару құқығы бар. Сонымен бірге бұл орган мүше елдер үкіметтерінің өкілдері өз мүдделерін білдіре алатын орган болып табылады. ЕО Кеңесі мүше елдердің экономикалық саясатын үйлестіріп, Одақтың бірыңғай, біркелкі және пәрменді қимылдары үшін жауап береді.

**RATIFIKATION, die; RATIFIZIERUNG, die** (lat. ratus – beschlossen, bestätigt und facere – machen) – Bestätigung durch das höchste Staatsorgan eines im Namen dieses Staates oder seiner Regierung durch einen bevollmächtigten Vertreter unterschriebenen völkerrechtlichen Vertrags.

**БЕКІТУ, РАТИФИКАЦИЯЛАУ** (лат. ratus – шешім қабылданған, бекітілген, facere – орындау) – мемлекеттік биліктің жоғары органының осы мемлекет немесе үкіметі атынан толық құқылы өкілі қол қойған халықаралық шартты бекітуі.

**REBUS SIC STANTIBUS** (lat. rebus sic stantibus – Unveränderlichkeit der Umstände) – Klausel, die einen Völkerrechtsbrauch ausdrückt, dem zufolge eine grundlegende Veränderung der Umstände im Vergleich zu den im Unterzeichnungsmoment eines völkerrechtlichen Vertrags bestehenden Umständen als Grund zur Vertragskündigung oder zum Austritt aus dem Vertrag dienen kann.

**РЕБУС СИК СТАНТИБУС** (лат. rebus sic stantibus – жағдайлардың өзгермеуі) – шарт жасасқан кезбен салыстырғанда жағдайлардың күрт өзгеріп кетуіне байланысты халықаралық-құқықтық ғұрыпқа сай осы шарттың күшін жоюға немесе одан шығуға негіз беретін заң бабы.

**RECHTSHILFEERSUCHUNG, die** – Bitte eines Staates an das Gericht eines anderen Staates um Erlaubnis, im Hoheitsgebiet dieses Staates einzelne Gerichtsverfahren durchzuführen (Aushändigung der Unterlagen, Durchführung von sachkundigen Untersuchungen, Befragung der Zeugen und der Seiten u.a.).

**СОТТЫҚ ТАПСЫРЫСТАР** – мемлекеттің екінші бір мемлекеттің сотына сол ел аумағындағы кейбір процессуалдық істерді атқару туралы өтініші (құжаттар тапсыру, экспертиза жасау, куәлардан жауап алу, тараптардың ойын білу, т.т.).

**RECHTSNACHFOLGE DER STAATEN** – Übergang der Rechte und Verpflichtungen eines Staates auf den anderen. Die Rechtsnachfolge kann unter anderem bezüglich völkerrechtlicher Verträge, staatlichen Eigentums, Archive und Schulden vollzogen werden.

**МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МҰРАГЕРЛІГІ** – бір мемлекеттің құқықтары мен мұрагерлігінің екінші бір мемлекетке өтуі. Құқықтық мұрагерлік халықаралық шарттар, мемлекеттік меншік, мұрағаттар мен қарыздарды да қамти алады.

**REDUZIERUNG DES RÜSTUNGSHAUSHALES / -AUSGABEN** – ein wichtiges Mittel der Rüstungseinschränkung und Abrüstung, Freigabe der Geldressourcen für friedliche Entwicklung.

**ӘСКЕРИ БЮДЖЕТТІ (ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ) ҚЫСҚАРТУ** – қару-жарақты азайтудың және қарусыздандудың маңызды құралы, бейбіт даму мақсатына қаржыны көптеп бөлуге мүмкіндік береді.

**REGIONALABKOMMEN, das** – multilaterale völkerrechtliche Verträge, deren Mitgliedstaaten aus einem geographischen Raum sind und die Ausweitung der Zusammenarbeit in dieser Region anstreben.

**АЙМАҚТЫҚ КЕЛІСІМДЕР** – бір географиялық ауданда орналасқан мемлекеттердің осы ауданда ынтымақтастық орнату мақсатында жасасқан көптарптық халықаралық шарттары.

**REGISTRIERUNG VÖLKERRECHTLICHER VERTRÄGE** – Aufnahme eines völkerrechtlichen Vertrags auf die Sonderliste, die durch eine internationale Regierungsorganisation geführt wird.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ ТІРКЕУ** – халықаралық шартты халықаралық үкіметаралық ұйымдардың жүргізетін арнайы тізіміне енгізу.

**REGIERUNGSCHEF, der** – eine Amtsperson, die die Tätigkeit der Regierung leitet und berechtigt ist, diplomatische und andere offizielle Vertreter anderer Länder zu empfangen, mit ihnen Verhandlungen zu führen, an internationalen Konferenzen teilzunehmen, ohne besondere Vollmachten Verträge und Abkommen zu unterschreiben.

**ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ** – үкіметтің қызметіне басшылық жасайтын лауазымды тұлға. Үкімет басшысы басқа елдердің дипломатиялық және басқа да ресми адамдарын қабылдап, олармен келіссөздер жүргізуге, халықаралық конференцияларға қатысып, келісімшарттар мен келісімдерге арнайы рұқсатсыз-ақ қол қоюға өкілетті.

**REISEPASS, der** – ein Zeugnis, das eine Person und ihre Staatsangehörigkeit ausweist, die dienstlich oder persönlich ins Ausland fährt. Der Reisepass wird durch das Auswärtige Amt oder das Ministerium fürs Innere ausgestellt.

**ШЕТЕЛДІК ТӨЛҚҰЖАТ** – шетелге қызмет бабымен немесе жеке шаруасымен шығатын азаматтарға Сыртқы істер министрлігі немесе Ішкі істер министрлігі беретін, жеке басы мен азаматтығын куәландыратын құжат.

**REMILITARISIERUNG DER GEBIETE** – Wiederaufbau militärischer Einrichtungen und Befestigungen durch den Staat, Stationierung der Streitkräfte, Durchführung anderer Maßnahmen militärischer und militärisch-wirtschaftlicher Art auf dem entmilitarisierten Gebiet.

**АУМАҚТЫ ҚАЙТАДАН ҚАРУЛАНДЫРУ** – мемлекеттің қарусыздандырылған аудандағы әскери құрылыстар мен бекіністерді қайтадан салып, қарулы күштерді орналастыруы, басқа да әскери және әскери-экономикалық сипаттағы шараларды іске асыруы.

**REPARATION, die** (lat. reparatio-Wiederherstellung) – eine Form der materiellen Verantwortung des Völkerrechtssubjekts für den Schaden, der infolge seiner Rechtsverletzung einem anderen Völkerrechtssubjekt zugefügt worden war.

**ШЫҒЫНЫН ҚАЙТАРУ; ҚҰНЫН ТӨЛЕУ; РЕПАРАЦИЯ;** (лат. *reparatio* – орнына келтіру) – халықаралық құқықты бұзудың салдарынан халықаралық құқық субъектісінің екінші халықаралық құқық субъектісіне тигізген шығындарын өтеу материалдық жауапкершілігінің бір нысаны.

**REPATRIERUNG, die** (лат. *repatriatio* – Rückkehr) – Rückführung von Personen, die sich aus verschiedenen Gründen im Hoheitsgebiet fremder Staaten aufhielten, in ihre Heimat, wo sie ständig lebten und dessen Staatsangehörigkeit sie haben.

**РЕПАТРИАЦИЯ, ОРАЛУ** (лат. *repatriatio* – қайта оралу) – әртүрлі себептермен басқа бір мемлекеттің аумағына барып қалған адамдардың тұрақты өздерінің өмір сүретін немесе азаматтығы бар туған еліне қайтып оралуы.

**REPRESSALIE, die** (лат. *repressaliae* – aufhalten, festhalten) – rechtmäßige Vergeltungsmaßnahme des Staates gegen völkerrechtswidrige Handlungen eines anderen Staates, durch die dem ersten Staat moralischer oder materieller Schaden zugefügt worden war.

**МӘЖБҮРЛЕУ; МӘЖБҮР ЕТУ; РЕПРЕССАЛИЯЛАУ** (лат. *repressaliae* – күштеп ұстау, кідірту) – халықаралық құқықты бұза отырып, елге рухани және материалдық зиян тигізетін басқа бір мемлекеттің әрекеттеріне жауап ретінде мемлекеттің іске асырар күшпен мәжбүрлеу әрекеті.

**RESOLUTION, die** (лат. *resolutio* – Beschluss, Entscheidung) – eine Entscheidung empfehlenden Charakters, die in einer internationalen Konferenz oder durch das Organ einer internationalen Regierungsorganisation getroffen wird.

**ҚАРАР, РЕЗОЛЮЦИЯ** (лат. *resolutio* – шешім) – халықаралық мәслихаттың немесе халықаралық үкіметаралық ұйымдары органдарының қабылдаған шешімдерінің бір түрі, әдетте ұсыныстық сипатта болады.

**RESTITUTION, die** (лат. *restitutio* – Wiederherstellung der alten Lage oder des früheren Zustandes) – eine der Formen materieller Verantwortung der Völkerrechtssubjekte zur materiellen Schadensersatzleistung infolge ihrer gesetzwidrigen Handlungen.

**ӨТЕМҚҰН; РЕСТИТУЦИЯ** (лат. *restitutio* – бұрынғы жағдайды қалпына келтіру) – заңсыз іс-әрекеттердің салдарынан келтірілген материалдық зиянның орнын толтыруды білдіретін халықаралық құқық субъектісінің материалдық жауапкершілігінің бір нысаны.

**RETORSION, die** (лат. *retorsio* – Zurückdrehung) – die mit dem Einsatz der Streitkräfte nicht verbundenen, nicht rechtswidrigen Vergeltungsmaßnahmen eines Staates gegen die ihm moralischen und materiellen Schaden zufügenden, unfreundlichen, aber die Normen des Völkerrechts nicht verletzenden Handlungen eines fremden Staates.

**ҚАРЫМТА; РЕТОРСИЯ** (лат. *retorsio* – кері әсері) – басқа мемлекеттің қас әрекеттердің салдарынан өзіне тиген рухани және материалдық зиянға жауап ретінде халықаралық құқық нормасын бұзбай, қарулы күштерін қолданбай-ақ іске асырар мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары.

**RINDERWAHNSINN, BSE (Bovine Spongiforme Enzephalopathie)** – Hirnkrankheit, die erstmals 1986 bei Rindern in Großbritannien entdeckt, führt bei den Menschen zu den unheilbaren und tödlich verlaufenden neurologischen Erkrankungen. In Anbetracht dieser großen Gefahr wurden in europäischen Ländern umfassende Maßnahmen zum Schutz der Verbraucher und zur Verhinderung einer Ausbreitung von BSE getroffen.

**ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ҚОЯНШЫҚ АУРУЫ (Bovine Spongiforme Enzephalopathie), БСЭ** – алғашқы рет 1986-шы жылы Ұлыбританияда байқалған ірі қара малдың ми ауруы. Адамдарға жұқса, емге көнбейтін және өлімге соқтыратын нерв жүйесінің кеселі. Тұтынушыларды осы аса қатерлі кеселден қорғау және БСЭ ауруының тарауына тосқауыл қою мақсатында Еуропа елдері кең көлемді сақтық шараларын жүзеге асыруда.

## S

**SANITÄTSKONVENTION, die** – völkerrechtliche Verträge, die Durchführung von Sanitätskontrollen, d.i. von Sanitätsquarantänen u.a. Maßnahmen gegen die Ausbreitung von akutinfektiösen (epidemischen) Krankheiten vorsehen.

**ТАЗАЛЫҚ (САНИТАРЛЫҚ) КОНВЕНЦИЯСЫ** – тазалықты бақылау яғни тазалық – карантин және де басқа аса жұқпалы (эпидемиялық) аурулар тарауына қарсы күрес жүргізу шараларын қарастыратын халықаралық шарттар.

**SANKTION, die** (лат. *sanctio* – Strafandrohung) – bedeutet: 1) Bezeichnung eines strukturellen Elements der Völkerrechtsnormen; 2) zwingende Maßnahmen gemäß der UNO-Charta; 3) Form der völkerrechtlichen Verantwortung; 4) Retorsionen und Repressalien.

**ТҒЫЙМ ШЕШІМДЕР, САНКЦИЯЛАР** (лат. *sanctio* – қатаң шешім, ұйғарым) – 1) халықаралық құқық нормаларының құрылымдық элементтерінің бірін; 2) БҰҰ Жарғысы бойынша мәжбүрлеу шараларын; 3) халықаралық-құқықтық жауапкершілік түрлерінің бірін; 4) қарымта мен мәжбүрлеу әрекеттерін білдіру үшін қолданылатын ұғым.

**SATZUNG (CHARTA) DER INTERNATIONALEN ORGANISATION** – ein Dokument, das Ziele, Prinzipien, Funktionierungen – und Organisationsformen der Tätigkeit sowie Mitgliedschaftbedingungen und Finanzierung einer internationalen Organisation festlegt.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЖАРҒЫСЫ** – халықаралық ұйымның мақсаттарын, қызметін іске асыру және ұйымдастыру түрлерін, сонымен қатар мүшелік пен қаржыландыру шарттарын анықтап – белгілейтін құжат.

**SCHATTENKABINETT, das** (engl. shadow cabinet) – Parlamentskabinet der führenden Oppositionspartei Großbritanniens. Nach der Verfassung des Landes bildet der Vorsitzende der in den Parlamentswahlen gewonnenen Partei die Regierung. Die nach der Zahl zweitgrößte Parlamentspartei wird zur «offiziellen Opposition Ihrer Hoheit». Aus den Mitgliedern der oppositionellen Parteifraktion wird das «Schattenkabinet» gebildet.

**«КӨЛЕҢКЕДЕГІ КАБИНЕТ»** (ағыл. shadow cabinet) – Ұлыбританияның басты оппозициялық партиясының парламенттік комитеті. Елдің конституциясына байланысты парламенттік сайлауда көп дауыс алған партияның басшысы үкімет құрады. Ал дауыс бойынша екінші орындағы партия парламентте «Ұлы мәртебелінің ресми оппозициясы» болады. Оппозициядағы партияның парламенттік фракциясы мүшелерінен «Көлеңкедегі кабинет» құрылады.

